

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

«Педагогикалық технологиялар» институты
«Биология және география» кафедрасы

ДЖОНОВА З.З.

**МАҢҒЫСТАУ АЙМАҒЫНДА - ТУРИЗМДІ ДАМУ
ЖОЛДАРЫ.**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ.

Ақтау - 2011

УДК 349.8(075.8)
Б.Б.К. 75.81 73 М19

Маңғыстау аймағында - туризмді дамыту жолдары : Оқу құралын құрастырған
З.З Джонова.

Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ,2011-95бет

Рецензенттер:

професор,б.ғ.д-Тоғызаев Р.К.

профессор,б.ғ.д-Демисинов Б.Ж.

доцент, б.ғ.к-Сағындыкова Э.У.

ISBN 978-601-7276-57-7

Оқу әдістемелік құралды құрастырған: аға оқытушы: Джонова З.З.

050116- «География», 050702-«Туризм» мамандықтарына арналған. Ақтау –
2011.-100 бет.

Бұл оқу құралында аймақтағы халықтың денсаулығы, салауатты өмір сүруіне негізделіп алынған негізгі мәселелері қамтылған. Жаңа жетік әдістердің түрлі бағыттарын көрсете білген. Маңғыстау аймағының түрлі мәселелері және туризмі қарастырылған, тарихи – мәдени ескерткіштері, ғибадатханалар, қамалдары туралы жан-жақты мәліметтер берілген. Қазіргі уақытта Маңғыстау ескерткіштері сан ғасырлық тарихымен, өзіндік айрықша әлемде ұқсастығы жоқ кейбір ескерткіштерімен «ғылыми» - орталық назарын өзіне аударып отыр.

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженерг университетінің шешімімен баспаға ұсынылған.

©Каспий мемлекеттік технологиялар
және инженерг университеті, 2011ж.

Алғы сөз

Халықтың демалысын ұйымдастыру және рекреациондық аудандар елді мекендерде мәдени мекемелер, демалыс базалары жұмыс істейді. Мысалға: Маңғыстау аймағында теңіз жағалауы базалар, балалар демалатын лагерлер т.б. бар. Олар адамның тұрмыс тіршілігіне, демалуына, рухани өсіп толысуына жағдай жасайды. Мұның барлығы халықтың еңбегінің нәтижелі болуына әсер етеді.

Қазақстан жерінде халықтың демалуына қолайлы көрікті жерлер, айдынды өзендер мен көлдер минералды бұлақтар, емдік қасиеті бар батпақтар көп, сол секілді ыстық жер асты суының құрамында емдік тұздар бар.

Алмаарасан, Бурабай, Көкшетау, Баянауыл, Сарыағаш, Қапаларасан, Мойылды, Барлықарасан т.б. жатады. Бүгінгі таңда халықтың демалысын ұйымдастыруда туризмнің ролі ерекше. Демек, туризмнің барлық түрі Қазақстанда бар.

Туризм және өлкетану, елтану пәндері – тек теориялық білім беріп қана қоймай, студенттер оқиғанын көзбен көретін, табиғи заңдылықтарды ұғындыратын бірден – бір ғажайып пән.

Әр тарихи ескерткіш мұралардың өзіндік тарихи мазмұнымен қоса ұрпақ тәрбиесіне берер тәлімдік мұрасы бар екені ғылыми талдауда айқындалды.

«Маңғыстау аймағында - туризмді дамыту жолдары» оқу құралының алдында тұрған міндеттері: оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастыру формаларын жетілдіру. Оқыту әдістерін негіздеу үшін оқу процесін, мұғалім мен студент әрекетінің өзара байланысын терең зерттеу қажет. Осындай мәселелерді шешу мақсатында осы оқу құралын ұсынып отырмыз.

Кіріспе.

Туризм және өлкетану негіздері, Елтану географиясы дербес тарау ретінде қалыптасып, қазіргі таңда экономикалық география пәндерінің жеке салалары физикалық-география, қызмет көрсетудің салалары, оның әлеуметтік экономикалық заңдылықтарын оқып-үйрену рекреациялық географияның зерттелу тарихы мәселелерін қарастырады. Оқытудың жалпы теориясын дамыту түрлері оқыту процесінің заңдылықтары, әдістері, өлкетанушылар, қазақтың ұлан-байтақ жерінің тарихи аңыздары, сыры ашылмаған жәдігерлерге, бойында тарих тұнған ескерткіштерге, қысқасы тарихи-мәдени мұраларға өте бай.

Мұндай бір тылсым дүниелерді бір кітаппен немесе ғылымның бір түрімен жазып, анықтау мүмкін емес. Қолжетпес мұралар, рухани байлықтарымызды әрі қарай зерттеу болашақ ұрпақтың еншісінде екендігін айтып кетуіміз керек.

Ғасырдың-ғасырға жалғасқан, анадан-балаға мұра болып келе жатқан тарихи ескерткіш мұраларды жер бетіндегі ашық музейлер деп атауға болады. ендеше, халқымыздың ұлттық мұраларға деген сүйіспеншілігі мол болғай!

Бұл ескерткіштер – халықтың өркениеті болғанын көрсететін тарихи дерек.

Тарихи-мәдени ескерткіштер халық тарихының ерекше бейнесі. Тарихи даму мен өркениет прогресінің жолдарын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Демек, Маңғыстау аймағындағы ескерткіштердің барлығыда аса құнды дерек көздері болып табылады. Сондықтан халықтың өткені мәдени-тарихи ескерткіштердің туризм үшін маңыздылығы күшті.

Туризм - бұл экожүйе тұтастығын бұзбау мақсатымен қаз қалпында сақталған табиғат орындарына саяхат жасау, осы аумақтағы табиғи және мәдени - этнографиялық ерекшеліктер туралы мағлұмат, түсініктер алу. Сол аймақтағы табиғатты қорғау және экотуризмді дамыту жергілікті тұрғындардың тұрмыс жағдайын түзетуге де игі ықпал етеді.

I – тарау Маңғыстау аймағында туризмді дамыту.

Туризм – демалу мақсатында, іскерлік және өзге мақсаттарда қатарынан бір жылдан аспайтын кезең ішінде саяхаттайтын және әдеттегі ортасынан тыс жерде орналасқан орындарда болуды жүзеге асыратын адамдар қызметі.

Туризм тарихы ертеден басталады. Ол XIX ғасырдың аяғында пайда болып, осы қалпында қалыптасты. Қоғамдық қарым – қатынас пен техника және технологияның қарқынды даму кезеңінде XX ғасырдың 2-ші жартысында туризм гүлдене дами түсті. Бүгін де туризм ірі капиталдарды, негізгі қаражаттарды және еңбек ресурсының ауқымды бөлігін іске қосқан, әлемдік валдық өнімнің 11 пайызына дейін орын алып отырған ірі әлемдік сала. Бұл жаһандау деңгейдегі салмақты саясат, үлкен ақша және ірі бизнес болып саналады.

Туризм үш ең ірі экспорттық салалардың құрамына автомобиль жасау және мұнай өндіру өнеркәсібінен кейін енеді. Туризм өз кезегінде әлемдік шаруашылықтың ең қарқынды және өз шығынын өзі өтей алатын түрі болып саналады. Франция, Испания, Грекия, Туркия, Венгрия және Египет елдерінде туризм мемлекет бюджетіне үлкен кіріс кіргізетін негізгі экономиканың саласы болып табылады.

Егеменді Қазақстанда да туризмнің дамуына мемлекет экономикасы мен қоғамында дәрежесін көтеруге көңіл бөлуде. Әлемдік нарықта Қазақстанның тур өнімдерінің қозғалысына әсер ететін туризм индустриясының дамуына және бұл мәселелерді қалыптастыру жөніндегі зерттеулер, сонымен қатар 1992 жылдан бері көптеген заңдар енгізілді. Қазақстанның қазіргі экономикасында туризм рөлі үздіксіз өсуде. Тек соңғы 2003 жылы елімізге келген туристер саны 229014 адамды құрайды. Өкінішке орай, Қазақстанда туризм саласының әлі де тиімсіздеу екенін айта кетуге тиіспіз. Шығу туризмі бойынша қызмет көрсетілген туристердің жалпы адам саны 94692 адамды құрайды. Ішкі туризм 98332 адам көлемінде. Ең төменгі көрсеткішті келу туризмі құрайды, ондағы адам саны 44990. Бұны пайыз тұрғысынан қарасақ, шығу туризмі 48% тең, ал келу туризмі тек 19% ғана көтеріледі. Шығу және келу туризмінің арасында үлкен айырмашылық бар екенін сандар көрсетіп отыр, бұл Қазақстанда келу туризмнің дамытудың қажеттілігін білдіреді.

Осы таңда Қазақстан Республикасында туризм индустриясының өркендету жөніндегі үлкен проблема туып отыр. Туризм саласы және жүйесі әлі қалыптаспаған кезде бүгін индустрия туралы не айтуға болады? Қоғам бұл мәселені айтып, жоғары деңгейге дейін сұрақ көтеруі тиіс.

Осы заманғы туризм индустриалды формасы бар, ұлттық экономиканың дамуының негізгі катализаторы болып табылатын, жаңа жұмыс орнын пайда болдыратын, ұлттық кірістің өсуіне әсер ететін, жергілікті халықтың тұрмысын көтеретін экономикалық құбылыс. Туризм саласында алдыңғы қатардағы шетелдің туризм индустриясын мысалға алсақ, оған салынған инвестициялардың тез өзін өзі қамтуының ең жоғарғы тиімділігін көреміз. Бұл дегеніңіз, туризм өзі жетілген мемлекеттің экономикасына оң ықпалын тигізеді деген сөз.

Қазақстан аумағында туризмнің барлық түрін дамытуға мүмкіндіктер бар. Бастауы б.з.д. үшінші мың жылдықтан алатын Ұлы Жібек жолының пайда болуы мен дамуы тарихи негіз болып табылады. Қазақстан рекреациялық ресурстарға, ерекше әсем табиғи ескерткіштерге бай және қазақ даласында ата-бабамыздан келе жатқан баға жетпес құнды мәдени мұралары да шексіз. Айтарлықтай туристік-ресурстық потенциалы, түрлі табиғи ортасы және жануарлар әлемі бай елдің экологиялық туризмді дамытуға үлкен мүмкіншілігі бар. Экотуризмнің дамуы республикадағы барлық табиғи-шаруашылық кешенінің дамуына, сонымен қатар, елдің әлеуметтік-экономикалық басты мақсаты тұрғындарды салауатты өмір сүру үшін қоршаған ортаның жақсы жағдайда болуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін, туризм басқа да экономикалық салалар секілді жоғарыдан қатты шектеулі болатын. Толықтай тарихи архетиктуралық, археологиялық, мәдени және табиғи көз тартар ескерткіштері жарнамаланбады және керек болмады. Кеңес одағы кезінде Қазақстанда туризмнің жоғары рөліне қарамай, идеологиялық қызмет атқаратын, мәдени-таныту жұмыстары жүйесінің бір ғана элементі болып, экономикалық маңызы жоқ болып келді. Қазақстан туризм индустриясының дұрыс дамымауының бір себебі, онымен мемлекеттік дәрежеде, экономиканың бір саласы ретінде мақсатты түрде ешкім де айналыспады.

Бірақ қазіргі таңда, нақ осы сәтте Қазақстан Республикасында 713 туристік фирмалар мен агенттіктер жұмыс істейді. 2004 жылдың басынан 107,2 мың туристер мен экскурсанттарға қызмет көрсетілген. Бұл қызметтен кіріс 1 млрд. 156,8 млн. теңгені құрай отырып, өткен жылмен салыстырғанда 1,6 есеге көбейген.

Қазақстандықтардың көп баратын шет мемлекеттері Қытай–30105 адам, Туркия–21682 адам, Германия–11736 адам, БАӘ–5465 адам, Литва–2879 адам, Тайланд–1759 адам, Франция–1420 адам Египет –1046адам елдері болып табылады.

Туризм - бұл экожүйе тұтастығын бұзбау мақсатымен қаз қалпында сақталған табиғат орындарына саяхат жасау, осы аумақтағы табиғи және мәдени - этнографиялық ерекшеліктер туралы мағлұмат, түсініктер алу. Сол аймақтағы табиғатты қорғау және экотуризмді дамыту жергілікті тұрғындардың тұрмыс жағдайын түзетуге де игі ықпал етеді. Экологиялық туризм ұғымы, басты мақсаты туристердің экологиялық мәдениетін қалыптастыруды, табиғатқа үйірсектігін, оны қорғау қажеттілігін танып білуін айқындауға тиіс. Экологиялық туризм қолда бар табиғат теңгерімін сақтауға және табиғаттық- бағдарда тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

ДТҰ Бас Ассамблеясында 1980 жылы бекітілген Декларацияның 21 бабында: «Туризм практикасында рухани элементтер техникалық және материалдықтан жоғары басымрақ болуға тиіс» делінген. Әлемдік практикада «орнықты даму» терминінің пайда болуымен экологиялық туризмді, табиғи және мәдени ресурстарды пайдаланудың экологиялық қауіпсіз тәсілі ретінде туризмнің орнықты даму нысаны

деп атауға толық хақымыз бар. Осынау объектілерді танымдық, білімдік, ғылыми және өзгеде мақсаттарға пайдалануға бағытталған, экотуризмнің табиғат аумақтарымен, тарихи, мәдени, объектілерімен байланысы экологиялық туризмнің алуан түрлігіне ықпал етеді. Танымдық бағытта - туристтерді өте қызғылықты табиғат аумақтарымен, флора мен фауна өкілдерімен, өзіне тән және бірегей ландшафтармен, қоршаған жерге үйлесім тапқан өткен кезеңнің материалдық мәдениеті мен тарихының ескерткіштерімен таныстыру кіреді. Туризмнің танымдық қызмет аясын қамтамасыз етудің басты құралы: табиғаттағы маршруттарды білім ағарту мақсатына арналған мейілінше мамандандырылған экологиялық сүрлеу жолдары болып табылады. Мұнда туристер тек қана биологиялық және ландшафтық алуан түрлілікпен танысып қана қоймай, сонымен қатар оларды қорғау қажеттілігін толық дәрежеде ұғынады. Танымдық бағыт жаяу туризм нысанында ғана емес, сонымен бірге автомобиль (керуен) маршруттары, суда жүзу салдары, әуе шарымен көтерілу, атпен және түйемен жүріп өту кезеңдері кіргізіліп жүзеге асырылуы мүмкін.

Ғылыми бағыт - флора мен фаунаның құрып кету қаупі төнген сирек кездесетін өкілдері олардың өмір сүру салты мен мінез - құлқы туралы қажетті іскерлік және ғылыми ақпарат алуға байланысты экотуризмнің айырықша нысаны. Осы бағытқа, табиғат аумағына бастап алып жүретін, халықаралық кеңестердің, семинарлар мен конгрестердің тақырыбын табиғатпен өзіндік ерекшелікпен ұштастыратын конгресттік туризмді жатқызуға болады.

Спорттық бағыт - табиғат аясында тау аралау туризмімен, суда салмен жүзумен, спорттық бағдарлаумен және т. б. айналысу. Спорттық бағытына арнайы лицензия бойынша спорттық балық аулау жатқызылуы мүмкін. Жануарлар дүниесінің тектік қорының ең жақсы өкілдерінің жойылуына байланысты спорттық аулау, танымдық демалыстың ізгіліктіде тартымды түрлері ретінде, суретке түсірумен табысты түрде ауыстырылуы мүмкін. Табиғат жағдайында таңсық жануарларды суретке, бейнеге түсіру жоғары сыныпты мамандарға ғана емес, сонымен қатар туристердің көпшілік қауымына да қолжетімді болмақ.

Туризм Қазақстан Республикасы экономикасының маңызды, тез өсіп келе жатқан және келешегі мол секторлардың бірі болуда. Ендігі кезекте біздің облыс алдында туристерді қызықтырып тарта алатын жаңа туристік өнімдерді әзірлеу жөнінде ауқымды міндет тұр. Өңіріміздің бірегей биологиялық алуантүрлігі мен бай табиғи ресурстарды экотуризмді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Туризмнің осы бағыттағы басты басымдығы «бүлдірме» қағидасы болуға тиіс, кейінгі өскен ұрпақ дүниені қазіргі тіршілік қалпындағыдай күйінде көруге тиіс. Туризмді дамыту құнды да аса нәзік табиғи ресурстарын пайдалануға айырықша жан- жақты ойластырған тәсілді талап етеді.

Маңғыстау табиғатының астарлы сыры таңғажайып. Бір жағынан ақшағыл сусыма құмды жағажайы бар жүздеген шақырымға созылып

жатқан жартасты Каспий жағалауы жатса, екінші жағынан жер шарындағы шөл даланың түгелге жуық үлгісін көз алдына келтіргендей керілген кең байтақ шөлейт жатады. Бір жағынан құлама құздар мен тылсымға толы терең ойпаттары болса, екінші жағынан Ақтау ақшаңқан шыңдары мен бұлт шалған Қаратаудың бұлдыр шыңдары, ондаған тау аңғарынан сылдырап аққан бал бұлқтары, төңірегі көк шалғынға бөленген жасыл желекті жазира көрніс табады. Алыстан көз тартатын осының бәрі кім де болса осы өлкеде болғандардың жадында осынау қайталанбас сұлулық ұзақ уақыт сақталады.

Туризм барлық жастағы топтағы адамдардың белсенді тынығуы мен туризмі есебінен көңіл – күй күйгелектігін жедел қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Облыста экотуризмді дамыту үшін табиғат аумақтары объектілері және мәдениетпен сәулет тарихы танымдық, білімдік, ғылыми және өзге де мақсаттарда пайдалануға тиіс. Экологиялық туризм туристердің экологиялық мәдениетін, табиғатқа үйректілігін, оны қорғау қажеттілігі танымын қалыптастыруға тиіс. Туризм - бұл жалпы мақсатқа қол жеткізу үшін тиімді әрі парасатты түрде үйлесім табатын қызмет саласы. Туризмді, оның ұзақ мерзімді өміршеңдігі мен табысқа жетуін қамтамасыз ететіндей жоспарлау керек.

Туристік қызметті табиғи ортада жоспарланған, тиісті дәрежеде басқаруға келмейтін істерді жүзеге асырған жағдайда, табиғат ландшафтарының нашарлауына әкеліп соғады, қалыпты табиғатпен биологиялық алуантүрлілікке қауіп төндіреді. Қазіргі кезде табиғат ескерткіштері үшін басты қауіп «бақылаусыз» туризм болып отыр, соның нәтижесінде болатын жерлердің жай күйі бірте –бірте нашарлай түсуде, автомашиналар тікелей қайнар бұлақтардың, тік жартасты аңғарлардың нақ басына дейін барады. Өз бетімен жүрген туристер облыстың туристік әлеуметін ыбырсыта бүлдіруде. Өз бетімен жүрген туристердің осындай «белсенділігінің» салдарынан ландшафтқа келетін жүктелім күрт күшейе түсуде. Туристік объектілерді сақтап қалу жөнінде бәріміз бірдей жұмыла кірісуіміз және экологиялық туризмді ұйымдастыруға көшуіміз керек.

Қыруар туристік әлеуетті пайдалану кезінде парасатты түрде әрі жоспарлы негізде туризмді дамыту өте маңызды, ресурстардың сақталуын қамтамасыз ету экотуризмге байланысты болмақ. Туристер мен болушы адамдар экологиялық туризмнің болатын жерлеріне қатысты өздерін барынша әдепті ұстауға тиіс. Туризм халықтың әртүрлі әлеуметтік - демографиялық топтардың қажеттілігін қанағаттандыратын табиғатты пайдаланудың көпнысаналы түр ретінде табиғат кешеніне мейлінше алуантүрлі талаптар қояды.

Облысымызда барлық саяхатты ұйымдастырудың практикасы маршрут тармақтарына экологиялық және тарихи-мәдени объектілердің тығыз байланыста екендігін көрсетіп отыр. Бірқатар туристік объектілердің әйгілілігі, көлік ағынының жүктелімін және саяхатшылар, туристермен

келуші адамдар санын көбейтеді. Табиғатқа басты ықпал ету жанды өндірістік күштер –туристер арқылы жүзеге асырылады. Облыс қорықтары мен табиғат ескерткіштерінің аумағында экологиялық туризмді ұйымдастыруға мейлінше қатал талаптарды қамтамасыз ету қажет. Экологиялық туризм арқылы дәнекер аймақта, қатаң белгіленген бағыттарда саяхаттық маршруттармен шектелуге тиіс. Қорықтар шегінде маршруттарды ұйымдастыру, тек қана қатаң түрде айқындалып белгіленген сұрлеу жол бойынша жүру міндеттелген.

Туристік фирмалардың туристтерді облысымыздың флорасы мен фаунасымен таныстыра алады және желкенді қайықтарда серуендеу, балық аулау және аңшылықты ұйымдастыру мүмкіндіктері бар. Облыс аумағында өте әсем жасыл бұрыштар–шатқалдар бар: «Тамшалы» («Көңілді тамшылар») Форт–Шевченко қаласынан 30 шақырымда, «Ақмыш» –Қаратау тауында, «Сұлтан–Үпі» шатқалы (ескі Хиу жолдарында) және т.б. Жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау үшін 1980 жылы «Үстірт» мемлекеттік биосфералық қорығы, 1982 жылы «Ақтау–Бозашы» қорығы, жылы дүниежүзілік мұхит деңгейінен 132 метр төмен жатқан Қарақия ойпатында «Қарақия–Қаракөл» қорығы құрылды. Маңғыстау жерінде көптеген археологиялық ескерткіштер сақталған. Олардың ғалымдар, тарихшылар, археологтар және әрбір мәдениетті адамдар үшін баға жетпес құндылығы бар. Маңғыстаудың архитектуралық ескерткіштері екі топқа бөлінеді: құлпытастар мен діни ғимараттар–мешіттер. Ескерткіштердің барлығы төрт түрге бөлінеді: Қошқар қойдың мүсіні, мазалардың үстіне салынатын ғимараттар: құлпытастар, қойтастар, ұштастар; сағана тамдар, сакофагтар; мовзелей–мазарлар. Аударғанда тасқойлар» деп аталатын қойтастар–өте ежелгі ескерткіштер, олардың кейбір түрлері IX–X ғасырларға жатады. Олар қой түріндегі тастан жасалған мүсіндер, аңдардың мүсіндері ежелгі. Осындай ескерткіштердің бірі саркофаг. Ол жұқа тас плитамен жабылған тас жәшіктер. Сағана тамдар мен саркофагтар бір бірінен формаларының әр түрлілігімен және көркемдеу байлығымен ерекшеленеді.

Кесенелердегі бай ескерткіштер–мавзолей. Маңғыстаудың мавзейлері өте ерекше. Олардың фасады 4-5 метр, биіктігі 7-9 метр. Маңғыстауда одан басқа діни ғимараттар–мешіттер кездеседі. Масат–Ата, Бекет–Ата, Шопан–Ата жерасты мешіттері жақсы сақталған. Олардың ішіндегі ең бір ерекшеленетін XIY–XVI ғасырларда Сарытас мүйісінің оңтүстік жағалауында шың басында салынған «Шақпақ–Ата» төрт бөлікті жерасты мешіті. Ор Орта Азия мен Қазақстанда толық сақталған және монолиттен жасалған бірегей сәулет кешені болып саналады. Осы ескерткіштердің барлығында қазақтардың тұрмысы, мәдениеті, өнері, салт–дәстүрі бейнеленген. Маңғыстау мен Үстірттің мәдени ескерткіштері қола, ерте және кейінгі темір ғасырлары мәдениетінің басты ошағымен байланыстарды анықтайтын заттай құжаттар болып саналады. Қаратау тауында ерте және кейінгі темір ғасырында мыс, темір өндірілген. Қаратауда мыс өндірілуі онда сақ мәдениетінің болғандығын, Маңғыстауда металлургияның дамығандығын көрсетеді. Керуен–сарайлар, ескі қорымдардың қирандылары – Ұлы Жібек жолының сақталып қалған учаскелері ескі ескерткіштердің бір түрі. Бейнеуден 40 шақырым оңтүстік–шығыста және

Шетпе кентінің аумағында керуен–сарайлардың қирандылары жатыр. Өз кезінде Каспийдің шығыс жағалауында Сарытас, Кетік, Алта, Шерқала, Маңғышлақ қалалары болды. Олардың кейбіреулерінің қирандылары әлі күнге сақталған. Керуен жолдарын Маңғыстаудан жиі табуға болады, өйткені жарты аралдың ескі қалалары арқылы олар Түрпқараған жарты аралының оңтүстік жағасымен Хиудан Үстіртке, Ираннан Түрікменстанға барған. Кенті–баба, Ақшора–Белторан, Сағындық, Қаракөзайым, Шерқала қамалы кесенелерінің қалдықтары қызығушылық тудырады.

1957 жылы салынған және қазіргі Форт–Шевченко қаласының бастамасы болған бұрынғы Форт–Александровская слободасы осы жағынан тарихи және мәдени қызығушылық туғызады. Қазіргі Форт–Шевченко қаласы 1950 жылдан бастап 1957 жылға дейін Новопетровск бекінісінде айдауда болған украин ақыны Т.Г.Шевченконың атымен тығыз байланысты 1932 жылы Т.Г.Шевченко атындағы мемориалдық мұражай ашылды, іздеушілерден жасырынған жертөлесінің қасында өлең жазып, суреттер салған. 1950 жылы Т.Г.Шевченко өз қолымен отырғызған верба ағашы әлі күнге дейін өсіп тұр, қазір ол қорық болып саналады.

Осының бәрі әртүсті түсімен атағы шыққан және дүние жүзінің әртүрлі елдерінде шығарылған Маңғыстаудың ұлутасынан салынған. 1976 жылы жобалаушылар тобына әлемнің 53 қаласы ұсынылған, атақты қала салушы Патрике Аберкомбе атындағы премиясымен алтын медаль тапсырылды. Маңғыстау өлкесі теңіз жағасында орналасқан. Жағалаудағы азиялық ауа райы теңізде демалуға тиімді. Облыс орталығы басқа қалалар сияқты аудандармен асфальт жолдармен және темір жолмен байланысады. Ақтау қаласында халықаралық әуежай мен халықаралық теңіз порты бар.

Қазастанның және шетел туристері үшін Каспий теңізінің жағалауында әлемдік деңгейдегі курорттар салынатын болады.

Кендірлі шығанағы жағалауы жаңа курорт аймағын орналастыру алғашқы орыны болды.

Таяу жылдары «Кендірлі» демалыс аймағында туристік демалыс бизнесі саласында өзіне ең үздік әлемдік жетістіктерді біріктіретін жаңа қала салу жоспарлануда. Онда көптеген демалыс парктері, отелдер, бассейндер, қолдан жасалған көлдер, спорт сарайлары, гольф алаңы және басқа нысандар салынады.

Облыста жаңа бәсекеге қабілетті экономика бағыттарын дамытуды қамтамасыз ету үшін сонымен қатар, «Жер–Теңіз–Аспан» интеграциялы инвестициялық жоба жасалды, оның негізінде Ақтау қаласының жаңа іскерлік орталығы салынатын болады.

Каспий теңізінің жағасында Атау қаласына жақын маңда бизнесмендердің тұруы, демалысы, іскерлік қатынасы және қызмет үшін ғимараттар мен құрылыстар салу жоспарлануда, олар:

- Қонақ үйлер(3-5 жұлдыздар);
- жалға беру үшін люкс және экстарлюкс типтес тұрғын коттеждер;
- бизнес орталықтары;
- гольф клубы;

- желкенді қайық клубы;
- жаңажайлар;
- айлақтар спорттық ғимараттар;
- ойын–сауық кешендері;
- әлемдік маркідегі бутиктерді бар шопинг орталықтары;
- сауықтыру кешендері.

Керемет ландшафтар, көптеген археологиялық және мәдени орындар, көшпенділердің ұлы тарихы аңыздарымен көмкерілген әсем табиғат бұрыштары Маңғыстау облысында танысу тауларын, дала сафарилерін дамытуды жеделдетуге мүмкіндік береді.

Табиғи туристік рекреациялық ресурстар.

Рекреациялық ресурстардың табиғи туристік тобын фитом деп атайды. Бұл құрамына жер кіретін табиғи туристік ресурстар. Бұл топқа табиғи объектілер мен рекреациялық ландшафт – жер учаскесі мен ондағы табиғи объектілердің жиынтығы кіреді. Адам өміріндегі эстетикалық сананың ролі өте үлкен және ерекше, бірақ сонымен қатар тіпті елеусіз. Өйткені ол көрінбейді, керісінше өмірдің барлық жағына: жұмысқа, қылық, тілек, талғамға енгізілген. Эстетикалық сана – адамның өзінің қарым-қатынасын басқа адамдарға, табиғатқа, табиғаттың әсемдігі, онымен тілдесу – қазіргі заманғы адам денсаулығының маңызды шарты.

Тартымды ландшафт психологиялық қолайлылық сезімін туғызып, ыңғайсыздықтан арылтып, тыныштандырады, тіпті емдейді де. Табиғат шеберлерді шабыттандырады. Сондықтан ол 1976 жылы Мәскеуде XXIII Халықаралық географиялық конгресте алғаш рет айтылған ”шабыттандыратын ресурстар” деген ерекше ғылыми терминмен атап өтілді. Бұдан басқа, ”эстетикалық ресурстар” (табиғи және мәдени) деген басқа термин бар. Табиғи эстетикалық ресурстар – бұл бақылаған адамда эстетикалық қанағаттандыру туғызатын бүкіл қоршаған орта.

Ландшафтты рекреациялық және эстетикалық бағалау-субъективті, яғни бақылаушының психикалық күйіне байланысты. Табиғаттың жетілгендігінің сыртқы көріністері адамда әсемдік сезімін туғызады. Жетілгендіктің, дамудың, табиғаттың сұлулығының сыртқы белгілері болып қозғалыс, симметрия, әр түрлілік табылады.

Динамика – табиғаттың дамуының аса айқын көрінісі. Ол объектіні “жандандырып” оны эстетикалық жағынан бай етеді. Буырқанып жатқан теңіз толқыны әдемі, айбынды Каспийдің сұрапыл апатты құбылысы немесе Айрақты маңындағы шөлдегі нөсер жауын түрлі сезім туғызады. Әсіресе қысқа мерзімде жер жасылдау болатын жартылай шөлді даладағы қысқа көктем ерекше әдемі.

Табиғаттың даму көріністерінің біреуі – симметрия. Дамып келе жатырған табиғи-географиялық объектілердің көпшілігі симметриялық формаға ие. Органикалық өмірдің барлық көріністері симметриялы. Бірақ абсолютті симметрия дамудағы белгілі бір тоқыраудың куәсі болады. Сондықтан симметриядан сәл ғана ауытқу сырлылық сезімін туғызып, көңіл аудартады.

Әртүрлілік материяның дамуының тағы бір белгілерінің бірі. Дамыған табиғи жүйе күрделеніп, жетілген сайын ол эстетикалық жағынан бай. Әртүрлілік түстердің қарама-қарсылығы, бояулардың анықтығы арқылы өзін анық көрсетеді. Көзге бірден түсетін бұл әсемдік бақылаушының алдымен назарын аударады. Шөл даладағы гүлденген бақша әдемі. Әсемдік көрінісінің басқа түрлерін де атауға болады. Қайталанушылық пен ұдайылық, параллелизм, тұрақты форманың болуы. Осының барлығы дамып келе жатырған табиғаттың, оның бірлігінің, тұтастығының біздің қабылдауымызға жететін сыртқы мағынасы болып табылады.

Тіпті жоғары ұйымдастырылған материя әсемдік туғызуға қабілетті. Көбіне бір ғана “көру” мен “тыңдаудың” үйлесімін қабылдау үшін жеткіліксіз, сонда көмекке ой мен бұрыннан жиналған білім мен өмірлік тәжірибе көмекке келеді. Сезіммен ойлау ұтымды ойлаумен толығады. Содан кейін ғана табиғи объект немесе құбылыс күрделі, жоғары ұйымдастырылған тұтастық ретінде қабылданады.

Мысалы, географ-зерттеушілер немесе тарихшы-этнограф тұрғысынан табиғат пен қоғамның терең жатқан, жеке тұрған оба, шөлдегі құдық, қар сияқты ақ сортаңды топырақ, ескі құрылыстың қираған орны сияқты объектілер мен құбылыстарға маман адам еместер көз тоқтатпайды немесе ол объектіні өзінің шығуы, дамуына қарай тұтас, ерекше қызық деп қабылдамайды, ондағы үйлесімді көрмейді. Ал адамдардың бақылаушылығы әр түрлі: ол бақылау жүргізетін мақсатқа байланысты. Сондықтан көруді үйрету керек, жай объектінің әсемдігін сезіммен қабылдау керек. Себебі сезім-ерік деңгейінде қабылдауды ұйымдастыру үйлесімнің сыртқы көрінісіне ғана емес, құбылыстың ішкі, көрінбейтін сұлулығына назар аударуды ғана емес, белгілі бір табиғи-ғылыми немесе тарихи білімді талап етеді. Адамда болатын ойлар әсерінен дүниені эмоциялық-эстетикалық көру шиеленіседі. Мысалы, түсіне қарай бірыңғай алабажақ Маңғыстау ландшафттары эстетикалық жағынан жергілікті адамның назарын аудармайды. Өмір бойы тұтас тастан жасалған Шерқала құзы сияқты ерекше табиғи объектінің жанында тұрып, ондағы әдемілікті көрмеуге болмайды. Сондықтан осы ландшафттың тарихи өткені туралы ақпарат ойлануға азық береді, нәтижесінде адам осы алабажақ көріністі табиғаттың әдемі жасалған объектісі ретінде қабылдап бастайды. Сөйтіп, “қоршаған ортаны қабылдау” сабағынан кейін адамда зерттелетін құбылыс немесе бақыланатын объектінің белгілі бір көрінетін бейнесі қалыптасады. Осындай ақпараттық “шабуылдан” кейін көпшілік адамдар нақты табиғи объектінің жанынан немқұрайлы өтпейді. Бұл табиғи объект олар үшін эстетикалық және рухани тартымды болды.

Табиғатты эстетикалық көруді тереңдету оның ішкі мазмұнын тану жолымен, сыртқы және ішкі формасымен болады. Ландшафттар көптеген эстетикалық көрнекі элементтерден (төбелер мен жазықтар, таулар мен далалар, теңіздер мен өзендер, үлкен және шағын өзендер, жылғалар, ағаштар мен тастардың алуан түрлері) тұрады. Олар жеке дара әсемдікке ие болып, барлығы бірігіп жаңа көп түрлі үйлесімдерді құрайды. Мұнда әрбір ландшафттың бейнесі жыл мезгілі мен күнге қарай, күннің орны мен

бұлттардың пішініне, су қоймаларындағы бейнелеріне қарай үздіксіз өзгеріп отырады. Ландшафттар еліктіріп, әрең байқалатын үздіксіз оптикалық өзгерістер күйінде болады. Олар тек пластикалық және әдемі ғана емес, музыкалық мәнге де ие.

Олардың эстетикалық тұтастығына табиғаттың дауыстары: толқынның шылпылы мен жапырақтың шуы, жаңбырдың дыбысы, құстардың әні, аралардың гуілі, шегірткенің шырылы кіреді. Ландшафттың күрделі әдемі-музыкалық бейнесі бізде терең рухани күй туғызады. Егер біз күн батып бара жатқанда тау тізбегіне, дауылды теңізге, шексіз далаға көз салсақ біздің эстетикалық сезімдеріміз өрлеуде болады.

Табиғаттың табиғи формаларына қозғалыстарына, түстер палитрасына пайымдап қарау, дауыстарды тыңдау жүйке-бұлшық ет күшін жоюдың, эмоциональдық-психикалық тонусты арттырудың факторы. Табиғатпен эстетикалық қатынастың басқа да нәтижесі пайдалы: оның жетілуін пайымдап қарау адамға рахат әкеледі, сонымен қатар сезімдердің баюына ықпал етеді, санамызды жаңғыртады. Белгілі бір ландшафттың ерекше бейнесімен (қарағайлы орман мен еменді тоғай, шағын өзеннің немесе көлдің оңаша жайылма алқабы, жазықты және қиылысқан жерлер) оның адамның сезімі мен психикасына ерекше емдік әсері байланысты. Эстетотерапия – бұл табиғи терапияның құрамдас бөлігі, дене, психикалық, рухани денсаулығын нығайту және сақтау құралы.

Түрлі жағдайларға байланысты (физикалық – географиялық жағдай ландшафт компоненттері, рекреант және т.б.) ландшафттың рекреациялық құндылығын бағалаудың түрлі амалдары мен әдістері бар. Бағалаудың аса қызықты әдісі литва ботаниктері К.Эрингис пен А.Будрюнастың әдісі болып табылады.

Біріншісі – алдымен табиғаттың өзінің сұлулығының алғашқы элементтері: сыртқы түрі, формасы, қарапайым дыбыстық және түстік сипаттамалары. Эстетикалық мәнді элементтерге тек көру және есту элементтерін ғана емес, сондай-ақ табиғи жүйенің, егер олар қуаныш сезімін туғызып, пайда күнемдік реттегі қауымдастығын туғызатын болса, басқа да жағдайларын жатқызуға болады.

Табиғи эстетикалық ресурстар туралы айтқанда (қазақ тілінде – “жеркелбет”) олар пейзажды айтады, яғни табиғи жиынтықтың көрінетін бірліктері. Біртектес пейзаждардың типтік ландшафтын (“жертарап”) құрайды. Пейзаждың эстетикалығының бағасы „пейзаждың өрнегі” деп аталатын көзқарас тұрғысынан арнайы алынған сандық және сапалық белгілеріне қарай бағаланады. Ал бұл белгілер Эрингис – Будрюнастың айтуы бойынша – 80. Бұл – пейзаждың жалпы өтімділігі, жер бедерінің айқындығы, өсімдіктердің кеңістіктік әр түрлілігі, антропогендік объектілердің әр түрлілігі мен орындылығы. Бұл әдеп аса егжей-тегжейлі, бірақ орман массивтері бар қоңыр салқын ендіктер үшін жасалған Маңғыстау түбегінің жағдайлары үшін жарамсыз. Бірақ болашақ аймақтар мен аумақтарды егжей-тегжейлі бағалағанда кейбір белгілерді қолдану мүмкін.

Бір нәрсені қабылдау үшін (формасын, үлкендігін, түсін) пейзажды бөлшектеп емес (әдемі ағашқа, сосын жерге, аспанға), тұтас, барлығына бірдей қарау керек. Сонда ғана адам пейзаждың әшекелей салынған бір бөлігінде ғана болмайтын эмоционалдық-мағыналық сапасын көреді. Мысалы, түрлі түстердің белгілі бір үйлесімін қабылдай отырып, адамдар кереғарлықты сезінеді. Бұл сезім бір тұтасқа біріктірілген түрлі түстердің бір-бірімен өзара әрекетін қабылдауға жауап ретінде туындайды. Оны жекелей көрген түстердің осы үйлесіміне кіретін ешбір түс туындата алмайды.

Пейзаждарды эстетикалық бағалаудың басқа да әдістері бар. Олардың біреуі – В.Ведениннің табиғат кешенінің пейзаждық анықтау және картирлеу әдісі [30]. Эстетикалық бағалаудың негізгі элементтерінің бірі пейзаждық әр түрліліктің дәрежесі болып табылады. Пейзаждық әр түрлілік географиялық ортаны көзбен қабылдау мүмкіндігін сипаттап, сапалық көрсеткіштер арқылы көрінуі мүмкін. Пейзаждық әр түрлілік келесі көрсеткіштермен сипатталады: 1). Жер бедерінің бөлшектенуі; 2). Аумақтың тығыздығы мен елдің орналаспауы; 3). Кешендердің морфологиялық және морфографикалық сипаттамалары; 4). Бедердің орман жамылғысының сұлбасымен арақатынасы; 5). Аса ұсақ дәрежедегі табиғи кешендер арасындағы ұдайы және кереғар өткелдердің саны. Хабаров өлкесінің Аян – Май ауданындағы өзен жазығы мысалында Т.А.Костюкова ландшафттың эстетикалығына қарай бағаланатындығын көрсетеді. Бастысы–жазықтықтың, кеңістіктің ұйымдастырылуы, ландшафттық және оның жекеленген элементтерінің: бедері, өсімдігі, кеңістіктік және түстің кереғарлығы. Мәнзара алаңдарынан көзбен шолынып бақыланатын пейзаждардың сипаттамасы Эрингис Будрюнастың әдістеме қағидаттары бойынша берілген. Ерекшеленген учаскелер егжей-тегжейлі бейнеленіп, бағаланады. Автор өзен жазығының композициясының және эстетикалық ерекшеліктер схемасын жасаған. Автордың пікірі бойынша субъектінің қабылдауын ескеретін мұндай схемалар құрылыс шараларының орнын дайындағанда аумақтардың даму жоспарын жасақтау үшін маңызды. Осы және басқа да әдістердің ерекшелігі – оның барлық компоненттерінің (бедері, өсімдігі т.б.). Ал ландшафттың жеке компоненттің, мысалы, рекреация тұрғысынан зерттеу бірқатар елдерде, алдымен Болгарияда дамып бастады.

Бедер – аумақтың рекреациялық қасиеттеріне әсер ететін табиғат кешенінің маңызды компоненттерінің бірі. Ол рекреациялық қызметке оң және теріс әсер етеді, сондай-ақ тікелей рекреациялық ресурс рөлін атқарады. Маңызды компонент және ландшафт негізі ретінде бедер ландшафттың физиономиялық белгілерін де анықтайды. Тікелей рекреациялық ресурс ретінде бедер рекреациялық құрылыс мүмкіндіктері тұрғысынан, сондай-ақ аттрактивтілік тұрғысынан бағаланады.

Бедердің рекреациялық құндылығына тұтас баға беру үшін Х. Тишков мына параметрлерден бастайды: гипсометрия (абсолюттік биіктіктер мен салыстырмалы биіктіктер), жердің ойпаттары, бөлшектену дәрежесі, беткейлердің экспозициясы. Бұл негізгі морфометриялық белгілер, бірақ олар аумақтық рекреациялық қасиеттерін аймақтық және оңаша деңгейлерде сипаттайды. Аталған морфометриялық параметрлер жиналып бедердің

рекреациялық сапаларын анықтайды және соған байланысты тиісті рекреациялық бағалауға жатады. Бұл параметрлер бедердің бастапқы рекреациялық қасиеттері ретінде қабылдануы мүмкін. Оларға аталған жердің маңызды рекреациялық сипаттамалары байланысты: 1) өту шамасы; 2) көрінулігі; 3) табиғи алуан түрлілігі; 4) табиғи әдемі жерлері. Бұл бедердің рекреациялық қасиеттерін сипаттайтын туынды (немесе қайтарма) қасиеттері.

Маңғыстау облысының ландшафтын рекреациялық бағалау мына тәртіпте жасалу керек: 1) біртектес аумақтар мен аймақ масштабында салыстыру (біздің еліміздің, сондай-ақ шектес елдердің шөлейт аудандары), 2) облыстық масштабта мәдени ландшафтты эстетикалық бағалау, рекреация және эстетикалық тұрғысынан басты ландшафттарды анықтау, 3) таңдалған оқшау аумақтарды егжей-тегжейлі зерттеу және шағын ауданмен жоспарлау. Осы жұмыста біз тек екінші кезеңді қарастыратын боламыз.

Маңғыстаудың табиғи жағдайларының ерекшелігі ландшафт пен бедерді бағалау арасындағы параллель жүргізуге мүмкіндік береді, өйткені ландшафттың ірі компоненті ретінде мұндағы сулар, тегіс өскен өсімдік жоқ. Мұнда тек өсімдікке кедей “жалаңаш” бедер ғана бар. Соның нәтижесінде ландшафтық, мәдени ландшафттық эстетикалық бағалау критеріі “автоматты” түрде геоморфологиялық формалардың эстетикалық және эмоционалдық бағалау болады.

Жер бетінің бедері – бұл кез келген ландшафттың негізі мен маңызды бөлігі. Маңғыстаудың қазіргі бедері ұзақ палеогеографиялық дамудың нәтижесі болып табылады. Соның үдерісінде теңіз және континентальдық жағдайлар, климат және тектоникалық қозғалыстар бірнеше рет өзгеріп отырды. Бүкіл Маңғыстау Сармат теңізінің астында болған, тек төртінші ғана кезеңде ол үстірт үлгісіндегі бедері мен құрғақ климатты түбекке айналды. Маңғыстау түбегі мен Үстірт жоны ландшафтының дамуы өзгеше жағдайлармен түсіндіріледі (теңіздегі шөгінділердің жиналуы мен аридтік климат).

Маңғыстау Еуразияның қоңыр салқын ендіктегі шөлді аймақтарының арасында жердің телімінде шөптердің барлық түрлері (сазды, құмды, сорлы-тұзды, таулы-тасты) және бедердің эолово-дефляциялық формаларын шоғырландырумен ерекшеленеді.

Шыңдар – басқа континенттерге ұқсамайтын бедері жоқ эрозиондық шыққан ерекше жасалуы: 200-метрлік тіке қабырғалар, үстелге ұқсас және конус тәріздес тастар, ақ, көк, қызғылт түске боялған тастар (1 сурет).

Геологияның қызметы барлық климаттық аймақтарда көрінеді, әсіресе жел: 1) аридті климат (буланғыштық жауын-шашыннан 6-7 есе асады); 2) аридтің жұтаңдығы; 3) үрлеуге бай материк беретін жел қақтырудың қарқынды көрінісі; 4) олардың үлкен жылдамдығын дамыту үшін үнемі жел болуы. Аталған ерекшеліктер Маңғыстау облысына тән. Мұнда бедердің эолдық формаларға алуан түрлі болып барынша көрінген. Ақтау таулары мен Үстірт маңының жеке тұрған құздары тау жынысының көлденең жатқан қабаттарымен жасалып, жел қаққан шыңдары саңырауқұлақ, үстел тәріздес, ал тік құлаған қабаттары ине, баған тәріздес көрінеді. Олар тек формасына қарай емес, өлшемдеріне де қарай әртүрлі, Шерқала, Айрақты, Сұлуқапы сияқты тұтас «тас қалалар», сондай-ақ

Үстірт «мегаполистері», әсіресе «Ебелектің елу жазығы» және, Қарынжарық учаскелерінде кездеседі (2 сурет).

Маңғыстау облысының табиғи эстетикалық ресурстарының картасын жасау үшін ландшафттардың эстетикалық құндылығын бағалауды алдымен жасау керек. Өйткені бедерді бағалау – ландшафтты бағалау, әуелі біз геоморфологиялық аудандарды бөліп аламыз: 1) Таулы Маңғыстау, 2) Бозашы, 3) Маңғыстау жоны және 4) Үстірт.

Пейзаждың ерекшелік сипаттамасын бағалау үшін элементарлық пейзаждар жүйесін жасақтау керек. Элементарлық пейзаждар – көкжиек сызықтарының негізінде жасалатын жердің схемаланған суреті. Аталған аумақ үшін біз бес элементарлық пейзаж алдық:

Тегіс пейзаж – барлық жағынан көкжиектері ашылған – тегіс, толқынды төмен жоталы жазық.

Бір жағынан жабық пейзаж – тау етегіндегі жазықтар.

Екі жағынан жазық пейзаж – тау арасындағы жазық пен өтпелі шатқалдар, үлкен жыралар.

Төмен таулы пейзаж және жағалау аймағының пейзажы.

Бұл элементарлық пейзаждар пейзажды эстетикалық бағалаудың негізі болып табылады. Әрі қарай бұл суреттер түрлі белгілермен, мысалы, «көкжиек қабырғасына» дейінгі қашықтықпен бақылау уақытымен, «қабырғаның» биіктігімен, сатылығымен толығымен. Осы бағалаулардан кейін нақты нүктеден нақты жер үшін Эрингис-Будрюнас әдісін қолдануға болады. Маңғыстау облысының пейзажының әр түрлілігінің немесе эстетикалық ресурстар картасы алдын ала жасалынады. Онда аса тартымды пейзаждар: Таулы Маңғыстау және Үстірт құздары жақсы көрсетілген, аса «алабажақ» пейзаждар облыс аумағының барлық жазық бөлігін алып жатыр. Осы ландшафттардың түрлі тарихи-мәдени немесе табиғи объектілермен толы болуы құндылық пен әдемі пейзаждарды арттырады. Сондықтан жекеленген тартымды табиғи объектілерге есеп жүргізу қажет.

Үңгірлер. Үңгірлердің пайда болуы – ұзақ геологиялық үдерістер нәтижесі. Бедердің мұндай формалардың дамуына климаттың құрғақшылығы әсер етеді. Маңғыстау облысында түрлі көлемдегі үңгірлердің көп саны бар. Жергілікті фольклор мен әдебиет үңгірлер туралы әңгімелер мен аңызға бай. Қазіргі уақытта біз 30-дан аса үңгірлерді атай аламыз. Үңгірлерге даңқ пен әлемге әйгілілікті үңгірлердің тереңдігімен ені, оның ерекше табиғи сапасы ғана емес, табиғи іздері немесе адам әлемімен байланыс әкеледі. Олар жолаушыларға баспана, қажылыққа бару орны, ал ертеде – алғашқы адамдардың өмір сүру орны ретінде пайдаланылды. Тарихшылардың айтуы бойынша осы өлкедегі жер асты сәулетінің дамуы (Шакпақ ата кешені) үңгірлер ғибадаты және табиғи үңгірлермен байланысты (3 сурет).

Маңғыстау үңгірлері шығу тегіне қарай карсты-абразиялы және карсты болып бөлінеді. Алғашқысы Маңғыстау жонының жағалаудағы кемерлерінің төменгі бөлігі мен Каспий теңізінің биік жағаларына орайластырылған, жоғары бөлігінде сирек кездеседі, кейде екі қабатқа орналасады. Олар неогеннің

эктастарында дамыған. Үңгірлердің көпшілігі қапшық тәріздес, саңылаумен бітетін кіретін ашығы бар қуыстан тұрады.

1915 жылы Э.Э.Гейже Маңғыстау түбегінің ескерткіштер тізімін жасады. Ол «Жыңғылды» үңгірін, Шуйнге жақын жерде «Ұрыкеуек» атауымен екеуін және Босаға және Қобдысайда, Қорғансай мен Сұмсада басқаларын атап көрсетеді. Ал ең ірі үңгірлер: Бұлыойық, Қызан, Байшағыр, Бейнеу, Сам, Өлі қолтық, Қарашек, Тұзбайыр, Қарабауыр, Сағындық, Жазғұрлы, Үшқұдық, Құмды мүйіс, Қарамая, Мұзбел, Шақырған, Босаға, Қарааудан, Туарқыр, Тұмғашы, Боқты, Ақшұқыр, Аралды, Борлыммүйіс, Жыланды.

Өтебай үңгірі осы аттас ежелгі қорымнан оңтүстікке қарай 1,6 км, карст шұңқырларының жыралы қабырғаларының төменгі бөлігінде жатыр. Шұңқырдың ұзындығы 57 м, ені 30 м, орта бөлігінің тереңдігі 10м. Үңгірлердің біреуі (солтүстік-батыс) – 23 м кейін аяқталатын тұйық галерияға ұқсас. Ені 4 м, биіктігі 12 м үңгірге кіретін жерден бұрышы 30-40°С жер. Жоғарыдан 56 м тереңдікке түсіп, 40 м тұйықпен бітеді. Еріген және нөсер сулар үңгірде көл құрап, оның суы жазықтармен тереңге қарай бірте-бірте ағып тұрады.

Бұл үңгірлер туризм объектісі бола алады. Барлық аталған үңгірлер ғалымдардың мұхият назарында болып, үлкен тарихи-мәдени құндылыққа ие. Туризмді дамыту үшін олардың маңыздылығын ескере отырып, оларды туристердің келетін жері, түрлі экскурсиялар объектісі етуге болады. Палеоценнің аяғында пайда болып, қазірге дейін дамыған Маңғыстау үңгірлері ерекше.

Өкінішке орай, үңгірлердің ешқайсысының орналасқан жері анықталмаған, картаға түсірілмеген, бірде-біреуін жергілікті өлкетанушылар бейнелеп, зерттемеген, біз негізінен мәскеулік географтардың мәліметтерін келтірдік. Олардағы үңгірлердің карталары бар шығар, ал бізде жоқ. Сондықтан үңгірлерді зерттеп, жаңаларын ашу керек, оларды шығуына, формасына қарай ғылыми топтастырып, жүйелеп, насихаттау керек. Мұның барлығы – жергілікті энтузиастардың міндеті.

Туристік тарихи – мәдени рекреациялық ресурстар

Маңғыстау тарих және мәдениет ескерткіштеріне бай. Дәстүрлі мәдениет ескерткіштері арасында жерлеу-ғибадат сәулетшілігінің ерекше құрылыстарының кең кешені аса көп түрлі және көрікті. Олар негізінен орта ғасырлық және ертедегі зират-қорымдарға шоғырландырылған. Кешеннің айрықша белгісі – ерекше тастан қашалған ғимараттар (кесенелер, тас табыт-сандықтастар, қойтас сияқты күмбездер т.б.).

Бұл кешендерді хронологиялық жағынан үлкен топтарға бөлуге болады: 1) орта ғасырлық – ХІҮ ғ (Шопан ата, Үштам, Сұлтан епе, Шақпақ-ата, Қараман-ата), 2) жаңа кезең – ХҮІІІ-ХІХғ. (Сағындық, Қамысбай).

Оларды 2 топқа бөлуге болады: олар бедері күрделі жерлерде салынған кешендер: суффизмді ұстанған Сұпы (әулие) дуаналар Шопан-ата, Шақпақ-ата, Қараман-ата, Оғыландыдағы Бекет-ата құрметіне салынған Маңғыстау және Үстірт зираттары. Кешендердің абыройы болған кереғар ландшафт оларға

әдемілік беріп, оларды ерекше сәулет-ландшафтты ескерткіштерге айналдырады.

Ескерткіштердің екінші бөлігі жайлы жер бедері тән жондарда, шатқалдарда орналасқан.

Кешендер этникалық және ру-тайпалық факторларға қарай ерекшеленеді. Маңғыстау мен Үстірттің түрікмен тайпалары тарихымен байланысты аудандарында сол кездегі түрікмен аралас зираттары да бар, бірақ мемориалдық-діни кешендердің көпшілігі қазақтардікі.

Көптеген белгілеріне қарай ең тартымды және құндылары-сәулет ескерткіштері – жер асты діни кешендері. Халық арасындағы аңызға қарағанда ежелгі зираттар исламда алғашқы уағыздаушылардың жер асты мешіттерінің немесе мазарларының айналасында туындап, кеңейді. Үстірт пен Маңғыстауда сай-сала жанындағы және таулардың беткейіндегі жыныстардағы жер асты мешіті оннан асады. Олар – Шопан-ата, Шақпақ-ата, Бекет-ата т.б. Шақпақ-ата мешіті екі сайдың саласымен жасалған жартасты мүйісінің қуысына қашап салынған. Бекет-ата – адай руы қазақтарының аты аңызға айналған жолбасшысы. Өз өмірінің ішінде ол бірнеше жер асты ғимаратын салған, солардың біреуі – Оғыландыдағы Бекет-ата кешені (4 сурет).

Шопан-ата Маңғыстаудан Хорезмге дейінгі керуен жолының трассасында орналасқан, Сенек ауылының аумағында, Маңғыстаудағы аса ірісі болып есептеледі. Ол «Шопан-ата қасиетті тауы» жотасының беткейінен түсетін терең емес, тар жыраның екі жағын алып жатыр.

Ескерткіштердің келесі тобын жердің бетіндегі ескерткіштер құрайды. Халықтың білуінше Маңғыстауда 360 (362) қасиетті әулие бар. Олардың аса белгісі – Сисем-ата, Қамысбай, Қаңға-баба т.б. Сисем-ата адай руы қазақтарының басты зираты немесе ерекше пантеоны болып табылады. Мұнда түбектің белгілі адамдары жерленген.

Барлық ескерткіштер 1984 жылы «Маңғыстау және Үстірт ескерткіштері» мұражай-қорығына біріктірілді. Діни орындардың көпшілігі аймақтық масштабта құрметтеліп келді. Осы кезге дейін (Шопан-ата, Қараман-ата, Шақпақ-ата, Бекет-ата) олар Маңғыстау облысының халқының ғана емес, шектес елдердің де зиярат ету орны болып табылады. Жыл сайын оларға бірнеше жүздеген адам келіп, олардың көпшілігі әулиеге түнеп кетеді. Зиярат етушілердің артуына қазіргі заманға сай қызмет көрсетудің болмауы және көлікке қашық болуымен кідіріс табуда. Бейнеудегі «Бекет-ата» зиратында «қонақ үй», Қараман-ата мен Шопан-атада тоқтайтын үйлер салынған.

Бізге мысалы, өзінің діни-ғибадат объектілерімен белгілі елдердің (Тәрануида-Лувр, Арабта-Мекке, Палестинада-Иерусалим) тәжірибесін ескеру қажет. Әрине, оларды Шақпақ-атамен салыстыруға болмайды. Бірақ та осы кешендер жалпы қазақ масштабында тек туристік зиярат ету мен діни орталық масштабы бола алады.

Аса белгілі діни-ғибадат кешендері: Ішсу, Жаңасу, Аймансу, Қырғын, Бекет-ата (Оғыланды және Бейнеу), Сенек, Сұмса, Шопан-ата, Қызылсу, Бекі, Қараман-ата, Қошқар-ата, Қарамола, Жылқыбай, Демеу, Бейсембай, Ақшора, Сағындық, Қарағашты-әулие, Үштам, Кенді-баба, Сұлтан-епа, Шақпақ-ата,

Қамысбай, Ақүйік, Масат-ата, Сисем-ата, Уәли, «Қосқұдық»- мектеп медресесі – міне бұл облыстың сәулет ескерткіштерінің толық емес тізімі.

Соңғы уақытта археологтар көптеген орта ғасырлық қалалар, қорғандар, қамалдар мен керуен-сарайларды ашты. Қызылқала, Қарағанқала, Сарытас қамалы, Емір, Кендірлі, 15разъездегі 5 қамал ашылды. Каспий теңізінің шығыс жағалауын бойлай Керуен сарай ашылды, атап айтқанда Ақтау қаласының жақын ауыл, Ракушечный мүйісіндегі керуен-сарай.

Маңғыстау – ежелгі адамдар өмір сүрген орталықтардың бірі. Таушық – Сарытас ауданында белгілі геолог А.Г. Медоев палеолитикалық тұрақтар ашылды. Ал 1985 жылы Қарақалпақ археологтары Үстірт жотасында жебелер формасындағы орасан зор тасқа салынған суреттерді ашты. Мың метрге жуық биіктен бұл алып қапшық тәріздес керме ау мен қалтаны еске түсіреді. Қапшық тәріздес жүйенің аяғы үш бұрышты ұштар – жебенің ұшына келеді. Үлкен жүйелердің қарама-қайшы ұштары ішіне қарай йілген, бірақ бір-біріне тимейді. Жақында мәскеулік археологтар өткен өркениеттің естелік іздерін ашты. Археологияның маусым «түйіні» Байта ежелгі көшпенділер кешені болды (№7 разъезден шығысқа қарай 20км). Мұнда бірнеше ондаған ірі тас мүсіндер табылған болатын. Кешенде біздің дәуірімізге дейінгі III ғасыр жазылған. Бұл ежелгі Даланың жаңа бетін ашады.

Одан басқа: 1). Таушыққа жақын энеолитикалық ауыл табылды; 2). Маната құламасының шығыс құзында ежелгі қаша-аң аулау құрылыстарының сүйектері; 3). Сайөтес бекетінен 7 км жерде шамамен 5000 жыл бұрынғы қамал орны табылды. Сондай-ақ археологтар Айрақты тауында оғыздар аулының қалдықтары табылған. Айтпақшы, аңызға қарағанда оны айламен алған. Жаулап алушылар өздерінің белбеулерімен шыңдарды ұзын баспаға байлап, қараңғыны пайдаланып, шыңға шыққан дейді

Объектілердің кіші тобын орыс (XIX-XXғ) және кеңестік кезеңнің тарихи-мәдени ескерткіштері құрайды. Орыстардың болғандығының ірі ескерткіштері Форт-Шевченко қаласы болып табылады. Ол 1847 жылы құрылып, осы кезге дейін қайта салынбаған. Сондықтан мұнда «Александров-Николаев дәуірінің» үйлері мен құрылыстары сақталған.

Маңғыстауда жеке тұрған обалар мен бейіттер мол. Олардың жергілікті халықпен байланысты өз тарихы бар (мысалы, Шілгөз әулие).

Маңғыстаудың-материалдық мұрасы осы кезге дейін аз зерттелген. Ал жергілікті өлкетанушылардың, сондай-ақ археологтар, геологтар, тарихшылардың зерттеулері мен жұмыстары шашыраңқы және бұлдыр нақтыланбаған.

Бұлақтар. Тұщы сулы бұлақтар Таулы Маңғыстау аумағы үшін негізгі су көзі болып табылады. Бұл сулар ауыл шаруашылығында, ауыз су үшін де пайдаланады. Бұлақтар су сақтағыш қабаттардың көтерілу жолдарымен тектоникалық опырылуына орайласқан. Рекреациялық шаруашылықты дамыту үшін бұлақтар үш артықшылыққа ие.

Біріншіден, бұлақтар адамдардың шаруашылық мүдделері үшін пайдаланылады, екіншіден, олар тау етегіндегі жерлер мен шатқалдарға орайласқан. Бұл жасанды шағын су қоймаларын жасау үшін пайдалануға

мүмкіндік береді. Жер мен суды, өсімдіктерді шебер үйлестіріп, тартымды еткенде бұл учаскелер жергілікті мәнге ие ұсақ рекреациялық кешендерге айнала алады. Мысалы, Самал, Ақмыш сияқты жерлер (Шетпе ауылынан солтүстікке 18км жерде) көп жыл бойы жергілікті халықтың демалыс аймағына айналды. Шындығында, құлықсыз пайдалану себебінен бұл жерлер қазіргі уақытта құлдырауда (5-сурет).

Үшіншіден, бұлақтар табиғи-тарихи объектілер болып саналады. Әрбір бұлақтың атауы халық аңызымен, өлке тарихымен, жекеленген тарихи тұлғалармен байланысты. Алдымен, су көзінің пайда болу фактісінің өзі мәдени түрде пайымдалуы керек. Өйткені бұлақтар тектен текке қорғауға алынбайды, дәмді бұлақ суын ішіу, ағып жатқан бұлаққа қарау дәстүрі де тегін емес. Көркемдік жоба мұнда күрке жасауға пайдаланылатын қасиетті бұлақ кен орнын жүзеге асырады.

Оазис-саябақтар. Жасыл құрылыс деген түсінік үлкен мәнге ие. Бақтар мен саябақтар (көбіне шағындары) тек қана сауықтыру рөлін атқармайды. Олар кейбір эстетикалық игерілген ортаны көрсетеді. «Ландшафттық сәулет» деген термин бар. Ол көбінесе тас сәулетіне ұқсас, бірақ басқа «құрылыс материалдары» болады: көгал алаңдар, бұталар, ағаштар. Кеңістікті тарылтып, оны ыңғайлы, қызықты етіп жасауға болады. Ол саяжол (аллея). Ағаштармен немесе бұталармен тұйықталған алаңдар басқа сезім туғызады. Салтанатты шаралар, шерулер сияқты қыдыруға, оңашалануға арналған кеңістік жасап алуға болады. Өсімдіктер өз өзінен әдемі, ал олардың үйлесімі-көркем форма жасау. Біздер гүлзарлар, жол жиектері, жасыл кілемдер қандай болатынын білеміз.

Шағын оазис – саябақтарды жасау-жаңалық емес. Олар бұрыннан да бар. Оған Тұщыбек, Аманбұлақ, Ақмыш, Торыш, Қаңға-бабадағы, Дубский бақшасындағы бұлақтар айналасындағы жасыл оазистер мысал бола алады. Сиырсу, Көгез, Керт, Ниязбұлақ, Күркіреуік, Өрмелі, Егізбұлақ бұлақтары және басқалар қолайлы мүмкіндіктерге ие. Олар жергілікті халықтың рекреациялық қажеттіліктерін толық қанағаттандырып, егін шаруашылығын суландыруды дамытуға, ең бастысы, бұлақтарды өткен тарихи оқиғалар іздері ретінде сақтауға мүмкіндік береді. Саябақ және жасыл құрылыстық композициялық өнері қолда бар флораның ерекшеліктерін ескеруі керек: ағаштардың, бұталардың тұқымдарын, оларды өсіру жағдайларын, түрлерінің сыйысушылығын, өлкенің климаттық мүмкіндіктерін білуі тиіс. Табиғи жағдайларын ескермей, ғылыми негізсіз «жасыл» құрылыс сәтті бола алмайды.

Әзір нақты ортаны «абаттандырумен» қандайда бір эстетикалық элемент енгізуге тырыспай стихиялық түрде айналысуда. Мұндай қызметке көбіне пайда, ыңғайлылық тұрғысынан жатады.

Құдықтар. Рекреациялық ресурстардың бұл тобына, дәлірек айтқанда, туристік-танымдық ресурстар тобына, Маңғыстау көшпенділері өмірінің міндетті белгісі құдықтарды жатқызуға болады. Құдық – саяхатшының түнейтін жері, кездесу, шайқас және келісімдер орны. Құдықтармен түбек халықтарының түрлі аңыздары мен тарихы байланысты. Олар керуен жолдары

мен көш соқпақтарының бойына орналасады, тіпті құдықтардың орналасуы өлке өмірінің дамуының тарихи үрдісін көрсетеді.

Көптеген құдық атаулары Маңғыстау облысынан тыс жерлерде де кең таралған. Олармен өлке тарихының айрықша беттері байланысты. Солардың біреуі – Үшауыз құдығы (Таушық ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 25 км жерде). Ол 1870 жылы патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы қазақ көтерілісі басталған орын ретінде белгілі. Ал Итбай құдығының жанында көтеріліс жасаушы қазақтар мен орыстың жазалаушы жасағының расында белгілі шайқас өтті. Мұнда 1873 жылы Шипкинсуының болашақ қорғанысын соңғы және алғашқы батыры жарияланған. Ол қазақтар үшін жамандық бейнесі болған полковник Скобелев болатын. Мұндай мысалдар өте көп. Сондықтан өлкетанушылар мен тарихшылардың қызығушылығы табиғи нәрсе.

Құдықтарды қалпына келтіру және оларға өткеннің мәдени мұрасы ретінде ұқыпты қарау ұлттық өрлеу саясатына толық жауап береді. Рекреациялық, табиғат қорғау аумақтарын жасағанда қолда бар барлық құдықтарды есепке алу қажет. Барлық қазіргі бар және жоғалып кеткен құдықтардың төлқұжаты керек. Тарихи ландшафттарды қорғау ерекше маңыздылыққа ие, өйткені олардың тарихи-мәдени құндылықтарымен қатар олар мұнда зор эстетикалық әлеует атқарады. Олар орта қалыптасуының сабақтастығын қамтамасыз етіп, оның үйлесімді дамуының мүмкіндіктерін анықтайды. Қоғамдағы тәрбие ісінің бірінші кезеңі тек табиғат пен туған жердің өзіне ғана жай махаббат емес, оны қорғау мақсатында іс жүзіндегі әрекетке қабілеттілікті тәрбиелеу экомұражайлар, саябақ-ескерткіштер мен табиғатта мұражай жасау болып табылады.

Экомұражай – бұзылмайтындай ету және қалпына келтіру орталығы, сондай-ақ қарым-қатынас орны, сөйтіп ол қоғамның табиғи және мәдени игілігін дамытып, сақтауға ықпал етеді. Одан басқа, экожұражай – бұл мектеп, өйткені ол халықты мәдени және табиғи құндылықтарды сақтауға шақыруы керек. Табиғат қорғау қызметтері араласып, тарихи, мәдени және эстетикалық қызметпен үйлескен объектілердің бұл тобына мемориалдық, тарихи немесе тарихи-сәулет мәніндегі ескерткіш-саябақтарды жатқызуға болады. Экскурсияға бару және өткізу орны табиғат ескерткіштері, ұлттық саябақтар және тарихи-мәдени мәндегі объектілер болып табылады. Тарих пен мәдениеттің, флора мен фауна ескерткіштерінің басты ерекшелігі- олардың бытыраңқы орналасуы, бір-бірінен алшақтығы. Олардың аумағында экспедициялық аймақтар болуы мүмкін. Келушілерге жануарлардың жабайы түрлерін, өсімдіктерді, тау жыныстарының коллекциясын кеңінен көрсету-басқа аймақтар ішінде келушілерге қызмет көрсетуге арналған экспозициялық қызметтерді жүзеге асыратын осындай мекемелердің міндеті.

Геологиялық, геоморфологиялық немесе жалпы географиялық мұражайларды табиғатта келушілерді қызықтыратын үдерістер мен құбылыстарды көзбен көруге болатын жерлерде ұйымдастыруға болады. Ұлы Маңғыстауда мұндай мұражайларды Қарағия ойпатында, Шетпеге жақын жерлерде және геоморфологиялық объектілер мен үрдістердің ең жақсы үлгілері, сондай-ақ саздар, карстар, куэстер, ағаш бездері, геологиялық

шөгінділер, дефляция үрдістері т.б – мұражайлық қадағалау объектілері бола алады.

Қорықтағы және күзетілетін шатқалдар – қорықтар мен табиғат ескерткіштерінің арасында аралық орынды алатын табиғат қорғау объектілері. Мұндай режим үлкен аумақтар үшін де, шағын шатқалдар (тоғайлар, көлдер, жазық және жағалау учаскелері) мен жекеленген объектілер (сарқырамалар, үңгірлер, ерекше геологиялық жаңалықтар, сирек және тарихи құнды ағаштар т.б).

Табиғат ескерткіштері – ғылыми, тарихи және мәдени-эстетикалық мәнге ие жеке орны толмайтын табиғат объектілері. Табиғат ескерткіштерінің қатарына сарқырамалар, гейзерлер, геологиялық шөгінділер, үңгірлер, палеонтологиялық объектілер, жекеленген сирек кездесетін немесе тарихи құнды ағаштар, тастар жатады. Мұндай терминді алғаш рет Гумбольдт қолданған. Мысалы, көптеген елдерде жекеленген ағаштар қорғауға алынған. Құнды биологиялық немесе мәдени-тарихи объектілер ретінде мемлекеттің қорғауына арналған объектілер табиғат ескерткіштері болып есептелінеді. Ясной Полянадағы белгілі емен, өсіп кеткен бағанын ондаған адам көтеретін Ашхабадтағы «Жеті ағайынды» шынар ағашы қорғауға алынған. АҚШ-та әйгілі Йосемит жазығында алып секвойялар қорғалады. Олардың кейбіреуінің жасы 3000 жылдан асқан, биіктігі 90м; жекеленген ағаштардың өз аттары бар: мысалы «Генерал Шерман», «Линкольн», «Президент» т.б. Ал Маңғыстауда Т.Г.Шевченконың отырғызған әйгілі қызыл ағашы және жасы жүз жылдан асып кеткен Тұщыбек, Ақмыш, Аманбұлақтағы ағаштар шөлді аймақ үшін жақсы көрсеткіш. Ескерткіш ағаштар қорғаудың ерекше режиміне мұқтаж: оларды қоршау керек (олардың топырағын басылып қалудан қорғау үшін), емдеп, сынып қалудан мұқият сақтау керек.

Осы танымдық ресурстарды қарастыра отырып, облыстың топонимиясы мен микропонимикасы туралы да ұмытуға болмайды. Бір кездері К.Паустовский атаулар – бұл елдің халықтық поэтикалық рәсімдеу деп жазды. Олар халықтың сипаты, оның тарихы, оның бейімділігі мен тұрмыс ерекшеліктері туралы айтады. Микрообъектілердің табиғи қалыптасқан атауларын көбіне аңызбен «ұласады». Кейбір жасанды пайда болған микрообъектілер қазіргі аңыздар-мүсін топтары, бірқақтар, күркелер, ротондалар (мысалы; Қырымда, Литвада).

Ескіліктің шын және ойдан шығарылған тарихының аса жарқын, жанды бейнелері ұрпақтан ұрпаққа берілуде. Ғаысрлар мен мыңжылдықтардан өтіп, олар мәдени қабат, яғни мәдени ландшафтының «көрінбейтін» бөлігі болады. Оның туристік ресурстарға айналуы-болашақтың ісі, оны халық шаруашылықтар шебер пайдалану ісі.

Одан басқа туристік – рекреациялық ресурстардың осы тобына адам еңбегінің ескі түрлері, ұлттық мерекелер мен фольклор, ұлттық киімдер мен ұлттық тағамдар, халық спортының түрлері кіреді. Оларды жеке қарастыру қажет, өйткені бұл тақырып өте кең.

Маңғыстау жертарабы

Кез-келген жер /жертарап/ өзіне тән әсемдікке, ерекшелікке ие, сол сияқты шөлдік жертарап та осындай қасиеттерден кенде емес.

Туризм индустриясын дамыту, өркендетудің де Маңғыстауда болашағы бар іс деуге болады. Шөлдегі туризм және шөл-шөлейтті елдердегі туризм индустриясы өзінің адамды қанағаттандыру және экономикалық пайда түсіру жағынан басқа табиғат зоналары мен елдерден кем емес екендігі белгілі.

Кей ретте туризмді тек курортта емделіп, демалу деп түсінетін жайлар бар. Расында да бұл іспен туризмді сабақтастыра жүргізудің де орны бар. Құрықтағы және Ақтау маңындағы сулар, Қияқтының емдік балшығы мен Көгездің минерал суы, Шопан ата тұзы (аталған қорымның шығыс жақ бетінде 14 км жерде) пайдаланып та жүр. Осы геомедициналық ресурстарды аймақтық (Батыс Қазақстан) деңгейде пайдалануға болады.

Маңғыстауда туризмді дамытудың басқа да жолдары жеткілікті, байлығы да мол. Ол-жердің өзі, сол жердің бетіндегі табиғат, адамзат тарихымен ұштасқан ескерткіштер мен объектілер.

Әр жер өзіндік бір әсемдікке ие. Көркем табиғаты бар жер қашан да адамға жақсы әсер етеді, оның миын тынықтырады, ойына күш беріп, шабыттандырады. Осыған орай қазіргі географиялық әдебиетте “шабыттандырушы ресурстар” (вдохновляющие ресурсы) немесе “жертараптың эстетикалық ресурстары” (эстетические ресурсы ландшафтов) деген терминдер қолданылады.

Эстетикалық ресурс дегеніміз бақылаушы адамның эстетикалық (рухани әсемдік) қызығушылығын, қанағаттанушылығын туғызатын табиғи орта немесе жеке табиғи объект. Кез келген адам табиғаты ерекше, көрікті жерлерді немесе жеке тұрған тартымды объектілерді (биіктау, сарқырама, үңгір, үлкен ағаш, т.б.) көріп таңданады, қызығады, яғни эстетикалық тұрғыдан қанағаттанады. Маңғыстау жері осындай қасиеттен кенде емес. Өз территориясында шөл даланың барлық түрі (сазды, құмды, тастақты, сор шөлдер) орналасқан Маңғыстауда күн, жел, судың әсер етуінен пайда болған төрткілдер, қапылар, шыңдар, тас мүсіндер, т.б көптен кездеседі. Бұлардың түрінің, санының, мөлшерінің алуан-түрлілігі өлкенің теңдесі жоқ, яғни Қазақстандық табиғи уникум екендігін көрсетеді. Табиғат егер де көркем болса, газ бен мұнай сияқты тауарға айнала алады. Ол үшін тек туризм индустриясын өркендету қажет.

Маңғыстаудың Қазақстандағы шөлді өлкелерден артықшылығы-теңізбен шектес болуы (600-800 км). Жер бедерінің көп түрлілігі және тарихи, мәдени ескерткіштердің көптігі. Қазақстанда тіркелген 25 мың тарих ескерткішінің 12 мыңы Маңғыстауда, бір артықшылығы, олар көп өзгеріске түспеген. Маңғыстау мәдени жертарабының табиғи қабаты жалаңаш шоқылардан, ойпаттардан, сорлар мен құмдардан, тік қабырғалы шыңдардан, үңгір, бұлақ, т.б. тұрады. Ал мәдени қабаттың негізін зираттар мен құдықтар, мешіттер мен ескі қорғандар, тас обалар, т.б. құрайды.

Маңғыстау қазақтарының қазіргі мәдениеті ертедегі дай, алан, оғыз, кейінгі түрікмен, ноғай, қалмақ, орыс мұраларымен бірге “туған жертараптың” негізін құрайды.

Өлкеде “мекен еткен жеті жұрт” құдықтар мен зираттардан басқа өздерінің “елестерін” қалдырып кеткен. Атап айтқанда: маңызды оқиғалар мен шайқас болған жерлер, атақты адамдардың (ақын, жыршы, батыр, би, емші, т.б) өміріне байланысты орындар аңыз-әңгімелер мен ертегілерге арқау болған жерлер, керуен жолдары мен көш соқпақтары, көне жұрт орындары, т.б.

Сонымен айтарымыз, біріншіден, тізіліп айтылған объектілерді түгелдей үлкенді, кішілігіне, керек-керексіздігіне, алыс-жақындығына, маңызды-маңызсыздығына қарамастан есепке алынып, олар туралы аңыз, ертегілік бүкіл маңғыстаулық ақпарат жинақталынып, зерттелініп, өңделіп әр түрлі (оның ішінде туристік) мақсатта пайдаланылғаны жөн.

Екіншіден, жинақталған материалдарға сай табиғат және мәдениет ескерткіш-объектілеріне маңызы, сапасы, көркіне қарай ресми мәртебе беру керек. Ол дегеніміз “мемлекеттік қорық”, “ұлттық парк”, “тарихи ескерткіш” сияқты әр түрлі деңгейдегі қорғауға алынған жерлер мен объектілер. Маңғыстау табиғатының әсем бұрыштары мен жеке табиғи денелерінің, мәдени, археологиялық тарихын сәулет өнері ескерткіштерін жергілікті облыстың және жалпыұлттық деңгейдегі жаңа категориялары керек. Бұл іске шетелдердің, әсіресе АҚШ-тың тәжірибесін үлгі етуге болар еді. Құрама Штаттарда “ұлттық парктен” бастап ұлттық зират, ұлттық мемориал, ұлттық тарихи жер, ұлттық шайқас болған жер, ұлттық тарихи жол, ұлттық тарихи жол, ұлттық теңіз жағалауы, тарихи ескерткіш сияқты тағы да басқа жиырмадан аса категорияларды біріктіретін жүйе қалыптасқан. Міне, осы Маңғыстауда әуелі аудандық және облыстық ресми мәртебедегі (ретіне қарай ұлттық-қазақстандық деңгейге) табиғи-мәдени ескерткіштер мен территориялар бекітіліп, қорғауға алынуы қажет.

1. «Ұлттық тарихи зират-мемориалдар» – Бекет Ата (Оғландыдағы), Шақпақ ата (Сарытастағы) зираттары;
2. «Аймақтық тарихи зираттар» – Есен ата, Қараман ата, Масат ата, Шопан ата, Қанға баба, Қошқар ата, Баба түкті Шашты Әзіз, Бейнеудегі еккет ата, Қамысбай, Шілгөз әулие, Темір баба, Дәніспән, т.б.;
3. «Жергілікті тарихи зираттар» – Ақшора-Белтұран, Қаратөбе, Сейсем ата, т.б. 60-70 осындай объект;
4. «Ұлттық жертараптық (ландшафтық), геоморфологиялық (жер бедерлік) парктен» – Шерқала-Айрақты (400 га), Қарамай-Көгесем (100 мың га), Маната-Өрмелі, Қарақия ойысы, т.б.;
5. «Жергілікті және аймақтық парктен» – Тұщыбек-Сұлықапы, Таушық-Сарытас, Қырықкез, Жаманайрақты, Манашы – Күйкенұшқан, Қанға баба сайы;
6. «Ұлттық теңіз жағалауы» – Форт-Шевченкодан Сарытасқа дейінгі Каспий теңіз жағасы;
7. «Жергілікті теңіз жағалық паркі» – «Кендірлі-Ақсу»;
8. «Шайқас болған жер» – Үшауыз – 1870ж. Адай көтерілісі басталған жер. Қырғынсай (10-шы разъезд төңірегі). 1832 жылы Сүйінғара мен

Құлбарақтың хиуа басқыншыларына қарсы соғысқан жері, Босаға-Балтеке мен Балуанияз батыр оқиғалары өткен жер;

9. «Ұлттық керуен жолдары» - Қарағантүп, Сарытастан Босаға дейін және осы аймақтан Бейнеуге дейін («Адай көш жолы») жолдар;

10. Тарихи, әдеби - мемориалдық жасанды парктер - Бұлар Маңғыстаудың кез келген жеріне ұйымдастырыла береді:

а) Атағозы-Шотан мемориалдық паркі. XVIII ғ. Қазақтары Маңғыстауға бастап алып келген Атағозы, Шотан, Есболай, Өмір, Темір, Қонай, т.б. XVIII-XIX ғ.ғ. барлық батырлары мен оларға қатысты оқиғаларға арналған жиынтық мемориал-парк.

ә) Қырымның 40 батыры паркі. Қазақ ауыз әдебиетінің туындысы осы жырлар циклінің батырлары мен оқиғаларын Маңғыстау жеріне орнықтыру.

б) 360 әулие паркі. Сайын Назарбекұлы ұсынған бұл жоба өлкенің барлық әулие адамдарының өмір аңыздарын ұштастырады.

в) Ертегілі Маңғыстау паркі. Өлке ертегі, аңыз, мифтерін насихаттау мақсатында салынуы тиісті.

г) Геологиялық паркі Маңғыстаудың көрікті геологиялық құрылымының айқын көрінген жерінде ұйымдастырылады. Ол XVIII-XIX ғ.ғ. Маңғыстауда зерттеген барлық адамдарға арналып жасалынады.

ғ) «Әдеби-мемориал». Маңғыстау ақын-жырауларының жиынтық көрінісі ретінде- Қашаған, Абыл, Мұрын жырау, т.б. орын алады.

Әрине, адам қиялының шегі жоқ, қолдан келсе осындай ескерткіштер мен парктерді тізбелей беруге болады. Халқы сирек қоныстанған, жолдары аз Маңғыстауда осындай тақырыптық шоғырлану қажет-ақ. Ал табиғат ескерткіштерінің (Ерсарының Қайрағы, үңгірлер, Тұщыбек пен Ақмыштың ғасырлық жеке ағаштары), мәдени-тарихи объектілердің, бұлақтардың ресми, заңды түрде қорғауға алынуы қажет-ақ. Мереттің бұлағына (Тамшалы), Ақмыштың сайына қауын егіп, аз адамды көкөніспен қамтамасыз ету мүмкін емес, ал оларды ескерткіш-мұра ретінде туристік объектіге айналдырса, келетін, рухани байлықпен қатар экономикалық пайда шаш-етектен.

Ең алғашқы туристік-географиялық талдау Маңғыстау облысында төмендегідей туристік-рекреациялық территорияларды көрсете алады:

1. Түпқараған түбегі мен Форт-Шевченко қаласының маңы.
2. Бековий-Черкасск шығанағы мен Құрық ауылының маңы, Қарағия
3. Сұмса-Сығынды
4. Маңғышлақ шығанағы мен Сарытас Таушық
5. Тұщыбек
6. Айрақты-Шерқала, Таулы Маңғыстаудың орталық бөлігі
7. Қайдақ-Маната
8. Үстірт қорығы аумағы
9. Кендірлі шығанағы
10. Манашы-Айрақты, Бейнеу ауылынан оңтүстік, оңтүстік-батыс аумақтар.

Осы тізбекке Үстірт ернектеріндегі (Қарамая-Көкесем, Өрмелі, Манашы-Күйген) тартымды территорияларды қосуға болады.

Туризмді дамыту ең алдымен екі аса қажетті саланы-ауыл шаруашылығы (егіншілік пен ет-сүт шаруашылығы) мен жолдар инфраструктурасын (жол, байланыс, әуежай, т.б.) жоғарғы деңгейге әкеледі, ал бұлар үшеуі (туризм, ауыл және жол) бірігіп, басқа салалардың дамуына күш береді. Туризм-тарих, мәдениет, өнерді білуді, насихаттаумен қатар, олардың қалпына келуін, дамуын қажет етеді. Маңғыстау Қазақ Елінің басқа өлкелеріне қарағанда өзінің сыртқы (географиялық-пейзаждық) келбетін біршама жақсы сақтай алған. Бұған жер-су атауларының көбінің сол күшінде сақталуы, жер бедерінің сыртқы пішіндерінің өзгермеуі дәлел. Дегенмен, өлкенің өткенін жинастыру, географиясы мен тарихын, әсемдігін көре білу, туған жердің қайталанбас табиғи ескерткіштерін қорғау, жануары мен өсімдігін қалпына келтіру, тарихи объектілерді жөндеу деген ойды бала жастан сіңіру керек. Жердің әсемдігі мәдениетті адаммен бірге дамуы тиіс, ал мәдениеттің дамуы туған жердің эстетикалық байлықтарын сақтап көбейтпейінше ешқашан мүмкін болмайды, өйткені, халық шығармашылығының қайнар көзі де, болашақ экономикалық гүлденудің негізі де - осы туған жер.

Рекреациялық желілердің кеңістік құрылымы аталған аумақта түрлі үлгідегі демалыс мекемелерін орналастыруды, «географиясын» сипаттайды. Ол тек қана елдің түрлі аумақтары ғана емес, бір аймақтың шегінде де біркелкі емес, үлестік көрсеткіштердегі айырмашылықтар бір, екі, тіпті үш ретке дейін жетеді. Рекреациялық желілердің бір типтері үшін аумаққа демалыс мекемелерінің тегіс орналасуы, келесілеріне-көлік коммуникацияларының, әсіресе темір жол бойы таралуы, үшіншілеріне ошақтық таралуы тән. Рекреациялық желілердің кеңістік құрылымының бірыңғай еместігі екі фактордың әсерін көрсетеді: қолайлы табиғи жағдайлар мен ресурстар кешенінің болуы және аумақты шаруашылық игерудің деңгейі мен бағыты.

Кез келген әкімшілік облыстық рекреациялық жүйесі бүкіл аумақты қамти алмайды. Себебі барлық әкімшілік бөлінуде рекреация мен туризм үшін жарамсыз аумақтар кездеседі. Аудандастыру, сондай-ақ негізгі болашағы барларын анықтау қажет.

Барлық жағдайлар мен ресурстарды ескере отырып, әлеуетті туристік рекреациялық шаруашылық үшін бірнеше аудандарды атап көрсетуге болады. Әрбір бөлінген ауданның қызметтік мәні әртүрлі. Жағалау аймағының аудандары-жағажай-шомылу демалыс үшін, ал қалғандары-демалыс пен танымдық туризмге арналған.

Жоғарыда көрсетілген 10 ауданнан басқа бірнеше ондаған шағын учаскелерді айтуға болады. Олар – кейбір бұлақтар әсіресе Жармыш, Онды, Жыңғылды, Шайыр, Торыш сияқтыларының айналасындағы оазистер.

Маңғыстау аймағындағы «Жер-Теңіз-Аспан» мега-жобасы

Маңғыстау облысы соңғы жылдардың ішінде туристік-рекреациялық тартымды аймақтарының біріне айналады. Ірі инвестициялық жоба – «Каспий энергетикалық торабы» деп аталады. Бұл жоба «Жер-Теңіз-Аспан» мега-жобасы (6-сурет) аясында жүзеге асырылатын жобаларға маңызды қосымша болады және тұтастай алғанда экономика дамуының жоғары мультипликативті тиімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ол Қазақстандық даму институттары және Америка мен Таяу Шығыс мемлекеттерінен келген ірі компаниялардың қаржылық және интеллектуалдық мүмкіндіктерін біріктіріп отыр. Бұл жобаға Парсы шығанағында осыған ұқсас торап салған компаниялар да ортақтасып отыр. Қолға алынып жатқан инфрақұрылымдық істер, ғасыр қалашығы «Ақтау – «Ситидің» құрылысы, туристік кластерді дамыту бойынша «Кендірлі» туристік аймағы, жаңа «Каспий технологиялық университеті» білім базасы – мұның барлығы ұланғайыр істердің берекелі бастамалары ғана. Мәселен, туристік жобаларды іске асыру үшін германиялық IRK international компаниясы жасақтаған мастер-жоспарды жүзеге асыру жұмыстары басталды. Облыстың оңтүстігіндегі Кендірлі мүйісінің жағалауынан 2,3 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестиция құйылатын курорттық аймақ құрылады. Оған 1700 га жер телімі бөлініп отыр. Жалпы, «қара алтын» қазушы қаланың бүгінде болашағы мүлдем жаңа бағытқа бет алған. Осы жылдың наурыз айының 11-і күні Жаңаөзен қалалық Мәслихат депутаттары кезектен тыс 7 сессиясын өткізді. Ел қалаулылары бас қосқан келелі жиында қаланың 2015 жылға дейінгі болашақ дамуының өңірлік мастер-жоспары бекітілді. Аталмыш қабылданған мастер-жоспарда қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, соның ішінде туризм саласын өркендету көзделген.

Каспий теңізінің жағасында Атау қаласына жақын маңда бизнесмендердің тұруы, демалысы, іскерлік қатынасы және қызмет үшін ғимараттар мен құрылыстар салу жоспарлануда, олар:

- Қонақ үйлер(3-5 жұлдыздар);
- жалға беру үшін люкс және экстарлюкс типтес тұрғын коттеждер;
- бизнес орталықтары;
- гольф клубы;
- желкенді қайық клубы;
- жанажайлар;
- айлақтар спорттық ғимараттар;
- ойын–сауық кешендері;
- әлемдік маркідегі бутиктерді бар шопинг орталықтары;
- сауықтыру кешендері.

Керемет ландшафтар, көптеген археологиялық және мәдени орындар, көшпенділердің ұлы тарихы аңыздарымен көмкерілген әсем табиғат бұрыштары Маңғыстау облысында танысу тауларын, дала сафарилерін дамытуды жеделдетуге мүмкіндік береді.

Облыс орталығы Ақтау қаласында екі яхта клубы жұмыс жасайды. Бұл желкенді спорт жөніндегі балалар-жасөспірімдер спорт мектебі мен ересек

санаттағыларға арналған «Бриз» яхта-клубы. Клубтарда 20 яхта паркі бар, яғни толық көлемде, негізінен жазғы кезеңде алады.

Қалалықтар мен қонақтар кезкелген басқа біреудің теңізде демалуын жоғары бағалайды, яғни жағада қонақ үйлер, демалыс базалары, сауықтыру емдеу орталықтары, әдемі құмды жағажайы бар балалар лагері салынған. 2005 жылы жағада, жұмыс жасаған өте қысқа мерзімінде табиғатта белсенді демалған уақытындағы комфорт әуесқойларынан оң баға алған «Stigl» спорттық-сауықтыру демалыс орталығы іске қосылды.

«Stigl» спорттық-сауықтыру демалыс орталығы оңаша тұрған мейрамханасы, дөңгелек бары, «люксі», «жартылайлюксі», «стандарт» сыныпты номерлері бар қонақ үйі, бірқатар жазғы үйшіктер орналасқан. Жабық спорт кешенінде ересектерге арналған бассейн және балаларға арналған жылытуы бар бассейн, әдемі жабдықталған тренажер залы, сауна, массаж бөлмесі, косметика кабинеті жұмыс жасайды.

Ақтау қаласында туристерді қабылдауға дайын, әртүрлі деңгейдегі 17 мейманхана бар. 2005 жылдың қазанында халықаралық стандарт деңгейіне сәйкес келетін қызметтің барлық спектрін қарастыратын «Renaissance Aktau Hotel» жаңа бес жұлдызды қонақ үй кешені пайдалануға берілді.

Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті Қазақстандық Туристік Ассоциациясымен бірлесіп, Маңғыстау облысында туризмді дамыту Концепциясын әзірлеу жөнінде мәселені пысықтауда.

2005 жылдың қаңтарынан бастап, аймақта туризмнің дамуын үйлестіруші Маңғыстау облысы әкімінің өкілетті органы Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті болып табылады, яғни «Маңғыстау аймағының туристік маршруттар» брошюрасы, 6 туристік маршрут: «Бекет-Атаға зиярат ету туры», «Үстірт», «Қарт Каспий», «Маңғыстау», «Маңғыстау - екінші Мекке» бойынша флайерлер, DVD – дискідегі бейнефильмдердің таныстыру материалдары қазақ, орыс, ағылшын, неміс тілдерінде дайындалып, үнемі жаңартылып отырылады. 2006 жылдың қаңтарында Маңғыстау облысы өкілдерінің Мадрид қаласындағы (Испания) «FITUR-2006» Халықаралық туристік жәрмеңкесіне, ағымдағы жылдың наурызында Берлин қаласындағы (Германия) «ITB-2006» Халықаралық туристік биржасына қатысуы қамтамасыз етілді, 2006 жылдың сәуірінде Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті және ЖШС «Фирма «Турист», ЖШС «Достық Тур» туристік фирмаларының өкілдері Алматы қаласындағы VI Қазақстандық Халықаралық туристік жәрмеңкесіне қатысты.

Француздық «AETS» компаниясы мен қазақстандық «ШАРТ КОРПЕРЕЙШН» ЖШС-гі бірлесе жасақтаған жобада мұнайлы шаһардың өміріне елеулі өзгеріс жасайтын 7 мәселені басты назарға қойған. Атап айтқанда:

- Қаланы сумен қамтамасыз ету, канализация, тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу;
- Инфрақұрылымды дамыту (әуежай салу, темір жол, аудандық және халықаралық автожолдар, қалаішілік жолдарды реттеу);
- Егін шаруашылығының дамуын арттыру, жасыл желек өсіру;

- Туризм және оның қосымша салаларын өркендету;
- Шағын және орташа бизнес дамыту;
- Тәлім беру, мамандарды тағайындау ісін ілгерілету;
- Қала құрылысын дамыту.

Ал қаладағы инфрақұрылым турасында әңгіме қозғалғанда 2015 жылға дейінгі даму көкжиегін аясына алған мастер-жоспар істің басын әуелі жалпы аумағы 300 гектарлық әуежай салудан бастайды. Әрине, бұған да толығымен келісуге болады. Өйткені, қазірдің өзінде 120 мыңға жауық халқы бар Жаңаөзенде халықаралық талаптарды былай қойғанда, жай ұшақтардың өзін қабылдайтын жібi түзу бір әуежай жоқ. Сонымен қатар, қаладағы мұнай-газ өндіру ісінің қарыштап дамуы мен болашақта Кендірліде туристік қала салынатындығын ескерсек, бұл істі ұзаққа созудың халық үшін тиімсіз екендігін айтпай ұғуға болады. 2007 жылы «IPK International халықаралық консалтинг» компаниясы Маңғыстау облысы бойынша туристік саланы 2015 жылға дейін құру және дамыту жөніндегі жоспарды жасақтағанда да жұмыстың бар бастауын Кендірліден бастауды ұсынған. Ендеше күллі облыстың туризмін дамытуға арналған бірден-бір нысан болғандықтан, жалғыз Кендірлі үшін-ақ бір әуежайдың қажет екендігі сөзсіз. Айтқандай-ақ, жаңаөзендіктердің мастер-жоспарында да Кендірлі атаусыз қалмайды. Ауқымы кеңейтілген «Кендірлі» тынығу кешенін айтпағанның өзінде, теңіз жағасында мынадай құрылыстар бой көтермек:

- Ақтау, Құрық, Кендірлі аймақтарын біріктіретін электрлік темір жол салу;
- Канализация суларын тазалайтын заводтар салу ;
- Көкөністер өсіру және қысқы мезгілдерде жеміс-жидек өсіретін жылы жай (теплица) салу.

Туристік саланы дамытуда да мастер-жоспар нақтылы іс-қимыл жасау жолдарын көрсетіп берген. Жоспарда Жаңаөзендегі тарихи-мәдени орындары мен жоғарыда айтылған «Кендірлі» (7-сурет) демалыс кешеніне жылына 300 мың турист келеді деп көрсетілген. Әрине, мұнша қонақты күтіп алу мен жайлы орындарға орналастыру үшін қалада қонақ үй мәселесі мүлде болмауы керек. Бұл жайды да ескерген мастер-жоспар туристердің категорияларына сәйкес бес 5-жұлдызды 280 орынға, алты 4-жұлдызды 296 орынға, жеті 3-жұлдызды 274 орынға, екі 2-жұлдызды 325 орынға арналған қонақ үйлерді салуды көздеген. Сондай-ақ, табыстары мол туристтерді тарту мақсатында 500 гольф-вилл салынбақ. «Кендірлі» тынығу кешені де бірнеше зоналарға бөлінеді деп күтілуде. Анығырақ айтқанда, отбасы мүшелерімен бірге серуендейтін «Босаға», «Тамшалы» бағы, «Шайыр» гольф алаңы және «Жібек жолы» саябағы. Аталмыш зоналарда туристердің демалуы үшін яхта, серфинг, дайвинг, ашық аспан астындағы музыкалық театр да салынбақ.

Аймақта туризмді дамытудың болашағы мен проблемалары

Туристік қызметті дамытудың мүмкіндіктері: Туризмді кешенді және тепе-тең аймақтық дамытудың ең қолайлы жағдайына тек шағын, салыстырмалы, ықшам аудандары ие. Маңғыстау облысының географиялық

жағдайы, яғни оның түбектік тұйықтығы салыстырмалы түрде өлкенің ерекше дамуын анықтады. Бұрын біз облыс экономикасына туризм индустриясына әсер ететін жағымды негізгі және жағымсыз факторларды атап көрсеттік. Минералдық ресурстарға жеткілікті бай болғанда облыс экономикасын тоқтататын басты кедергілер: 1) су ресурстарының тапшылығы; 2) айрықша қатал табиғи-климаттық жағдайлар; 3) көліктік оқшаулығы; 4) халықтың аз орналасуы т.б.

Сондықтан осы факторларды ескере отырып облыстың кешенді-аумақтық дамуының жоспарын жасау қажет. Маңғыстау облысының дамуының кешенділігі – ол әлеуметтік-экономикалық ұдайы өсу үрдістерінің өзара келісімділігі, барлық ресурстар мен факторларға есеп жүргізіп, бағалау.

Туристік факторлар мен ресурстардың сипаттамаларын бүкіл облыста шолу қолайсыздарынан бастап, аса қолайлысымен аяқтай отырып, «аудандардың ауқымын» анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл шолуды рекреация үшін болашағы бар «ошақтар мен бағыттарды анықтау мақсатында аумақтың алдын ала барлап зерттеуі» деп есептеуге болады.

Барлық рекреациялық туристік эстетикалық және басқа ресурстарға, сондай-ақ табиғи, экономикалық, әлеуметтік факторларға есеп жүргізу олардың толық тізімін жасауға мүмкіндік береді. Оларды жүйелеп, топтастыру қажет. Облыстық масштабта «алдын ала барлау» туристік-рекреациялық қатынаста болашағы бар аудандарды анықтауға мүмкіндік береді. Жоспарлау жобаларының негіздемелік тәжірибесін қорыту аймақтық жобалау сатыларының сәйкестігі мен оларға сай ландшафттық талдаудың деңгейлерін жүйелеуге мүмкіндік береді. Яғни зерттеулердің облыстық деңгейінен аудан деңгейінде, әрі қарай елді мекеннің немесе шағын ауданның-деңгейінде егжей-тегжейлі жобалауға өтуге.

Табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторлардан басқа туризмнің дамуына саяси мәдени факторларда әсер етеді. Қазіргі жағдайда туризм индустриясының ресурстар әлеуеті шикізат ресурстарының әлеуеті мен білікті жұмыс күшінен де кем емес маңызды экономикалық мәнге ие. Туризм қызметтері өндірісінде мамандану ақша қаражаттардың күшті түсуін қамтамасыз етіп, еңбектің айқындау саласын кеңейтеді. Сондықтан облыстың экономикалық дамуын жеделдетудің маңызды факторы болып табылады.

Туризм индустриясын дамытумен байланысты әсер ақша қаражаттарын түсіру формасындағы кейбір шығатын беретіндігінде емес, өсудің тарамдалған толқынын туғызатындығында. Туризмді дамыту әуежайларды, жолдарды, қонақүйлерді салу мен жаңғыртуға, қалалар мен ауылдарды абаттандыруға, ландшафттарды, ескерткіштерді қалпына келтіруге, табиғатты қорғауды күшейтуге, су қоймаларының тазалығын қарауға әкеледі.

Туризм индустриясы жас, игерілетін аудандарға маңызды әсер етеді. Ол аса дамыған аудандарда жиналған ақша қаражатты тартуға көмектеседі, сөйтіп жаңа аудандарды дамытуға бағытталған қаражаттардың жалпы мөлшерін арттыруға ықпал етеді.

Рекреация ресурстары өздерінің табиғатына қарай ерекше. Оның – үстіне табиғат жағдайларының, мәдениет ескерткіштері мен қазіргі өмір орталықтарының кешендеріне ие.

Туризм әр түрлі және көп қырлы. Рекреация мен туризмді топтастырудың негізі келесі негізгі факторлар болады: 1) қызметтік сипаты (қайталама баспанада демалыс, әуесқой туризм, емделу, спорт); 2) болу ұзақтығы (күнделікті, қысқа уақытта, ұзақ); 3) ұйымдастыру формасы (балалар, топтық, отбасылық, жеке); 4) ұйымдастыру деңгейі мен сипаты (ұйымдасқан демалыс, жабайы демалыс); 5) пайдаланылатын аумақ түрі (теңіз, жағалау, таулар); 6) пайдаланылатын көлік түрлері; 7) жыл мезгілі.

Одан басқа туризмнің өзі а) рекреациялық туризмге (демалу мен емделу); б) экскурсиялық туризмге (табиғат, тарихи, мәдени әсем жерлермен таныстыру); в) ғылыми туризм (ғылым, өнеркәсіп жетістіктерімен таныстыру т.б.); г) іскерлік туризм (іскерлік келіссөздер жүргізу үшін қыдыру); д) этникалық туризм [41].

Әрине, жекеленген жағдайларда туризмнің аталған түрлері ішінара шатасатын болады. Маңғыстау облысының жағдайы үшін осы сәтте туризмнің аса сай келетін түрлері: рекреациялық туризм, экскурсиялық туризм, этникалық туризм, аңға әрбір түрін аса нақтылап қарастырайық.

Рекреациялық шығу туризмі және діни туризм.

Туризмнің **туризм.** Маңғыстау облысы емдік құралдарға бай да емес, кедей де емес. Минералды және термалды сулар, емдік балшықтар, тұздар, тропикадан тыс шөл жағдайында ірі масштабты емдеу-рекреациялық кешенін дамытуға мүмкіндік бермейді, бірақ оларды облыстық немесе масштабта сәтті қолдануға болады, өйткені мұндай сипаттағы тәжірибе бар (Тұщыбек санаторийі, бұрынғы Ералиев және Шевченко профилакторийлері). Құрық және Форт-Шевченко емдік кешенін салу жоспарланған, енді осы жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі бар.

Кейбір жағдайларда шөлдің климаты емдеудің медициналық факторы бола алады. Осындай климат әсерінен, Алтымышевтың айтуы бойынша бүйрек қызметі жақсарады, су-минералды алмасу артады, көмірсутек алмасу күшейеді. Осындай аймақтарда орналасқан курорттарда созылмалы невроздар, нефриттер, бүйрек ауруларының қалдық құбылыстары, сондай-ақ жүйке жүйесінің қызмет ету ауруларын, аңқа және өкпе ауруларын емдейді [42]. Осы аймақта бірнеше курорттар бар: Мардакяна, Тинаки, Жаңақорған, Байрамалы, Моллақара, Аршыман, Жетіоғыз, Жалалабад.

Экскурсиялық туризм. Экскурсиялық туризм үшін басқа ресурстар қажет: табиғат, мәдениет және тарих ескерткіштері, әдемі ландшафт. Мұнда басты ресурс – ерекше объектілерімен элементтері бар мәдени ландшафт. Қазіргі қоғам үшін даланың ежелгі халықтарының мәдени мұрасы эстетикалық құндылық пен пайдалылыққа ие. Ескерткіштер, жалпы Маңғыстаудағы тарих және мәдениет ескерткіштері әр түрлі, олардың ауқымы Форт-Шевченко қаласынан элементарлық микрообъектінің өзіне дейін өзгереді.

Танымдық мақсаттар демалыс мақсатымен үйлесе алатындығын есте ұстау қажет. Танымдық қыдыру курортта демалуға ұласады, немесе демалыс кезінде туристер басқа объектілерге барумен қоса экскурсия жасай алады.

Қуаңшылық аймақтарға тән ерекшелік – үлкен қашықтықтарға танымдық қыдыру үрдісі. Бұл Маңғыстаудағы туризм болашағы объектілер бір-бірінен едәуір алыста болуымен түсіндіріледі. Мұндай климаттық жағдайларда үлкен қашықтыққа жаяу экскурсия жасау мүмкін емес. Ол үшін негізінен әуе көлігі, автокөлік пен теңіз көлігін пайдаланады. Маңғыстау облысының болашақ туристік объектілерінің ерекшеліктерінің бірі-оларды салыстырмалы түрде алшақтығы мен қиын жерде орналасуы. Мысалы, Қарынжарық, Қарамаю мен Сайөтестегі Үстірт құздары. Бұл жерлер ертегідегідей әдемілігімен ерекшеленеді, бірақ шөлді болғандығы сондай, онда пансионат немесе туристік орталықтың басқа түрін салу тиімсіз. Осы проблеманы шешудің жарқын мысалы АҚШ-тағы Глэсир-Бэй (мұзды шығанақ) ұлттық саябағы болып табылады. Ол көрсетілген жерлердегідей сипаттамаларға ие. Жақын жердегі Барлетта бухтасына тасымалдау мәселесін шешу үшін әуежай салынған, сол жерде туристерді ұлттық саябаққа тікұшақпен жеткізеді.

Этникалық туризм. Атамекенге, туысқандары немесе ата-аналардың туған жерлеріне барумен байланысты туризмнің бұл түрі үлкен орын алады. Бұрындары біздің аймаққа Қазақстанның басқа облыстарынан және шектес елдерден туысқандарына сирек келетін болса, қазір олар азайды. Жыл өткен сайын Маңғыстаудан шыққан алғашқы ұрпақ табиғи қысқарады, олардың орнына үшінші және төртінші ұрпақ келіп жатыр. Оларда едәуір дәрежеде туысқандық байланыстар жоғалады да көбіне себеп ата-баба жеріне келіп, танысады. Шындығында, қазіргі уақытта біздің елімізде туристік қызметтердің сондай-ақ психологиялық және саяси кедергілер себебінен мәлім емес.

Егер 1917 жылы Маңғыстауда 100 мың адам тұрса (негізінен адай руының қазақтары), 1933 жылы аштық пен кету себебінен 33 мың адам қалған. Азаю үрдісі 1950 жылдың аяғына дейін жалғасқан, ал 1959 жылы мұнда 25 мың адам тұрған. Қазір Маңғыстаудан шыққандардың көпшілігі және олардың ұрпақтары еліміздің басқа облыстарында, Түрікменстанда, Қарақалпақстанда, Өзбекстанда, сондай-ақ Иран мен Түркияда өмір сүріп жатыр. алдын ала болжамдар бойынша адай-қазақтары жарты миллионға жеткен.

Жүргізген кешенді зерттеулердің соңғы нәтижелері қазақтың уақ тайпасының, арғын тайпасының бесмейрам тармағы осы Маңғыстау облысы-түбегімен байланысты екендігін көрсетті: Ман-ата моласы-(уақ тайпасының ру басы) Шетпе ауылынан шығысқа қарай 90 км, Үстірт құзының етегінде жатыр, ал бесмейрамдардың ру басы мейрам інісі эримен бірге Шетпеге 7 км жақын жерге жерленген (Алау-Мейрам әулиесі). Жалпы қазақтың атасы Есен-ата немесе Асан-қайғы Шетпеден оңтүстікке қарай 35 км жатыр («моласы»). Жалпы қазақ тарихымен байланысты басқа да объектілер бар. Сондықтан бұл объектілер аталған тайпалардың, тіпті бүкіл қазақ халқының ұрпақтарында қызығушылық туғызады. Қазақтардан басқа ерсары, иомут, игдыр, човдур, абдал, бозоджи, буруншық, союнаджи түрікпен руларының молалары бар. Тек жағдай жасап, туристік қызмет көрсету оларға тұрақты рекреант бере алады.

Діни туризм. Облыс аумағында 800-ге жуық мәдени және тарихи ескерткіш тіркеліп, қорғауға алынған. Рекертитистердің басым көпшілігі-зираттар (770), бұл діни-жерлеу кешендерінде 10 мыңға жуық нақты тарих және мәдениет ескерткіші шоғырландырылды. Олар – сағанатамдар, күмбезді мазарлар, құлпытастар, қойтастар, тас сәулетінің түрлері. Олардың оюлары мен жазулары да тарихи ескерткіш болады. Егер көбіне жиі қолданылатын «Қазақ елі тарихы мен мәдениетінің тіркелген 25-30 мың ескерткішінен 10 мыңы Маңғыстауда шоғырланған» деген сөзге қарағанда ескерткіштердің 35-40% Маңғыстау және Үстірт жерінде екен. Тек бұл ескерткіштер үлкен кеңістікте шашырап жатқандығының өз әсер ететін көрсеткіш. Сондықтан егер біреу оларды көргісі келсе, ол қысқа уақыт ішінде бүкіл аумақты аралап шыға алмайды. Ол мүмкін де емес. Шынында да эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін бүкіл түбекті аралап шығу қанымсыз. Оның үстіне бұл ескерткіштер тек ескерткіш емес, олар бір кездері осы жерде өмір сүрген адамдардың молалары. Сондықтан кез келген адам аталарының моласында қыдырып жүре алмайды. Бұл «туризм индустриясы үшін үлкен минус, яғни туристік ресурстарға қосуға болар еді, бірақ 800 діни-жерлеу кешенінің көпшілігі пейзаждық ұлттық сипат беретін элементі болып қалады, яғни өзінен өзі олар туристік қарау, көру объектісі бола алмайды. Олардың тек бірнеше ондағаны ғана зиярат ету орны бола алады. Осы объектілерге курьерлік ететін ұйым – «Маңғыстау мен Үстірттің тарих және мәдениет ескерткіштері мұражай-қорығының» халыққа «тарих ғажайыптарын» насихаттауға да, көрсетуге де мүмкіндігі жоқ. Бұл, әрине, ондағы жұмыскерлердің мемлекеттік институттарының білімсіздігінен, назар аудармауынан, жеткілікті қаржыландырудың болмауынан.

Бұрын айтылғандай, Маңғыстау облысында діни-жерлеу кешендерінің бірнеше жүзі, ондаған жер асты ғимараттары, үңгірлер бар. Олар осы кезге дейін «әулие» және зират ету орнының рөлін атқарады. Осы объектілерге әулие-әмбиелердің жеке молалары немесе зиярат ету орындары жатады. Шақпақ-ата, Бекет-ата сияқты кейбір объектілер жергілікті ғана емес, аймақтық мәнге де ие. Орталық Азияда мұсылмандардың басты қасиетті орны Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи мазары, ол да тарихи тамырымен аталған объектілермен байланысты. Аңыз бойынша Шопан-ата Қожа Ахметтің оқушысы болған. Бір күні оқу аяқталған соң мұғалім өздерінің шәкірттерін жинап, олар киіз үйдің шаңырағынан жебелер лақтырады, жебенің түскен жеріне олар ислам идеяларын уағыздауы керек. Шопанның жебесі Маңғыстауға түсіп, шағын тауға тиеді. Онда ол жер асты мешітін салады. Сондықтан сол жер Маңғыстаудың сондай-ақ шектес аймақтар мен елдердің жергілікті халқы арасында керемет болып саналады. Қожа Ахмет Яссауидің атымен Даныспан, Қараман-ата әулиелері байланысты. Осы жерлер қазіргі уақытта да көпшілікке белгілі. Басқа орындардан аса көрікті және құрметтісі – Ман-ата, Есен-ата, Сисем-ата, Шілгөз әулие.

Спорттық және аңшылық туризм. Бұл түрлердің үлкен әлеуетті мүмкіндіктері бар. Облыс аумағы жеткілікті көрікті және жабайы жануарларға бай. Бұлар-ақбөкендер, қасқырлар, арқарлар т.б. Алыс жерлерде аңшылардың үйшік-күркелерін салуға болады. Бұл түр әуесқой аңшылық пен фаунаны

қорғау ғылыми негізделіп, үйлескен жағдайда аса тиімді. Маңғыстауда әуесқой балық аулау мен аңшылықты, спорттық туризмнің алуан түрін дамытуға болады. Бірақ соңғы жылдары бір жағынан бақылаудың болмауы және қылмыстық практика болу себебінен, екінші жағынан, биліктің материалдық-қаржылық және моральдық қолдауы жоқтығы себепті ірі тұяқты жануарлар саны апатты деңгейге дейін түсіп кетті. Олардың кейбіреулері толық жойылу қаупінде тұр.

Туризмді дамыту үшін жақсы жолға қойылған көлік желісі маңызды роль ойнайды. Ал көліктің ең экзотикалық түрі дәстүрлі емес болады. Ол-түйе, аттар, есектер, сондай-ақ ХҮІІ ғаысрға дейін көшпенділердің үй-күймелері. Оларда түрлі мақсаттарда пайдалануға болады.

Әрине, туризмді дамыту барлық бәленің дауасы емес. Әлеуетті сұранысты асыра бағалау себебінен тәуекел өте жоғары болуы мүмкін, соның нәтижесінде туристік ресурстар құлдырайды. Сонда да мүмкіндіктер бар. Туризм табиғи, мәдени қоршаған ортаны қорғап, жаңғыртуға ықпал ете алады.

Үстірт шыңдары (1-сурет)



Шерқала (2-сурет)



Ежелгі Шақпақ-Ата мешіті (3-сурет)



Бекет-Ата (4-сурет)



Самал, Ақмыш халықтың демалыс орнына айналды (5-сурет)



Самал



Ақмыш

Өлкенің тарихи-мәдени ескерткіштері.

Маңғыстаудың кең жазығында көптеген сәулеттік-археологиялық ескерткіштер сақталып қалған. Олардың тек тарихшы-ғалымдар үшін ғана емес, сонымен қатар туған жердің өткеніне ой жүгіртетін кез-келген адам үшін де маңызы зор.

Маңғыстаудың сәулет ескерткіштері шартты түрде екі топқа бөлінеді. Олардың біріншісіне мемориалдық құрылыстар- құлпытас ескерткіштер, екіншісіне діни құрылыстар- мешіттер жатады.

Облыста барлығы 300-ден астам киелі деп саналатын жерлер белгілі. Көне топырақта халықтың қоныс аударуына және билеушілердің, нанымдар мен діндердің ауысуына әкеліп соққан табиғи және әлеуметтік сілкіністердің куәсі болып, үңгірлік ғибадатханалар тұр. Көне дүниенің беймәлім шеберлерінің қолынан шыққан олар осы күнге дейін ашылмаған құпияларын тілсіз сақтауда. Біздің дәуіріміздің орта ғасырларында олар Шығыс каспий жағалауындағы алғашқы ислам уағызгерлері-сопыйассауишілердің мекеніне айналды. Халық аңыздары осы ғибадатханаларда адамдарды оқытып, ағартушылық жұмысымен айналысқан әулиелердің абзал істері жайлы сыр шертеді. Жұрт көбінесе мұсылман әлемінде ерекше орын алатын Бекет ата мешітіне келуге ұмтылған. Бұл маңызы жағынан Мұхаммед пен Қожа Ахмет Йассауидің бейәттеріне тең келетін киелі орын. Осында болып қайтқан діндарлар құдайдан Меккеге қажылық жасауға бата алады деп саналады.

Бекет-Атаның есімін айтудың өзі-ақ бәленің бетін қайтаратынына, ал мешітте әулиеге бағыштап намаз оқып, жалбарыну жанды да тәнді де құлан-таза сауықтыра алатынына кәміл сенеді.

Маңғыстаудан Хорезмге баратын көне керуен жолына жақын орналасқан Шопан ата қорымы түбектегі ең көне болып табылады. Қасиетті Шопан атаның жер асты мекеніне түрлі ұлт пен түрлі діндегі адамдардың бір ғана ғасыр қойған жоқ.

Көне маңғыстау жерінде халықтың сәулет өнерінің барлығы 10 мыңнан астам ескерткіштері бар, олардың тарихи және мәдени құндылығын мамандар куәландырған.

Маңғыстау шешілмеген жұмбаққа толы. Бұл жер о заманнан ойшылдарды, философтар мен уағызгерлерді дүниеге келтіріп, өзіне тартып отырған. Олардың өз ұрпақтарына қалдырған рухани мұрасы-өлкенің басты байлығы. Түбек тұрғындары өз тарихын мақтан тұтады, өткен ғасырлардың куәсі болып табылатынның бәрін мәпелеп сақтап, ұлы бабаларының аруағын қастерлейді.


Тарихи – мәдени ескерткіштер.

Шақпақ – Ата – Шиліқұдық жеріндегі жартастан қашалып жасалған жер асты мешіті. Ол шамамен 9 – 10 ғ-дағы сәулет өнері ескерткішіне жатады. Шақпақ – Атаны жергілікті тұрғындар киелі орын ретінде қадір тұтып қастерлейді. Мұнда Адай руының бірқатар танымал перзенттері жерленген. Шақпақ – Ата мемлекет қарамағындағы ескерткіш – қорым болып есептеледі.

Шопан – Ата – Маңғыстау мен Хорезм арасындағы керуен жолының бойына (түбектің оңт.-шығ.жағында) орналасқан ескілікті сәулет өнерінің ескерткіші. Оның доғадай иіліп келген тау жынысының солт.-батыс жағынан тұрғызылған жер асты мешіттері бар. Бұл 10 – 13 ғ-дағы озық үлгідегі ғимараттар тобына жатады.

Сұлтанепе – ел аузында сақталған деректер дәйегіне қарағанда Құл – Сүлейменнің немересі. Оның есімі ел ішінде «Бахрғани» жазбасының иесі, сондай – ақ су апатына тап болғандардың қорғаны ретінде де белгілі болған. Кезінде адамдар «Сұлтанепе, сақтай көр пенденді су апатынан» деп сиынады екен.

Есен – Ата – Шетпеден Жетібайға баратын үлкен қара жолдың шығ. Жағында орналасқан қорым. Ол Бекі елді мекенінен Жетібайға көтерілетін биік жалдың үстінде. Қорым пәлендей көп емес. Батыс жағынан 5 км – дей қашықтықта салынған жер асты мешіті бар. Әдетте жергілікті тұрғындар Есен – Атаның бейітіне



Белеулі керуен сарайы. XIV ғ. бірінші жартысы.



Ерсары қайрағы.



Сислем-Ата қорымындағы көне белгі.

келіп зиярат етеді, мешітіне барып түнейді.

Ел ішінде киелі орын ретінде белгілі Есен – Ата қорымы шамамен 12 – 13 ғ. ғимараты деп есептеледі. Қорым мемлекеттік есепке алынған.

Бекет – Ата – 1750 – 1813 ж. өмір сүрген, кезінде діни білім алған, ел ұғымында әулие адам. Ол Жем бойында, Бейнеуде мешіт салдырған. Бекеттің соңғы мекені саналатын Оғыланды тауындағы мешіті 1777 – 80 ж. тұрғызылған. Бұл күндері ол елдің көп баратын, зиярат етіп, түнейтін бірден – бір киелі орны болып табылады.

Құрманалы әулие – Шетпенің шығ. Жағындағы Қаратаудың күнге бетінде Шоң деп аталатын жердегі бейіт. Ол шамамен 1750 – 1800 ж. өмір сүрген, аса білімдар, көріпкел Құрманалы әулиенің құрметіне тұрғызылған. Айтқаны қате кетпейтін әулие кезінде мешіт салып бала оқытқан, кемтарларға қол ұшын беріп, көмектескен; ауырған адамды емдеп жазған. Оңды ауылындағы әулиенің ұрпақтары мешіт тұрғызып, бейітін күтімге алды әрі басына белгі қойды.

Бекбаулы – Ата – шамамен 18 ғ-да өмір сүрген, Бекет атамен қатар өскен адам. Бейіті қазіргі Куйбышев атындағы кеңшардың Ұланақ деген жерінде. Бекбаулы Адайдың Шоңай руының ұрпағы, ел құрметтеген айтулы сынықшы. Ұрпақтары басына күмбез тұрғызып, белгі қойған.

Сабынды әулие – Маңғыстау ауданының Ақтөбе ауылдық кеңесіне қарасты Қарабарактының оңт. Жағында орналасқан ескілікті



Аспи қамалы.



Ұзынбас қамалы.



Қоя құймас.



Құрылған ел ұрпағы.

қорым. Топырағы кәдуілгі сабын сияқты көпіршиді, кір ашады. Бұл табиғи қасиеті күні бүгінге дейін сақталып келеді. Жергілікті тұрғындар осы қорым топырағының ерекше қасиетіне қарай оны «Сабынды әулие» деп атаған. Ал ескі қорымға келіп түнеушілер қай кезде де аз болмаған.

Сонабай әулие – Адайдың Мұңалынан тараған Ескелді тайпасының перзенті. Шамамен 18 ғ-дың 2-жартысында өмір сүрген, қасиет дарыған кісі болған. Оның сүйегі қойылған бейіті маңында жер асты мешіті құрылысының орны сақталған. Қазіргі Маңғыстаудағы Ақтөбе ауылдық кеңесінің жерінде орналасқан.

Масат – Ата – Маңғыстау жайындағы тарихи жазбаларда айтылатын белгілі орын. Ақтөбе ауылдық кеңесіне қарасты Жарма елді мекенінің шығ. Жағынан 10 – 15 км-дей қашықтықтағы қара жолдың бойына орналасқан ескілікті қорым.

Саназар әулие – қазіргі Форт – Шевченко (Кетік) қаласынан 35 км қашықтықтағы киелі орын. Саназар шамамен 18 ғ-дың 2-жартысында өмір сүрген қасиет иесі, киесі мол адам болған.

Көркембай мешіті – Бейнеуден 40 км-дей қашықтықтағы Манашы сайының бойындағы мешіт. Оның төбесіне үлкенді – кішілі 30 күмбез орнатылған; 26 бөлмесі, ал ортасында намаз оқитын, құран, кітап, шырақ қоятын орын бар. Мешіт иесі – Адайдың Жеменейінен тараған Ақбота



Түйе бейнесіндегі өскерткіші пен көне құлпытасы бейіт.



Құлпытастар. Қарашұңғұл қарымы. XIX ғ.



Көне құлпытас және қарағашты зират.

руының перзенті Көркембай Бектұрлыұлы.

Айназар әулие (1790 – 1870 жж.) Кетік (Форт – Шевченко) қаласынан 8 км-дей қашықтықтағы Шүйді сайының басталар тұсындағы ескі үлкен қорым. Айназар әулие тарихта болған адам, оның ұрпақтары қазіргі Маңғыстау мен Қарақия аудандарында тұрады.

Шолақ пен Жарты – қазіргі Маңғыстау ауданының Шайыр ауылындағы киелі орын, бейіт. Шежіре бойынша Шолақ пен Жарты Адайдың Түрікпенадайынан тараған Маябас ұрпағы. Олар 18 ғ-да өмір кешкен. Екеуінің әкесі Қиянның ойына егін салып, сонымен күнелткен шаруа адамы болған. Жергілікті тұрғындар қос әулие жатқан жерді құрметтеп қастерлейді.

Қапам әулие – Тұщықұдық ауылының Қияқты елді мекенінен 4 км-дей қашықтықтағы киелі орын. Адайдың Бейімбетінен тараған Әтембек руынан шыққан Қапам әулие шамамен 1750 – 1810 жж. өмір сүрген.

Бала әулие – Шайырдағы Қырықкез қорымының оңт. Жағынан 5 км-дей қашықтықта орналасқан киелі орын.

Есімқұл әулие – Шілкөз қорымындағы бейіт. Шамамен 19 ғ-да өмір кешкен көріпкел, білгір адам.


Төлеген әулие – Шайырдың бат. жағындағы «Тасжол» деген жердегі киелі орын. Мұнда жергілікті тұрғындардан өзгелер біле бермейтін Төлеген мешітінің ескі орны бар.



Сұтпан-епедегі михрабтас.



Ою-өрнекті сағана там.



*Сағана там, Сағындық қорымы.
XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы.*



Асанқожа Нұрмұхамедтің сағана тамы.

Ақбота Бүркіт – Ата – Маңғыстаудың Бозашы түбегінде қазіргі «Ақшымырау» кеңшарының Тасорпа деген жеріндегі киелі орны.

Қайып қорымы – «Ақшымырау» кеңшарының Құты жайлауында орналасқан. Көпшілік құрметіне бөленген танымал орны.

Көсем – «Ақшымырау» кеңшарының Үлек жайлауында орналасқан киелі орны. Адайдың Есен Тарауынан шыққан атақты құмалақшы Көсем көпіркелдік қасиетімен есімі Түбекке танымал болған. Шамамен 19ғ – да өмір сүрген. Кейін жергілікті тұрғындар оның басына келіп түнейді, әулие аруағынан үлкен медет күтеді.

Қаңға баба қорғаны – Қаңға баба бейітінен 3-4 км – дей қашықтықтағы дөң маңында орналасқан. Қорған уақытша, керуеннің жолына бекініс және шаруашылық үшін өңделмеген тастардан шамамен 11-12ғ-да тұрғызылған.

Қарлыбас қорғаны – Ақтау қаласының солт.жағынан 70 км-дей қашықтықта орналасқан. Ол бекініс үшін өңделмеген тастардан уақытша керуен жолының бойына салынған. Қорғанның құрылысы шамамен 11-12 ғ-да тұрғызылған. Қазір мемлекет қорғауында.

Қошқар – Ата қорымы – Ақтау қаласының солт.жағынан 17 км қашықтықтағы Ақтау – Форт- Шевченко жолының бойында орналасқан.

Қырықкез қорымы – Шайыр ауылының солт.-шығ.жағынан 12



Сағала ташның бу бұрышы.



Күрөштөң-өңгө қорымындағы сүргенгә келе қалмақ.



Қайтас. Сейсем-Ата қорымы. ХІХ ғ. ІІ жартысы.



Үштас. Қамысбай қорымы. ХХ ғ. басы.

км қашықтықта орналасқан. Қорымда 12 ғ-да тұрғызылған күмбезді там және әр кездерде қойылған сағана тамдар кездеседі.

Долы ана қорымы – Ақтау – Қаражанбас жолы бойындағы 95 шақырымдығының бат.жағынан 3 км-дей қашықтықта орналасқан. Қорымда 200-ге жуық ескерткіштер бар. Оның ішінде 2 күмбезді там, сағаналар, әсіресе қойтастар көптеп кездеседі. Бұл қорымдағы алғашқы әскерткіш – белгілер ортағасырлық ескерткіштерге жатады. Қойтастардың көпшілігінде араб әрпімен сөздер жазылған. Қорым мемлекет қорғауында.

Ақүйік қорымы – Шетпе пос-нің шығ.жағынан 17 км-дей қашықтықта орналасқан.

Масат – Ата қорымы – Маңғыстау ауд., Жарма ауылының солт.-шығ.жағынан 5 км-дей қашықтықта орналасқан. 10-19 ғ-да тұрғызылған. Мұнда 500-ден аса ескерткіш бар. Оның ішінде 4 күмбезді там, он шақты сағана там және құлпытас, қойтастар қойылған. Масат – ата жер асты мешіті қорымның оңт. жағында, тастан қашалған қошқарлардың бейнесі бар. Қорым орта ғасырдан бастап пайда болған. Қорым мемлекет қорғауында.

Алаторпа қорымы – Алаторпа қорымы Маңғыстау ауд-на қарасты Алаторпа жерінде орналасқан. Қорымда 36 ескерткіш бар. Оның ішінде күмбезді там, сағана, қойтас, құлпытастар және тас қоршаулар кездеседі. Қорымда 1868 – 70 ж.



Қошқартас. Бейнеу қорымы. XIV–XVI ғғ.



Койтас



Өрнекті қойтас.



Үйтас.

ұлт-азаттық көтерілісі басқарушыларының бірі Иса батыр жерленген. Қорым мемлекет қорғауында.

Қосмола қорымы – Сейсем-ата қорымының солтүстік жағында орналасқан. Мұнда екі күмбезді там болған, оның біреуі мүлдем құлаған. Екіншісінің күмбезі қираған. Бұл тамдар орта ғасырда салынған қара там дейтіндерге жатады. Тамның жартастары бетінде неше түрлі таңба белгілері бар. Шамамен бұлар 11-13 ғ-да салынған. Қорым мемлекет қорғауына алынған.

Асау қорымы – Кіші жүз батыры Асаудың есіміне байланысты аталған. Қорымда 200-ге тарта ескерткіш, оның ішінде күмбезді там, сағана, қойтас, құлпытастар бар. Сонымен қатар сәулет ескерткіштерінің тағы бір түрі сандықтас та кездеседі; сандықтастардың (Кетік) қ-ның шығ.жағынан 25 км-дей орналасқан. Қорымда 100-ге тарта әр түрлі ескерткіш және солт.-шығысында қираған қорғанның орны бар. Қойтас, бестас, құлпытастар 17-18 ғ-дағы жергілікті тұрғындар өнерінің ерекшелігін көрсетеді. Бейсенбай қорымы мемлекет қорғауында.

Жер асты ғимараттары. Маңғыстау мен Үстірт тарихи ескерткіштерінің үлкен бір тобын жер асты ғимараттары құрайды. Олар негізінен өлкенің таулы өңірлерінде шоғырланған. Жер асты ғимараттарының ең ежелгі үлгісі Сарытас шығанағына таяу сай бойындағы Шақпақ – Ата



Сандықтас бейіттер. Сейсен-Ана қарыны. XIX ғ. I жартысы.



Сандықтам, құмытас ескерткіштер.



Күмбез, сағанатам, құмытас, ұштас, бестас түріндегі ескерткіштер.




Көне күмбездер. Қарындас қарыны. XIX ғ.


мешіті болып саналады. Мешіттің шығ.жағындағы кіре берісі үш бұрышты арка кескінді. Арканың сыртқы босағасының екі жағын тастан қашалған қабірханалар алып жатыр. Есіктен кіргеннен кейін үлкен (4,5-3,22 м) зал, оның едені шыға беріс есікке қарай еңкейіңкі. Төрт бұрышта қабырғадан жартылай қашалған төрт ұстын бар. Ұстындар арасына арка кескінді мандайша қашалған. Күмбезді төбеден диаметрі 1,2 м, биікт. 5 м ойық тесілген. Ойық аузында мешітті желден, жауыннан қорғайтын дің кескінді биікт. 3,9 м құрылыс бар. Зал төрінен айналма сатылы есік шығарылған. Мешіт ішінің ішкі қабырғаларында араб әрпімен жазылған кісі аттары, құран сүрелері, сопылық өлеңдер, аттың, өгіздің нобайы бейнеленген.

Шақпақ – Ата жер асты ғимаратын 1966-68 ж. А. Г. Медоев, ал 1975 ж. М. Меңдікұлов зерттеді. Олардың пікірлері бойынша, ескерткіш 9-10 ғ-дан жеткен мұра болып табылады.

Шопан – Ата жер асты мешіті Оңт. Маңғыстау өңірінде, бағзы Хорезм керуен жолының бойында. Солт. шығысқа қараған сай тұйығынан қашалған үлкен бөлме.




Шопан-Ата зиратындағы сағанатам.



Маңғыстау құлтыастары.




Сүгір жырауға ескерткіш. Шопан-Ата.






Шопан-Ата жерасты гимараты.



Өрнекті құлпытас.



Оғыланды әулие кұмбезі.

II – тарау Аймақтағы Кендірлі курорты



Жаңаөзен қаласы ауданындағы, Фетисов шығанағы ауданындағы теңіз жағасында "Кендірлі" демалыс базасы орналасқан, жазғы демалыста оған барлық елден туристер келеді, объектінің деңгейі мен комфорты әлемдік стандартқа сәйкес келеді.

Бұл ауданда жақын кезеңде республикалық балалардың сауықтыру лагері құрылысын салу жоспарлануда.

"Кендірлі" демалыс аймағын дамыту жоспарын Жаңаөзен қаласынан 70 шақырым жердегі Кендірлі бұғазында жүзеге асыру жоспарланған. Бұл үшін аумағы 1700 га болатын жер телімі бөлінген.

Кендірлі курорттық аймақ келесі жобада негізделеді.

- Жалпы жобаның ауданы-1700 га,1000 га курортқа бөлінген.
- Барлығы 23 отел 13000 койко-орын сыйымдылығымен;
- 8000койко-орын басқа орналастыру орындарында
- 500 үй және жеке меншік виллалары;
- 500 га-дан көп тек қанажасыл аймаққа және баққа бөлінген.
- 11 км жағалаудағы фантастикалық құм мен жағалаудағы тартымды саяжол;
- Төрт мақсаттық топтарға арналған курорттық аймақ;
Туристерді қызықтырушы тематикалық бақ және объектілер:
- Жібек жол бағы;
- Аквапарк;
- Көңіл көтеру және оқиғалардың бағы;
- Ботаникалық сад;
- «Ақсу» Каспий жұмақ аквариумы;
- Ашық аспан астындағы музыкалық театры;

Әртүрлі коммуналдық салулар:теплицалар,су тұщытатын зауыт,ағынды суларды тазарту зауыты және т.б.

Кендірлі курортына келесі курорттық төрт аймақты қосады:

- «Шайыр» жұмақ гольф;
- «Мерет» су жұмағы;
- «Бозжыра» ерік отелі;
- «Тамшалы» алданыштардың жұмағы;
- «Ақсу»каспий жұмақ аквариумы;
- «Босаға» отбасы жұмағы;

«Кендірлі» туристік аймағы (7-сурет)

Кендірлі аймағында курорттық зона құру

☑ **Маңғыстау облысында 2015 жылға дейін туризмді**

дамытудың жобасы жасақталды.



- ✓ Жыл сайын 330 000 турист
- ✓ 1,7 мың . га курорттық зона

✓ Әлемдік туристік брендтарды тарту

✓ 23 қонақ үй салу



Кендірлі халықаралық аэропорты

Жобадағы ең басты жұмыстардың бірі – автокөліктер мен теміржолдарды салу ісін өркендету. Бұл ретте, жобаны жасақтаушы компаниялар Сай-Өтес – Қызылсай автокөлік жолы мен Сай-Өтес – Жаңаөзен темір жолын салуды ұсынған. Бұл туризм саласының дамуына бірден-бір пайда

Міне, бұл - мұнайлы қаланың 2015 жылға дейінгі дамуының шағын ғана айқын жолы мен нақты тұжырымдамасы. Ал оны қаржыландыру көзін жобаны жасақтаушылар аймақтық бюджет пен инвесторлардың қалтасынан бөлінеді деген шешімге келген. Құптарлық жайт. Өйткені, ел еңсесін көтеруге қомақты үлес қосқан Жаңаөзеннің өзінің де кеудесін көтеріп, жаңару жолына түсер шағы әлде қашан-ақ жеткен болатын. Ендігі бар мәселе – жаңаөзендіктердің осы іске тілеулес болып, жұмыстың ойдағыдай атқарылуына өзіндік үлесін қосуы ғана.

Ал енді «Кендірлінің» бойы теңіздің жағасы. Бұл енді «Елубайдың» әулиесі деген әулие бар. Ол баяғы атақты күйші, жыршы Елубай емес. Бұл басқа әулие сияқты. Себебі мұның ерекшелігі «Кендірлінің» бойында мешіт болған. Мешіт тастан қаланған. Түнеухана болған, ел барып түнеген. Ал енді «кендірлі» дегеннің өзі, бұл 1950-54 жылдары кендір өндірілген. Кендір деген кішкене ғана шөп, тамырын алып, шөбін алып, арқан есетін содан Кендірлі атанып кетіпті.

Кендірлі туристік ауданы рекреация мен туризмге арналған ең оңтүстік және шеткі учаске. Оған Қазақ және Кендірлі шығанақтары кіреді. Ракушечный және Адамтас мүйістерінің арасынан Қазақ шығанағы құрлыққа

еніп тұр, ортасында Кендірлі еңсіз жолағы өтіп жатыр, Қазақ шығанағының солтүстік жағасының орта бөлігінен биік Токмақ тас мүйісі шығып тұр. Осы мүйістен шығысқа қарай 20 км тағы бір елеусіз Құмақ құмды мүйісі бар. Әрі қарай Кендірлі жолағының шетінен бірнеше шақырымда Фетисов ауылының құрылысы құлаш жайған Порсу төменгі құмды мүйісі теңізге шығып тұр.

Бұл шығанақты алғашқы рет Каспий теңізінің картасына А.Бекович-Черкасск «Қызыл» деген атаумен енгізген. Кейінірек 1724 жылы бұл шығанақ карталарда «Петербай» - «Петр шығанағы» деген атаумен белгіленді. Кеңес үкіметі кезінде шығанақ Қазақ шығанағы деген атау алды.

Жергілікті халық үшін бұл жерлерді ешкім алып берген жоқ, яғни олар ашылғанға дейін мұнда өмір сүрген.

Кендірлі жолағы күшті теңіз толқынынан қауіпсіз, шомылуға өте ыңғайлы айдын құрайды. Жақсы құмды жағажайлармен үйлесім тапқан ұзақ шомылу маусымы мен аса жылы теңіз суы-осы учаскенің басты ресурсы.

Учаскенің аса әсем жерлерінің бірі – «теңіз ортасындағы тұщы су жолағы». Олар туралы мәліметтер жергілікті фольклор мен орыстың тарихи құжаттарында келтірілген. Капитан И.В.Токмачев пен инженер-майор Л.Л.Ладыженскийдің басшылығындағы экспедиция 1764 жылы, 1720 және 1731 жылы шыққан Каспий теңізінің карталарында белгіленбеген қисық және шағын аралмен шектелген бухтаға келеді. Бұл Кендірлі шығанағы мен Ағыс-ада аралы екен. Ағыс-ада аралында зерттеушілер тұщы сулы жолағы бар бұл жер (арал) жергілікті Темір-баба әулие атымен байланысты.

Темір-баба – жебеуші-пір, су иесі. Бір күні шөлден өлейін деп жатқан киікті көріп, оны аяп, жерге түкіріп жібергенде бүлсіп киік тобының шөлін қандыратын су пайда болған деп те айтады. Темір-баба өткен жерлерде су шығып, құраған шөптер мен бұиалар қайтадан көгереді деген сенім сақталған. Темір-баба мифологиялық бейнесін қайта құруға мүмкіндік бар. Оның ғылыми-фольклорлық және жасанды-әдеби бейнесі жылы теңізден басқа ерекше, туристі тартуға қабілетті болашақ Кендірлі шығанағы туристік кешеннің бүкіл идеялық-композициялық жобасы соның айналасына бірігетін объект болады. Ал Темір-баба бейнесі басты объект, учаскенің басты әдемі жері бола алады. Қасиетті адамның ескі бейітінің орнында әулиенің мифологиялық бейнесіне жауап беретін жаңа үлкен сәулетті және ландшафтты кешен пайда болуы керек. Әрине, ол үшін жаңа нәрсе ойлап табатын адамдар керек. Маңызына қарай Темір-бабадан кейін көзбен шолатын-туристік объектілер Көкбөрі және Ожабай.

Кендірлі шығанағы мен Фетисов ауылының маңында діни-салт мәніндегі басқа да объектілер бар, бірақ олар жөнінде мәлімет жиналмаған, сондықтан кейбірін ғана атай аламыз. Ол - Әжібай (Кендірлі шығанағынан оңтүстікке қарай 60 км), Қосашы (Қазақ шығанағының жағалауы оңтүстікке қарай 60 км), Тамды (оңтүстікке қарай 45 км), Бескемпір (Фетисовтан оңтүстікке, оңтүстік шығысқа қарай 110 км, Қаясанирек), Бескемпір -2 (солтүстік-батысқа қарай 40 км), Қақпақты (оңтүстік-оңтүстік шығыс, 20-25 км), Жаздымсары (оңтүстік-шығыс 27-30 км), Жазғұрлы (шығысқа қарай 55 км, Жазғұрлы ойпатының шеті), Мақат (2-3 км, солтүстік-шығыс), Табыната-Құмшоқы (93-95 км,

оңтүстік-шығыс, Жазғұрлы ойпатынан оңтүстікке 7 км), Қауынды (оңтүстікке қарай 26 км).

Қауынды, Басғұрлы-Жазғұрлы тұйық нүктесіз ойпаттары туралы ландшафтты-бедермен бағалайтын материал жоқ, олар тартымды болып келеді.

Кендірлінің тарихи аңыздық-мифтік өткенімен байланысты ақпаратты тәрбие мақсатында да қолдануға болады. Тек оны шебер жасай білу керек.

Кендірлі демалыс аймағы 2001-2002 жылы Жаңа-өзен мұнайшылары үшін салынған. 154 орынға арналған, жабық бассейн, ашық аспан астындағы бассейн, қонақ үй, аэродром, спорт алаңдары (теннис, футбол, волейбол), жазғы кафе т.б. – осының бәрі әлемдік стандартқа сай салынған.

2002 жылы 6-7 шілдеде осы жерде Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан президенттерінің ресми емес кездесуі өтті. Мемлекет басшыларының мұндай кездесулеріне арналған талаптарды қандай екендігінен-ақ демалыс базасының жағдайын бағалай беруге болады.

Демалыс аймағында отбасылық 4 каттедж, жастарға арналған 10 каттедж, қонақ үй, мейрамхана, кафе, саунасы бар ашық және жабық бассейндері, коммуникация жүйелері, спорт алаңдары бар.

Демалыс аймағының аумағы – 133 мың шаршы метр, оның 62,3 мыңы – көгалдандырылған учаскелер: 1178 ағаш, 9814 бұта, 2515 түрлі гүлдер, 37,5 мыңы-көгалға берілген.

Осының барлығы 4-5 айда салынған, ол кезде мұндай объектілерге 3-4 жыл кетеді.

Кендірлі демалыс курорттық аймағының даму жобасы.

Мамандардың мәліметтері бойынша, Кендірлі шығанақ аумағында жаға жайлық туризм табысты дамуына арналған жақсы табиғи шарттар, барлық Қазақстан Каспий теңізі жағалауында.

Кендірлі шығанағы жаңа заманғы жағажайлық курорт үшін тамаша орын болып келеді: климаттың жақсылығымен, Қазақстандағы біркелкі климаттың бірі, жағажайлық мезгілі сәуір айынан қазан айына дейін және жұмсақ қысты қосқанда, керемет теңіз суының сапасымен және таңқалдыратын су астындағы дүниемен.

Кендірлі демалыс курорт аймағы шығанақтың солтүстік бөлігінде жақсы орналақан.

Жобаға өзіндік қосады:

- Кендірлі шығанағының солтүстік бөлігінде жаңа курорттық демалыс аймақ құрылысы;
- Құрылыс-шығанақ, зауыттың ағынды су сулардың тазалауымен және теплица;
- 20 км қашықтықта жаңа халықаралық әуежай құрылысы. Шығысқа жаңа Кендірлі курортынан халқаралық әуежай Кендірлі демалыс курорттық аймақ;
- Жаңа қала құрылысы, негізінде қызметкерлерге арналған курорттың келешегінде және олардың жанұясы - жаңа (Кендірлі қаласы);

- Кеңейту және реконструкция қасиетті орын Темір-баба Кендірлі шығанағының оңтүстігінде;
- Жасау орталық зерттеумен және Кендірлі шығанағында ақсерке жағуына (әсіресе, бекірулердің күзетіне арналған);
- Дара эксклюзив вилла Кендірлі шығанағында;
- Табиғат қорғаушылық аумақ шекараларының қатал сақтауы жанында жоба өңделген болатын-тұрақтылық аспектілері;

Келушілерді болжау.

Тұтынушылардың сұрауы, өткізілгендер Қазақстанда, Ресей және басқа да халықаралық базарларда, өздерінің демалыстарын келешекте Каспий теңізі жағалауындағы курорттық демалыс орында өткізуге қызығушылық білдіруде.

Келушілерді болжау есептеуі бойынша анықталған, сұраныс потенциалы 2015 жылы жылына 300000 туристі біріктіреді, соның ішінде:

46%-ы Қазақстаннан;

42%-ы Ресейден;

12%-ы басқа халықаралық базарлардан (Ұлыбритания, Германия);

Болжаушылардың мәліметі бойынша, келушілердің көлемі (300000 туристер) және мекендеудің орта бойлығын береді (11 керурет-тәулікке), керурет-тәулікке болжау көлемі бойынша, Кендірлі курортына жылына 3,3 млн керурет-тәулік.

Сонымен қатар тұтынушылардың сұрақ үлгілері және орналастыру орындарының категориялары белгілі, Кендірлі демалыс курорттық аймақ потенциалды туристілердің қажеттіліктеріне лайықтылар:

60%-ға жуығы потенциалды туристілерді Кендірлі демалыс курорттық аймақтарда, отельдерде орналасуды қалайды, мұнда 13000 жуық койко-орын талапқа сай.

Көңіл бөлу мен нақты категориялар бар: өрескел сөйлеу, құштарлық деңгейі бірдей 4*, дәл солай 3* отельдерде. Қызығушылығы төмен 5* отельдерге және одан да төмен 2* отельдерге.

Қалған 40% потенциалды туристер Кендірлі демалыс курорттық аймақта, керісінше басқа орындарға орналасуды қалайды, талапқа сай 8000-ға жуық койка-орын бар. Бұл бірінен бұрын, өзіне қосады 3* апартаменттер және қарапайым 2* коттеждер, бірақ сонымен қатар және жайлы жиһазбен жабдықталған 3* демалу үй және 3* коттеждер. Қазақстандықтар негізінен басқа орындарға септеледі.

Қызығушылық назар Кендірлі демалу курорттық орындарда үйді немесе вилланы алу үшін. Мақсаттық топ- қазақстандықтар мен ресейлер табысы жоғары дәрежесімен.

Қорытындыда 500 үйді және вилланы 2 типін салуға болады.

250 сәнді вилла гольфі

250 кемежай вилласы

Экономикалық табысқа арналған ең маңызды аспекті курортты құру, койко-орындарын сыйымдылық болжауынан келеді, потенциалды сұранысқа лайықты.

Койко-орындардың 2015ж сыйымдылық көрсеткіші және Кендірлі курортына арналған орындардың орналасу келесі бейнемен көрінуі тиісті:

Сыйымдылығы: 21000 койко-орын туристер үшін;

Жеке үй және вилла: 500 жеке меншікке арналған.

Орналасу орындардың осындай санымен 2015 ж Кендірлі демалыс курорттық аймақ жақсы көрсеткішке жете алады, инвестицияларды қайтару үшін.

Транспорттық жүйенің шешілуі.

Жеңіл машина жолдары.

Транспорттық жүйені жобалаудың идеясы жеңіл машинаны қамтамасыз етуге болады, тез және жайлы барлық участка рұқсатпен барлық аумақ шектерде шек қойылған мүмкіншіліктермен адамдар үшін алдын ала ескеріледі.

Жобалы аумақ артынан транспорттық құралдарға арналған жолдардың 3 үлгісі жоспарланған, жаяуларға арналған, автовакзал және тік ұшақ станциясы.

Қоғамдық транспорттық қозғалыс жүйелерін жасауға арналған 2 автовокзал қамдануын ұсынады: бірі жанұялы жұмақ аймағы «Босаға» және алданыштарының жұмақ аймағы «Тамшалы», «Шайыр» гольфі жұмақ аймағында тік ұшақ алаңы жоспарланып отыр.

Машина қоятын жерге арналған орын.

Машина қоятын орын барлық объекте орналастыру жоспарланған. Қоғамдық жерге, сауда-саттық аудандарда, мейрамханаларда, кафе барларда, тегін жағажайлықта, жасыл зоналарда, аквапарк пен спорт орталықтарында машина қоятын арзан орын ұсынады.

Сонымен қатар, су жұмағы «Меретте» үлкен жерасты автомобильдік аялдама 27000 км² территорияда болашақта орналасады.

Жаяу жүргіншілер сеті.

Жаяу жүргіншілер ауы транспорттық шешілулердің ауында интеграциясында және жасыл зонада. Саяжолдар жиекті бойлай салынады және уақыттары жақсы өткізуге арналған орын болады. Жаяу жолдарда жүгіріске арналған жолақ болады, велосипетпен, дөңгелек шаңғымен жүруге арналған.

Ауыз су жүйесі

Ауыз суға тапшылық-Маңғыстау облысының мінездемелі сызығы. Тіпті учетамен Кендірліге арналған су құбырының жобасының бар болуы, үлкен өнімділік қажет, аймақты жергілікті ауыз сумен қамтамасыз етеді.

Демек, жаңа курорттық аймаққа тұщыландыру заводы салынуы қажет.

Тұщыландыруға қажетті технологияларды таңдағанда, жақсы бағасына +сапасына, аз ластануына, жеңіл ұзақ мерзімді ұстануына мән беру керек.

Теңіз суын тұщыландыру заводы Кендірлі демалыс курорттық зонасын солтүстікке 4-км-де орналасқан және сонымен қатар келешекте «Кендірлі қаласында» қамтамасыз етуі керек.

Ағынды сулардың жүйесі және кетулерді өңдеу.

Кендірлі демалыс курорттық зонасындағы қоршаған күзеті және Каспий теңіздері ерекше маңызды. Ағынды суларға акцент жасау және кетулерді өңдеуге лайықты жүйесіне қажеті. Кендірлі демалыс курорттық зонасы және «Кендірлі қаласы». Ағынды сулардың толық тазалануымен және кетулерді өңдеуге кепілдік береді.

Электірлік жүйе

Ұсынылады, қандай болмасын қосымша Кендірлі курортына арналған анықталмаған өндіріс қуаттылығы болады және «Кендірлі қаласында да». Ұлттық бірінғай энергетикалық жүйе стандартты күшті токпен тап осы аумақта электр жүйесі болады. Жалғыз жердегі электірлік құрылымдар көшелерді жарықтандыру болады және басқа да түзу және аласа токтың қажетті жүйелері болады, сондайларға, бағдаршадар сияқты, қауіпсіздік жүйелері, ақпараттық жүйелер және т.б.

Басқа инфрақұрылымдық жүйелері.

Денсаулық сақтау.

Алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуіне арналған денсаулық орталығы құрылысы ұсыныс жасайды, өзіндік шапшаң көмек қызметкерлері бар, дәрігерлік кабинеттер, лабороториялар, дәріхана және жанұялы пункті де бар. Парасатпен емдеуге арналған дамыған дәрігерлік орталық тау ұсынылады, әртүрлі транспорттық құралдарда, санитарлық тік ұшақты қосқанда.

От сөндіру тобы.

Жаңа Кендірлі демалыс курорттық зонасы және «Кендірлі қаласына» от сөндіру станциясы ұсынылады. Бұл станцияда қзіндік транспорттық құрылғы, баспалдағыштар және су тасушы қызметшімен жұмыс күнін толық жасайты, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес.

Қауіпсіздік.

Әрбір салудың өзіндік күзет құрылғысын ұсынады. Полициялық участкені жаңа «кендірлі қаласына» орналастыру болжанады. Келушілер өздерін жақсы сезіну үшін, қауіпсіздік қызметі шыдамды патрульдер түрінде жоба жасалынуға міндетті. Ө

Қауіпсіздік қызметі көзге көрінбейтін құрылғылармен қолданылады, мынадай, камералар тораптарда, маңызды жерлерде орналасқан.

Телефонмен шұғыл шақыру әрбір көшеде 500м сайын орнатылады.

Жаңа халықаралық аэропорт.

Жаңа аэропорт Кендірлі курорты және Жаңаөзен қаласы арасында орналасқан. ARC дәрежесі, кендірлі аэропорты үшін қабылданған. DVI- әуе кеңістігіне сай келеді. «Боинг B747-500X 600X» және «A3XX 100,200» сияқты. Осындай Кендірлі аэропортындағы мөлшеріне құрылғы, кеңістікте үлкен талаптарға сай болуы сияқты, бұл аэропортты әскери мақсатта қолдануға

мүмкіндік береді. Аэропорттың сыйымдылығы жылына 1 млн жолаушыдан тұрады, сонда жылына 5500-ге жуық тұрғындарына алып келеді.

“Ақтау - Сити”

Ақтау — Қазақстанның оңтүстік-батысындағы қала, Маңғыстау облысының орталығы.

1964 жылдан 1991 жылға дейін украин ақыны Тарас Шевченконың құрметіне Шевченко аталған.

Климаты — тез континенталды, құрғақ және өте ыстық жаз. Орташа температурасы: қаңтар айында -4°C , шілдеде $+27^{\circ}\text{C}$. Қала Каспий теңізінің жағасында орналасқан.

Ұлттық құрамы — қазақтар, орыстар, украиндықтар.

Өндірістік қала, мұнай және газ өндіріледі.

Ақтау қаласы Ленинград қаласының үлгісі бойынша қалана бастады. Қалада 32 шағынаудан бар. Әрбір шағынауданда шамамен 20-30-дай үй бар, әр үйде орташа есеппен алғанда 60 пәтер бар. Ақтау қаласының басқа қалалардан ерекшелігі: көше аттарының болмауы. Қала шағынаудандарға бөлінгендіктен керекті жерді табу оңай.

Жаңа Ақтау-Сити қаласы салынууда

- Маңғыстау облысының орталығы Ақтау қаласының іргесінде құны 40 миллиардтай доллар болатын елдегі аса ірі жобаның бірі іс жүзіне асырылады деп жоспарланған. Бұл жобаның басты мұраты жаңа қала Ақтау-Ситиді салу. Бұл кент туристік, кәсіпкерлік және ойын-сауық орталығына айналмақшы.
- 2020 жылға таман, яғни құрылыс жұмыстарының аяқталу кезеңінде қалада 1 миллион адам тұратын болады деген жорамалданып отыр. Демек, бүгінде 150 мыңдай саналатын Ақтау қаласы халқының саны едәуір өсіп кетпек.
- Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев, 2007 жылдың күзінде жаңа қала іргетасының алғашқы кірпішін қалап жатып, Ақтау-Сити «Қазақстанның інжу-маржанына» айналады деген еді. Қаланың сәулеткерлік жобасының іс жүзіне асырылуының кіндігі мұнай мұнарасы пошымдас зәулім монумент болмақшы.
- Сонымен қатар, шыны әйнектен құрастырылған сауда орталықтары мен көңіл көтеру орындары жиі орналастырылатын дегдарлар махалласы да бой көтереді. Оған күн ілгері «Хрусталь базары» деген ат беріліп те қойылды. Мұның үстіне аумағында университеттің жаңа ғимараттары орналасатын Академиялық қалашық салынып, Каспий теңізіндегі шағын аралдарда люкс сыныпты сәулетті үлкен үйлер қатары сап түзейтін болады.
- 2013 жылға қарай кен өндіру жұмыстары басталғалы отырған алып Қашаған кенішінің пайдалануға берілуі жергілікті экономиканың дамуына қарқынды серпін беруі тиіс. Аталған Қашаған кенішіндегі кен өндіру жұмысы басталмай жатып-ақ, аймақ ірі жетістіктерге қол жеткізіп отыр.
- 2008 жылы мұндағы жалпы өнім көлемі облыстың әр тұрғынына шаққанда 22 мың долларға жетті – бұл дегеніңіз бүкіл ел бойынша орташа көрсеткіштен үш еседей артық. Орта айлық жалақы мөлшері 740 доллардай болған, ал ол

республика бойынша тіркелген көлемі 470 доллар маңындағы орташа жалақы мөлшерінен анағұрлым көп.

- Қаржы дағдарысына қарамастан Ақтау портында аймақты дамыту жөніндегі тың жобалар іс жүзіне асырылуда, деп жазады басылым. Дегенмен, қала жоқшылық теңізіндегі байлық пен молшылықтың аралы іспетті болады—ау деген де мазақ пікір бой көрсетіп қалады. Бұл портты қала қанша өркендеп тұрғанмен, оның маңындағы шаһарлар тұрмысы мәз емес боп тұр.

- Жобаға қатысушылар бұл жобаның іске асуы Ақтау қаласының дамуына әлеуметтік-экономикалық әсер береді деп есептейді. "Ақтау-Сити" салына бастасымен жаңа жұмыс орындары пайда болады. Сонымен қатар, өсімдіктер әлемінің ұлғаюы мен жасыл белдеулердің құрылуы топырақты эрозиядан сақтап, өңірдегі жалпы климаттық жағдайды жақсартады.

- Жобаның концепциясына сәйкес Каспий теңізінің жағасындағы үш жарым мың гектар жерде іскерлік орталықтар, сауда және ойын-сауық кешендері, бағландық және үнемдік класстардың тұрғын үйлері салынып, саябақтар мен гольф алаңдары орын тебеді. Теңізде "Каспий жауһары" атты жасанды арал салынады. Онда тұрғын үйлер мен гольф алаңдары орналасады деп жоспарланған.

- Қазақстан өз күшіне сенеді және өңірдегі басқа елдерді қолдауға дайын – президент.

- "Халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін және аймақтық туристік әлеуеттілігін, соның ішінде іскерлік туризмді, бизнесмендер мен кәсіпкерлердің іс-қызметі үшін, онда өмір сүру мен белсенді демалысты дамыту үшін Каспий теңізінің жағалауында Ақтау-сити атты құрылыс кешенінің жобасы әзірленді", - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

- Ол, "Ақтау-сити" жобасының бірегейлігін және бұрынғы кеңестік кеңістік аумағында бірінші рет салынғалы отырғандығын атап көрсетті. "Бұл қалалық инфрақұрылымды дамытудағы нағыз ілгерілеушілік. Ол Каспий жағалауындағы ең көрікті әрі болашағы зор қала болатындығына сенімдімін", - деп атап өтті Елбасы.

- Қала құрылысының жобаланған құны 38 млрд АҚШ долларын құрайды. Инфрақұрылым құру үшін 335 млн АҚШ долларын жұмсау жоспарланып отыр.

- Сәулет өнерінің небір керемет туындылары шаңырақ көтеретін ақ арман қала болашақта еліміздің өзге қалаларына үлгіге айналмақ.





Район Университета

III – тарау Маңғыстаудағы экотуризм

Жасаған ие осы бір құлазыған құла дүзді былайғы дүниені шектен шыға таңдандыру үшін жаратқандай. Қиялда ғана болатындай қиян өлкеге көкте самғамасаң, жер бетімен жылжып, ғұмыры жете алмайтындайсыз.

Бір қызығы оның бойынан Алтайдан Атырауға дейін көсіліп жатқан қазақ даласына тән қай қасиет, қай сипаттың бәрін де табасыз. Тіпті, қазақ даласында бұдан басқа ұшыраса қоймайтын ерекше нышандар да түспей қалмайды. Ұлы Тұранның теріскейі мен күнгейінің, батысы мен шығысының ежелгі, кешегі, ертеңгі кескіндері түгел қылаң береді.

Құдіреттің өзі аспан асты әлемнің барлық сыр, барлық қасиетін қаз қалпында бейнелейтін арнайы көрме залын осында әкеп әдейі орнатқандай.

Әбіш Кекілбайев,

Қазақстанның халық жазушысы,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Экотуризм – бұл экожүйе тұтастығын бұзбау мақсатымен қаз қалпында сақталған табиғат орындарына саяхат жасау, осы аумақтағы табиғи және мәдени – этнографиялық ерекшеліктер туралы мағлұмат, түсініктер алу. Сол аймақтағы табиғатты қорғау және экотуризмді дамыту жергілікті тұрғындардың тұрмыс жағдайын түзеуге де игі ықпал етеді. Экологиялық туризм ұғымы, басты мақсаты туристердің экологиялық мәдениетін қалыптастыруды, табиғатқа үйірсектігін, оны қорғау қажеттілігін танып білуін анықтауға тиіс. Экологиялық туризм қолда бар табиғат теңгерімін сақтауға және табиғаттық бағдарда тәрбиелеуге бағытталуға тиіс.

ДТҰ Бас Ассамблеясында 1980 жылы бекітілген Декларацияның 21 бабында: «Туризм практикасында рухани элементтер техникалық және материалдықтан жоғары басымырақ болуға тиіс» делінген.

Жоғарыда айтылған рухани элементтер іргелі болып табылады және ол мыналардан тұрады:

- а) жеке адам тұлғасының толық дамып жетілуі;
- б) экологиялық сауаттылықты жетілдіру;
- в) қоғам мәдениеті мен моралінің қалыптасуы.

Экологиялық туризм, осымен бір мезгілде мемлекеттің инфрақұрылымын дамыта отырып, табиғат құндылықтарының қорғалуын ұштастыруға және мемлекеттік бюджетті толықтыруға мүмкіндік береді.

Облыста экологиялық туризмді дамытудың әлеуметтік-экономикалық алғышарттары, оны едәуір көлемде табиғат, қоғамдық, әлеуметтік және басқа да ресурстарды пайдалану есебінен, қолда бар нақтылы мүмкіндіктерді экономиканың табысты саласына айналдыру болып табылады.

Туризмнің осы саласының ерекшелігі сол, ол өзіндік «көрінбейтін экспорт» рөлін атқарады. Экспортқа шығарылған экологиялық туризм қызмет көрсетілімі елден тысқары шығарылып әкетілмейді, ал демалушылар болса, алыстағы қызықтырған объектіге дейінгі арақашықтықты өздері жүріп өтеді.

Экологиялық туризмнің айрықша ерекшелігі, табиғат пен табиғи тынысжай аумақтарындағы қызметке тікелей қатыспайтын, дегенмен өткізу рыногын кеңейтуге, туристік, спорт және өзге де тауарлар шығаруға, жер бағасының өсуінен пайда көруге, жергілікті жердің экономикалық конъюнктурасын кеңейтуге жаңа мүмкіндіктер алатын, «үшінші тұлғаар үшін тиімді» - ұйымдар мен жеке тұлғалар болып табылады.

Экологиялық туризм деп, ең алдымен адамның танымдық, ғылыми, өлке тану қажеттіліктерін қамтамасыз ететін, табиғаттың тікелей жануарлармен өзара іс-әрекеттерін оның экзотикалық қайталанбас көрінісіндегі ашық табиғат жағдайында болуына бағытталған туризмнің бір бөлігі ретінде ұғынылады.

Әлемдік практикада «орнықты даму» терминінің пайда болуымен экологиялық туризмді, табиғи және мәдени ресурстарды пайдаланудың экологиялық қауіпсіз тәсілі ретінде туризмнің орнықты даму нысаны деп атуға толық хақымыз бар. Осынау объектілерді танымдық, білімдік, ғылыми және өзге де мақсаттарға пайдалануға бағытталған, экотуризмнің табиғат аумақтарымен, тарихи, мәдени, сәулет объектілерімен байланысы экологиялық туризмнің алуан-түрлігіне ықпал етеді.

Танымдық бағытқа – туристерді өте қызғылықты табиғат аумақтарымен, флора мен фауна өкілдерімен, өзіне тән және бірегей ландшафтармен, қоршаған жерге үйлесім тапқан өткен кезеңнің материалдық мәдениеті мен тарихының ескерткіштерімен таныстыру кіреді. Экологиялық туризмнің танымдық қызмет аясын қамтамасыз етудің басты құралы: табиғаттағы маршруттарды біліми ағарту мақсатына арналған мейлінше мамандырылған экологиялық сүрлеу жолдары болып табылады. Мұнда туристер тек қана биологиялық және ландшафтық алуантүрлікпен танысып қана қоймай сонымен қатар оларды қорғау қажеттілігін толық дәрежеде ұғынады. Танымдық бағыт жаяу туризм нысанында ғана емес, сонымен бірге автомобиль (керуен) маршруттары, суда жүзу салдары, әуе шарымен көтерілу, атпен және түйемен жүріп өту кезеңдері кіргізіліп жүзеге асырылуы мүмкін.

Ғылыми бағыт – флора мен фаунаны құрып кету қауіпі төнген сирек кездесетін өкілдері олардың өмір сүру әдісі мен қасиеті туралы қажетті іскерлік және ғылыми ақпарат алуға байланысты экотуризмнің айрықша нысаны. Осы бағытқа табиғат аумағына бастап алып жүретін халыаралық кеңестердің, семенарлар мен конгрестердің тақырыбын табиғатпен өзіндік ерекшелікпен ұштастыратын конгрестік туризмді де жатқыздуға болады.

Спорттық бағыт – табиғат аясында тау аралау туризмімен суда салмен жүзумен, спорттық бағдарлаумен және т.б. айналысу. Спорттық бағытына арнайы лицензия бойынша спорттық балық аулау жатқызылуы мүмкін. Жануарлар дүниесінің тектік қорының ең жэақсы өкілдерінің жойылуына байланысты спорттық аулау, танымдық демалыстың ізгілікті де тартымды түрі ретінде, суретке түсірумен табысты түрде ауыстырылуы мүмкін. Табиғат жағдайында таңсық жануарларды суретке, бейнеге түсіру жоғары

сыныпты мамандарға ғана емес, сонымен қатар туристердің көпшілік қауымына да қолжетімді болмақ.

Соңғы жылдары «қысылтаяң туризм» деген атпен бірлескен, экологиялық туризмнің айрықша түрі барған сайын кеңінен танымал болуда.

Бұл - әрбір қатысушының, табиғат жағдайының қысылтаяң жағдайында төзімділікпен аман-есен қалу мүмкіндігін сынау мақсатымен өңірде адам мекендеу үшін жарамсыздау әрә баруы қиын маршруттар. экологиялық бағыты бар қысылтаяң туризмнің бір түрі-таңғажайып туризм болып табылады. өңіріміздегі табиғаттың ерекшелігі адамдарға туристік объектілерде болудан және денесін шыңдаудан тамаша әсер алуына мүмкіндік береді.

Туризм Қазақстан Республикасы экономикасының маңызды, тез өсіп келе жатқан және келешегі мол секторлардың бірі болуда. Ендігі кезекте біздің облыс алдында туристерді қызықтырып тарта алатын жаңа экотуристік өнімдерді әзірлеу жөнінде ауқымды міндет тұр. өңіріміздің бірегей биологиялық алуантүрлігі мен байтабиғи ресурстары экотуризмді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Туризмнің осы бағыттағы басты басымдығы «бүлдірме» қағидасы болуға тиіс, кейінгі өскін ұрпақ дүниені қазіргі тіршілік қалпындағыдай күйінде көруге тиіс. Экотуризмді дамыту құнды да аса нәзік табиғи ресурстарын пайдалануға айырықша жан-жақты ойластырған тәсілді талап етеді.

Маңғыстау табиғатының астарлы сыры таңғажайып. Бір жағында ақшағыл сусыма құмды жағажайы бар жүздеген шақырымға созылып жатқан жартасты Каспий жағалауы жатса, екінші жағында жер шарындағы шөл даланың түгелге жуық үлгісін көз алдыға келтіргендей керілген кеңбайтақ шөлейт жатады. Бір жағында құлама құздар мен тылсымға толы терең ойпаттары болса, екінші жағында Ақтаудың ақшаңқан шыңдары мен бұлт шалған Қаратаудың бұлдыр шыңдары, ондаған тау аңғарынан сылдырап аққан бал бұлақтары, төңірегі көк шалғынға бөленген жасыл желекті жазира көрініс табады. Алыстан көз тартатын осының бәрі кім де болса осы өлкеде болғандардың жадында осынау қайталанбас сұлулық ұзақ уақыт сақталады.

Экологиялық туризмнің табиғат объектілері, әдетте, барынша ғажап әрі көркі ландшафтары шегінде ұйымдастырылуымен тартымды.

Маңғыстаудағы көлбеу жатқан Қаратау секілді сілемдерінің жекелеген шыңдарының биіктігі 550 метрдей болады.

Осынау сілемдердің бірі- Шерқала тауы болып табылады. Бұл бір ғажап тау. Шерқаланың өзгешелігі оның тұлғасынан көрініс береді. Егер оны бір бүңірінен қарасаң, төбесі қашалып, ауқымды көлемге орнатылған қазақтың киіз үйін еске салады. Шерқаланы басқа бір тұсынан қарасаң, күжірейген жалды басын алдыңғы аяғына қойған, ұйқыдағы арыстан көзге елестетеді. Сондықтан да тау- шерқала аталған. Бұл «Шер-қала» немесе арыстан қала деген сөз. Таулар біздің бойымызда бұрынғыдан да көбірек біле түсуге деген құмарлығымызды, қиялымызды оятып, көкжиекке қарауға талпындырады.

Шерқалаға жақын жерде алып шартастар мен гранитті шойтастар шашыла орналасқан. Осынау алып тастармен біреу ойнаған тәрізді. Мұның да сыры беймәлім.

Табиғат Маңғыстауға түрлері мен көлемдері жағынан таң қалдыратын ғажайып көптеген шартасы аңғарлар сыйлаған.

Күн, жел, су тастан қашап салған шарға бірде жануарлар мүсінін бейнелесе, енді бірде қайталанбас қияли мүсіндер жасап, рухани салада тұтынатын әлде бір фантастикалық фигуралар жасаған керемет суретші секілді. Адам танымының ерекшелігі сол, адамдарды ең алдымен көрмеген, сирек кездесетін нәрселер қызықтырады.

Мұндағы шөл дала да ерекше. Қорық қобдишасы сияқты Маңғыстауға шөл даланың алуан түрлі бүкіл кескін-келбеті сиып кеткендей.

Табиғатпен жақындаса сырласу, адамның материалдық тұтыну саласынан рухани саласына қарай қадам жасауға ықпал етеді.

Каспий теңізінің шығыс жағалауы мен Үстірт қыраты жыл құстарының ұшып келуі мен қайтуының негізгі жолдарының бірі болып табылады. Жыл құстарының Каспий жағасына көктемгі және күзгі ұшып келуі кезінде іс жүзінде суда жүзетін құстардың барлық түрін ұшыратуға болады. Кей кездерде олардың саны: барқылдақ торғайлар, шыбынжегіштер, көгершіндер 15 мыңға дейін ұшырасады. Қызыл кітапқа енген құстарда ұшырасады, олар: қоқиқаз, дөңтұмсықты зуек, жыланжегіш, жұртшы, бүркіт, аққұйрықты суқарақұс, шақырғыш аққу, қарабауыр шіл және басқалары. Барлық құстардың алуан түрін Ақтау қаласының маңындағы Қаракөл көлінен көруге болады. Аққулар Ақтау қаласының жағалауында қыстап қалады.

Каспий теңізі – бұл көлік магистралі ғана емес, сонымен қатар тұщы су көзі де. Теңіз бірегей балықтарымен, ең алдымен бекіре балықтарының (қорытпа, бекіре, шоқыр) болуымен әйгілі, мұнда олардың әлемдік қордағы 90% бар. Сонымен қатар осында Қызыл кітапқа енгізілген албырт балық та мекендейді. Каспий теңізі бірегей су айдыны, ол аптапты шөл даламен көршілес опналасқанмен, онда суық теңізде өсетін итбалық мекендейді.

Тауларда қарақұйрықтар, арқарлар табындары мекендейді. Сол жерлерде ақбөкендер табыны кездеседі. Облысымызда мекендейтін Қызыл кітапқа енгізілген ұзын инелі кірпі, үнді жайрасы, қарақал, сабанша, шұбаркүзен, құралай, шағыл мысық, үстірт муфлоны, сілеусін сиректеу ұшырасатын болды. Облыс аумағында жыртқыш сүтқоректілерден: қасқырды, түлкіні, қарсақты, сусар тұқымдастардан: бозғылт күзенді, шұбар күзенді, аққианы, мысық тұқымдас шағыл мысығын ұшырастыруға болады. Жыртқыш құстардан жамансары, дала бүркіті, ақсары-бүркіт, аракідік бүркіт, дала бөктергісі, таулар кекілік, балшықшы мекендейді.

Біздің облыс аумағына қиылысып жатқан жерлерде жыланның 3 түрі мекендейді: оқжылан, сужылан және төрт жолақты сырғыма жылан, олар Республиканың Қызыл кітабына енгізілген, және кесірткенің әр қилы түрлері бар.

Экологиялық туризмнің, шаруашылық саласы тәрізді туристік қызметтің аумақтық ұйымына, жаңа туристік аудандарды қалыптастыруға және оларды мамандандыруға ықпалын тигізетін, айқын көріністегі ресурстық бағыт бағдары болады.

Табиғи орта мен оның ерекшелігін тануға ұмтылу өзінің негізгі қағидасын қамтамасыз ететін, экологиялық туризмнің ресурстары облыстағы ерекше қорғалатын аумақтар болып табылады.

Жануарлар мен өсімдікіер дүниесін қорғау үшін Үстірт мемлекеттік биосфералық (1980 ж.), Ақтау – Бозашы (1982 ж.), әлемдік мұхдит деңгейінен 132 м төмен жатқан Қарақия ойпаты бар Қарақия – Қаракөл (1986 ж.) қорықтары құрылған. Облыста табиғат, тарих, сәулет және археология ескерткіштерін қорғау жөнінде біршама жұмыстар жүргізілуде, олардың 139-ы республикалық және жергілікті қорғау санатымен мемлекеттік есепке алынған. Оның құрамында бірегей табиғат ландшафтары, флорасы мен фаунасы және тарихи-сәулеттік ескерткіштер кіретін мемлекеттік тарихи-мәдени қорық құрылған. Маңғыстаудағы табиғат ескерткіштерінің барлығы археологиялық, сәулеттік және тарихи-мәдени ескерткіштермен тікелей аумақтық байланыста жатыр. Олардың ғалымдар, тарихшылар, археологтар үшін және әрбір мәдениетті адам үшін баға жеткісіз маңызы бар.

Экотуризм барлық жастағы топтағы адамдардың белсенді тынығуы мен туризмі есебінен көңіл-күй күйгелектігін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Облыста экотуризмнің дамыту үшін табиғат аумақтары объектілері және мәдениет пен сәулет тарихы танымдық, білімдік, ғылыми және өзге де мақсаттарда пайдаланылуға тиіс. Экологиялық туризм туристердің экологиялық мәдениетін, табиғатқа үйректігін оны қорғау қажеттілігі танымын қалыптастыруға тиіс.

Экотуризм – бұл атөқарылу кезінде сақтап қалу мен дамыту, жалпы мақсатқа қол жеткізу үшін тиімді әрі парасатты түрде үйлесін табатын қызмет саласы. Экотуризмді оның ұзақ мерзімді өміршендігі мен табысқа жетуін қамтамасыз ететіндей жоспарлау керек. Туристік қызметті табиғи ортада жоспарланбаған, тиісті дәрежеде басқруға келмейтін істарлді жүзеге асырған жағдайда, табиғат ландшафтарынан нашарлауына әкеліп соғады, қалыпты табиғат пен биологиялық алуан түрлілікке қауіп төндіреді. Қазіргі кезде табиғат ескерткіштері үшін басты қауіп «бақылаусыз» туризм болып отыр, соның нәтижесінде болатын жерлердің жәй-күйі бірте-бірте нашарлай түсуде, автромашиналар тікелей қайнар бұлақтардың, тік жартасты аңғарлардың нақ басына дейін барады. Өз бетімен жүрген туристердің осындай «белсенділігінің» салдарынан ландшафқа келетін жүктелім күрт күшейе түсуде. Туристік объектілерді сақтап қалу жөнінде бәріміз бірдей жұмыла кірісуіміз және экологиялық туризмді ұйымдастыруға көшуіміз керек.

Осында тұрған қыруар табиғат ресурстарының негізінде қоршаған ортаны қорғау үшін, сонымен қатар туризмді дамыту үшін, көптеген мүмкіндіктер бере алатын облысымыздың бірегей әлеуеті, әлі де болса толықтай іске асырылмай келеді. Экотуризмді дамыту арқасында өңіріміздің болашағына оңды ықпал етуге болады. Облысымызда экотуризмді дамыту жұмыс орындарын құруға, халықтың жұмыспен қамтылуын, әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді.

Бір жағынан экологиялық туризмді, басқа бір, әсіресе белсенді түрдегі туризмнің табиғаттық-бағдарлы көпшілік түріне теңестіруге болмайтындығын атап өткен жоқ. Сондықтан да «табиғатта болу» жолай алынған оңды тиімділік қана емес, сонымен қатар осынау түрлердің іс жүзінде негізін құрайды. Экологиялық туризмнің қағидатты түрдегі айырмашылығы – табиғат аумақтарында туристердің мінез-құлқы реттеп шектеу, табиғат ландшафтарын жүктелімдер мен ластанудан қорғау болмақ.

Туристер ағыны қызыға ұмтылатын мемлекеттің өмірдің табиғат ортасының жай-күйін өзгеріссіз сақтау, осы аумақтарда экологиялық туризмді дамытудың қажетті шарты болып табылады.

Қыруар туристік әлеуетті пайдалану кезінде парасатты түрде әрі жоспарлы негізде экотуризмді дамыту өте маңызды, ресурстардың сақталуын қамтамасыз ету экотуризмге байланысты болмақ. Туристер иен болушы адамдар экологиялық туризмнің болатын жерлеріне қатысты өздерін барынша әдепті ұстауға тиіс. Туристерге қызмет көрсетумен, арнайы дайындалған әрі оқытылған саяхат жүргізуші-гид қызметші айналысуы тиіс. Туризм халықтың әр түрлі әлеуметтік-демографиялық топтарының қажеттілігін қанағаттандыратын көп нысаналы түрі ретінде табиғат кешеніне мейлінше алуантүрлі талаптар қояды.

Облысымызда барлық саяхатты ұйымдастырудың практикасы маршрут екендігін көрсетіп отыр. Бір қатар туристік объектілердің әйгілі, көлік ағынының жүктелімін және саяхатшылар, туристер мен келуші адамдар санын көбейтеді. Табиғатқа басты ықпал ету жанды өндірістік күштер-туристер арқылы жүзеге асырылады. Облыс қорықтары мен табиғат ескерткіштерінің аумағында экологиялық туризмді ұйымдастыруға мейлінше қатал талаптарды қамтамасыз ету қажет. Экологиялық туризм аралық дәнекер аймақта, қатаң белгіленген бағыттарда саяхаттық маршруттар мен шектелуге тиіс. Қорықтар шегінде маршруттарды ұйымдастыру, тек қана қатаң түрде айқындалып белгіленген сүрлеу жол бойынша жүру міндеттелген.

Табиғаттың баға жеткісіз сыйын мұқият сақтау, оны түйесіне тұшынып, сүйіспеншілікпен қарап, ләззат алып болашақ өскін ұрпаққа сол қалпында қалдыру үшін: « Табиғат- адамзаттың жалпыға ортақ игілігі. Табиғатта және оның ресурстарын пайдаланып, пайда табуға болады, алайда оны келер өскін ұрпаққа сол қалпында берілуін қамтамасыз ету қажет» деген қағиданы ұстану біздің басты міндетіміз.

Қарақия ойпаты-табиғаттың бірегей мүйісі

Қарақия ойпаты- Қазақстан Республикасының ең төменгі нүктесі. Сырын ішке бүгіп жатқандай сезімге бөленгендіктен бе, оны тағы бірде тастүнек деп те атайды. Осынау ойпатқа түсе берген кезіңізде алдыңыздан мұхит деңгейінен 132 метр төмен жатқан, бірінен-бірі өткен ғаламат табиғат таңғажайыптары көрінеді. Адамдар осынау әсер үстінде төңірегіне қызыға қарап, айрықша көңіл-күйге түседі.

Ақ Жартастар патшалығында

Ұшақпен ұшып биіктен Маңғыстауға көз жіберсең, алуан түрлі көптеген ақ жолақтар мен керемет көріністі ақтаңдақтар себілгендей көсіліп жатқан боз даланы көресің. Бұл-сорлар, тақырлар мен жер бетіне шыққан бор түзілімдері. Осынау құнарсыз жердің бәрі, облыс аумағының төрттен бірін- төрт миллион гектарға жуық жерді алып жатыр. Шөл дала тек көктемде ғана алуан түрлі өсімдіктермен көмкеріледі.

Түбектің орталық бөлігі-Қаратаудың қарайған жоталары мен Ақтаудың ақ жоталарына дейін созылып жатқан таулар болып табылады. «Ақ жартастар патшалығында» маршруты Маңғыстаудың шөл даласымен жүріп өтуге, өзіне таратын әсерін сезінуге, тылсымды ақ жартастар арасын аралауға, су мен желдің қолтума туындысы- алып шартастармен ұшырасуға мүмкіндік береді. Сізді тақияйдан тегіс асфальтті жолдар, жайлы автобус қызметі мен мол қызықты әсерлер күтіп тұр.

Тамшалы- мөлдір тамшылар шатқалы.

Туризм мен демалыстың ғажайып орындарының бірі-Тамшалы тамаша табиғаты болып табылады.

Осынау табиғаттың төл туындысында таза ауамен тыныстап, мөлдір де моншақтай тамшылардың күміс сыңғыры бойынды сергітіп, жаныңды жадыратады.

Күнқағарлы бөрік кигендей жартас ені 40 метрлік тамшылы тұғырымен тұйықталады.

Осы тұрғыдан төмен қарай тамшы сорғалап, моншақ тамшылары табан тасқа созыла сазды әуенмен әдемі әсерге бөлейді. Жартастың жоғарғы тұсында қола дәуіріндегі қоныстардың сілемі, орта ғасыр дәуіріндегі баспана-бекініс, құдықтар, су жинайтын бөгет, сондай-ақ ескі қорғандар мен зираттар сақталған.

Таулы Маңғыстау

Маршрут туристер оған автобуспен келетін Шетпе кентінен басталады, содан кейін Самал сайына дейін жүріп өтуіміз қажет. Туристер, керемет қара-қошқыл түсті екі жартас арасында қыспақта қалғандай, оның етегінен мөлдір бұлақ ағып жатқан тар шатқалдың бойымен жүріп отырып, биіктігі 400 метр Қаратаудың батыс жотасына көтерілмек. Жота биігінен Ақмыш сайының ауқымды көрінісі алға тартылады. Кезінде осы жерде ортағасырлық үлкен қала-Қызылқала орын тепкен.

Жер үстінде қылтиып қана көрінетін бекіністің қалың қабырғаларының қирандылары, бір кездерде дауылдан қопарыла құлаған ағаштардың қалдықтары Ұлы Жібек жолындағы керуен жолында тұрған қаланың бұрынғы келбетінің бірден-бір куәсіндей. Тағы 3 шақырым жүргеннен кейін туристер, бір жағынан қарағанда, төбесін ақ шалған алып киіз үйге, екінші жағынан қарағанда қуатты алдыңғы аяғына күдірейген жалды басын қойып, қасқайып жатқан арыстанға ұқсас. Жазық далада ерекше көзге түсетін Шерқала тауының етегіне келеді. Тау етегіне орналасқан ортағасырлық бекініс туралы және тау туралы аңызбен танысқаннан кейін, туристер биіктігі 332 метр Шерқала тауына көтерілмек.

Қаратаудың етегіндегі ғажайып Жемсенсай шатқалы

Маңғыстау- табиғаттағы бірегей құбылыс. Көсіліп жатқан шексіз жазығы көктемде көк желектенсе, енді бірде күздің көркін асқақтата салтанат құрады. Келбетінің асқақтығымен және бояуымен таң қалдырар таулардың сырлы әлемі жаныңнан табылады. Бұралаңданған сұрлеу жол туристерді Жемсенсай шатқалына апарды. Жартастармен қоршалған шатқалдың тік қабырғалары ары қарай жұпар иісті өсімдіктер иен тап-таза салқын самал ауаға бөленген жерге әкеледі. Жолай қалың өскен жалбызды, сескеніп ұшқан құр тобын, енді бірде қып-қызыл болып піскен жидек арасынан долананы, ал көктемде ақ гүлденген өскіндерін ұшыратасыз. Шатқалдың түкпір жағынан аласа бойлы ағаштардан гөрі, олардың мұндай жерде өсуінің сирек құбылыс екенін ұғынасыз. Сондықтан да олар Қызыл кітапқа енгізілген. әрі қарай шексіз жүре беруге болады. 2 сағаттық серуеніміз, ұзақ жол сапарға ілтипат ретінде ағаш түбіндегі жоласумен бірге аяқталады.

Жағылған ойылымы

Маңғыстау жері – алуан түрлі нысандарының, бояуының қанықтығы мен бірегейлігінің шегі жоқ көрінісі. Мұнда күн қақатаған бірөңкей шөл дала, енді бір көкжелекті ағаштар мен бұталар, хош иісті қалың өскен өсімдіктерге малынған самал ескен шатқалдар, енді бірде көз көрмеген ландшафты ойпаттар, енді бірде Қаратаудың қарауытқан және Ақтаудың ақшыл жоталары бірімен-бірі астасып жатыр. Бұл табиғат сынды тамаша суреткердің қолдан құйған мүсіндердің саналмаған бірнешеуі ғана. «Жығылған» ойылымына жай ғана көз салып көрсеңіз, Маңғыстау жері табиғаттың қолынан шыққан қымбат інжу-маржанға толы үлкен қобдиша екенін ұғынасыз. Ойылымның ауқымды аумағын, түрі жағынан кемеге, ненді бірде қамалға ұқсайтын, ғажайып жартас сынақтары алып жатыр. Маршрут сұрлеу жолымен бағыт алып, 3 сағаттан кейін туристер ойылымға түсе алады. Керемет табиғат көрінісі, алуан түрлі өсімдіктердің жұпар иісі, төңіректегі тынған тыныштық өзіне баурай түседі.

Түпқараған мүйісі

Түпқараған мүйісінде Форт-Шевченко қаласымен танысу, онда орналасқан Ново-Петровск бекінісі орналасқан мұражайлар мен аумақтада болу шаралары кіреді. Түпқарағанжағалауының табиғаты-қайталанбас өзіндік ерекше жаратылыс. «Дубский бағында», шағыл құмды жағажайда, сылдырап аққан бұлақ пен көлеңкелі бағытта болу – туристерді терең ризашылық сезімге бөлейді. Екінші күні туристер Тамшалы мөлдір тамшылар шатқалына сапар шегеді. Шатқал қабырғасынан тамыған сансыз мөлдір тамшылар шағын көлге жиналып, хош иісті өсімдіктер, мөлдір тамшылармен ауаны астасқан әуені тап-таза, салқын самалды ғажайып әлемге бөлейді.

Қаратау етегіндегі шартастар аңғары.

Маңғыстаудың табиғатында таңдайыңды қағып таң қалдыратын, өзінің түрі мен көлемі жағынан таңғажайып шартастардың орны бөлек. Тастан саңыруқұлақ тәрізді, енді бірде қиял-ғажайыптай қайталанбас мүсін жасаған Күн, жел мен ауадан асқан суреткер жоқ шығар.

Шерқала – «Арыстан қала»

Шерқала – ғажайып тұлғалы тау. Оның ерекшілігі пішімінен айқын көрінеді. Егер оған бір бүйірінен көз жіберсек, ауқымды көлемдегі күмбезелі көтерілген қазақтың киіз үйін еске салады. Екінші бір тұсынан қарасақ, Шерқала «Ұйқыдағы» айбыны асқан арыстандай көзге елестетеді. Оның Шерқала аталуы да содан болар. Тау тұлғасы біздің қиялымызды оятып көкжиекке көз салып, айналаға бұрынғыдан да ынтыға, ықыластана қарауға мүмкіндік береді.

Шерқаланың жақын маңайында шар тәрізді тастар мен тұтас гранитті сом тастар көптеп ұшырасады. Түбектің тамаша табиғаты, олсынау тастарды алуан түрлі пішімі мен кескініне жасағандай ғажап әсерге бөлейді.

Саура шатқалы – тасбақалар мекені.

Саура шатқалы – ғажайып әлем. Қалың өскен жұпар гүлді жыңғылдар көмкерген бұралаңдаған сүрлеу жол бойымен төңірегін әсем жартастар қоршаған, оның етегінен аққан бұлақтардан құралған айдын көлге келуге болады. Алуан түрлі өсімдіктермен көмкерілген айдын көл тек осы жерге тән батпақ тасбақаларының тұрақты мекеніне айналады. Суретке түсіретін не бейнеге түсіретін камерасы бар туристерге айдын көл мен хош итісті өсімдіктердің саф ауасымен рахаттана тыныстана, тасбақалардың тіршілігін қызықтап қарауына мүмкіндігі бар. Тоуристер тау шатқалының бастауында өсіп тұрған биік ағаштың көлеңкесінде демалуына болады.

Самал тау сарқырамасы.

Маңғыстауда тау бұлақтары ағатын көрікті шатқалдар мол. Самал шатқалы - әдемі демалыс орындарының бірі.

Шатқалдың төрт жағынан ағатын көптеген бұлақтар шатқалдан шығар тұста сарқырамаға айналады, аптап ыстықкүні де салқын самал тату етеді.

Сұлтан Епе кешені.

Сұлтан-Епе жерасты мешіті. Ел арасында тараған аңыз бойынша Сұлтан-Епе балықшылар мен теңізшілердің қамқоршысы болған, сондықтан да ол өз мешітін теңіз жағасындағы тау сілемінің шатқалына салған. Сұлтан-Епе әулиенің қабірі мешіт қирандыларының қасында тұр. Осымен аттас шағын сәулеттік ескерткіштері бар үлкен сағана да осында. Көрікті тау шатқалы өте терең. Оның етегінен бұлақтар ағып жатқан жер дем алуға қолайлы. Тау шатқалының беткейі мен етегі көкжелекпен көмкеріліп, қайталанбас табиғат көркін кескіндейді. Сұлтан-Епе кешеніне баратын жол Үш там мен Кентті-Баба сағаналары арқылы өтеді. Бұл – ежелгі пұтқа табынушылық пен мұсылманның қағидалары ұштасқан, бірегей әрі экзотикалық ескерткіштер.

Аймақтағы туристік фирмалар қызметтерінің негізгі көрсеткіштері.

1. Туристік фирмалар қызметі

1.1. Туристік фирмалар қызметінің негізгі көрсеткіштері

	2004	2005	2006
Туристік фирмалар саны, бірлік	12	15	21
Қызмет көрсетілген туристер, адам			
Барлығы	4225	10061	14554
Келу туризмі	124	358	267
ТМД елдері	102	210	121
ТМД-дан тыс	22	48	146
Шығу туризмі	2768	2487	3360
ТМД елдері		717	1511
ТМД-дан тыс		1770	1849
Ішкі туризм		7216	10927
Өткізілген жолдамалар саны, бірлік			
Барлығы	4078	2208	1419
Келу туризмі	2	57	8
Шығу туризмі	3222	1187	269
Ішкі туризм	854	964	1142
Сатылған жолдамалар құны, мың теңге	168887,6	102138,0	50005,0
Болудың адам-күні	25009	20007	16015

1.2. Туристерді сапар мақсаттары бойынша бөлу

1.2.1. Резидент туристерді сапар мақсаттары бойынша бөлу адам

	2004	2005	2006
Барлығы	2768	2487	3360
Оның ішінде:			
Жұмыстан бос уақыт, рекреация және демалыс	440	315	208
Таныстар мен туыскандарға бару	15	167	733
Іскерлік және кәсіби мақсаттар	246	901	864
Емделу	-	-	176
Дін-қажылық	10	10	-
Коммерциялық (шоптурлар)	1773	1104	1339
Өзге мақсаттар	294	-	40

1.2.2. Резидент емес туристерді сапар мақсаттары бойынша бөлу адам

	2004	2005	2006
Барлығы	124	358	267
Оның ішінде:			
Жұмыстан бос уақыт, рекреация және демалыс	124	64	84
Таныстар мен туыскандарға бару	-	-	48
Іскерлік және кәсіби мақсаттар	-	234	135

1.3. Туристердің қатынас құралдары

1.3.1. Шығу туризмі бойынша келермендердің қатынас адам

	2004	2005	2006
Барлығы	4101	2487	3360
Оның ішінде:			
Әуе көлігімен	2768	2487	2632
Темір жол көлігімен	430	-	26
Қалааралық автобуспен	903	-	-
Өзге құрлық құралдарымен	-	-	702
Су көлігімен	-	-	-

1.3.2. Келу туризмі бойынша келермендердің қатынас

адам

	2004	2005	2006
Барлығы	124	358	267
Оның ішінде:			
Әуе көлігімен	124	341	267
Темір жол көлігімен	-	17	-
Қалааралық автобуспен	-	-	-
Өзге құрлық құралдарымен	-	-	-
Су көлігімен	-	-	-

2. Қонақ үй шаруашылығы кәсіпорындары

2.1. Орналастыру объектілері жұмысының негізгі көрсеткіштері

	2004	2005	2006
Орналастыру объектілерінің саны, бірлік	10	12	9
Нөмірлер саны-барлығы, бірлік	327	540	569
Одан:			
Люкс класындағы	29	140	151
Бір жолғы сыйымдылығы, төсек орынның барлығы	477	575	864
Ұсынылған төсек-тәулік	63468	82866	168557
Топтырымдылығы, %	36,5	39,5	53,4
Төсек-тәуліктің орташа құны, теңге	7626,4	8943,0	10042,9
Құрылыстың жалпы алаңы, барлығы, шаршы метр	27268	30011,6	35216,6
Одан:			
Тұрғын алаңы	12530	14614	15418,9

2.2. Сапар мақсаттары бойынша қызмет көрсетілген келермендер

2.2.1. Сапар мақсаттары бойынша қызмет көрсетілген резидент келермендер адам

	2004	2005	2006
Барлығы	28883	41444	43199
Оның ішінде:			
Жұмыстан бос уақыт, рекреация және демалыс	22555	24120	12024
Таныстар мен туысқандарға бару	-	-	3126
Іскерлік және кәсіби мақсаттар	6328	17024	28049
Емделу	-	-	-
Дін-қажылық	-	-	-
Коммерциялық (шоптурлар)	-	-	-
Өзге мақсаттар	-	-	-

2.2.2. Сапар мақсаттары бойынша қызмет көрсетілген резидент емес келермендер

адам

	2004	2005	2006
Барлығы	2563	7754	12919
Оның ішінде:			
Іскерлік және кәсіби мақсаттар	2563	7754	12919

Қысқаша әдістамалық түсініктемелер

Туристік индустрия

1. Туристік кәсіпорын-бұл мүлікті еңбек ұжымының пайдалануы негізінде өнім өндіретін және өткізетін жұмыстарды орындайтын, қызмет көрсететін заңды тұлға құқығын иеленетін дербес шаруашылық жүргізуші субъект. Еңбек ұжымы мүшелерінің әлеуметтік және экономикалық мүдделерін және мүлікті меншіктенуші мүдделерін қанағаттандыру үшін табыс алуға бағытталған шаруашылық қызметі туристік кәсіпорынның ең басты мәселесі болып табылады.

2. Туризм-демалу мақсатында, іскерлік және өзге мақсаттарда қатарынан бір жылдан аспайтын кезең ішінде саяхаттайтын және әдеттегі ортасынан тыс жерде орналасқан орындарда болуды жүзеге асыратын адамдар қызметі.

3. Туристік операторлық қызмет (туроператорлық қызмет)- қызметтің осы түріне лицензиясы бар заңды тұлғалардың (бұдан әрі туроператор) өздерінің туристік өнімдерін қалыптастыру, ұсыну және туристік агенттер мен туристерге өткізу жөніндегі қызметі.

4. Туристік агенттік қызмет (турагенттік қызмет)-қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (бұдан әрі турагент) туристік өнімді ұсыну және өткізу жөніндегі қызметі.

5. Тур-белгіленген мерзімдер шеңберінде белгілі бір маршрут бойынша жасалатын саяхатты қамтитын туристік қызмет көрсетулер кешені.

6. Туристік жолдама-туристік қызмет көрсету кешенін алуға құқықты растайтын құжат.

7. Туристік өнім-саяхат барысында туристің қажетін қанағаттандыру үшін жеткілікті туристік қызмет көрсетулер жиынтығы.

8. Туристік қызмет көрсету-туристік саяхат кезеңінде және осы саяхатқа байланысты туристің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін маңызы зор қызметтер (орналастыру, тасымалдау, тамақтандыру, экскурсиялар, туризм нұсқаушылары, гидтер (гид-аудармашылар) көрсететін қызметтер және сапар мақсатына байланысты көрсетілетін басқа да қызметтер).

Халықаралық туризмге:

Келу туризмі-Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрмайтын адамдардың Қазақстан Республикасы шегіндегі саяхаты.

Шығу туризмі- Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардың басқа елге саяхатын қамтиды.

Ішкі туризм- Қазақстан Республикасының азаматтары мен оның аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының шегіндегі саяхаты кіреді.


Қ О С Ы М Ш А Л А Р
(Аймақтағы экотуризм жорықтары)

МАҢҒЫСТАУ MANGISTAU



**ЭКОТУРИЗМ
ECOTOURISM**

Танымдық бағытқа - туристерді өте қызығшықты табиғат аумақтарымен, флора мен фауна өкілдерімен, өзіне тән және бірегей ландшафтармен, қоршаған жерге үйлесім тапқан өткен кезеннің материалдық мәдениеті мен тарихының ескерткіштерімен таныстыру кіреді. Экологиялық туризмнің танымдық қызмет аясын қамтамасыз етудің басты құралы: табиғаттағы маршруттарды білімі ағарту мақсатына арналған мейлінше мамандырылған экологиялық сүрлеу жолдары болып табылады. Мұнда туристер тек қана биологиялық және ландшафтық алуантүрлікпен танысып қана қоймай, сонымен қатар оларды қорғау қажеттілігін толық дәрежеде ұғынады. Танымдық бағыт жаяу туризм нысанында ғана емес, сонымен бірге автомобиль (керуен) маршруттары, суда жүзу салдары, әуе шарымен көтерілу, атпен және түйемен жүріп өту кезендері кіргізіліп жүзеге асырылуы мүмкін.



Экологиялық туризм деп, ең алдымен адамның танымдық, ғылыми, өлке тану қажеттіліктерін қамтамасыз ететін, табиғаттың тікелей жануарлармен өзара іс-әрекеттерін, оның экзотикалық қайталанбас көрінісіндегі ашық табиғат жағдайында болуына бағытталған туризмнің бір бөлігі ретінде ұғынылады.

Әлемдік практикада «орнықты даму» терминінің пайда болуымен экологиялық туризмді, табиғат және мәдени ресурстарды пайдаланудың экологиялық қауіпсіз тәсілі ретінде туризмнің орнықты даму нысаны деп атауға толық хақымыз бар. Осынау объектілерді танымдық, білімдік, ғылыми және өзге де мақсаттарға пайдалануға бағытталған, экотуризмнің табиғат аумақтарымен, тарихи, мәдени, сәуле объектілерімен байланысы экологиялық туризмнің алуан-түрлігіне ықпал етеді.

Экологический туризм понимается как часть туризма направленная прежде всего на пребывание человека в условиях открытой природы. Непосредственное его взаимодействие с животными экзотичными, неповторимыми проявлениями, обеспечивающими познавательные, научные, краеведческие потребности человека. С появлением в мировой практике термина «устойчивое развитие» экологический туризм, по праву, можно назвать формой устойчивого развития туризма, как экологически безопасного способа использования природных и культурных ресурсов. Связь экотуризма с природными территориями, объектами истории культуры, архитектуры направленной на использование этих объектов в познавательных, образовательных, научных и иных целях, обуславливает многообразие видов экологического туризма.

Ecological tourism is understood as a part of tourism, first of all directed to staying of a man in the open nature conditions. His immediate cooperation with animals, its exotic inimitable demonstrations provides cognitive, scientific, area study interests of a man. With appearance in the world practice a term "steady development" ecological tourism can be called, with full authority, a steady development form of tourism as of ecologically safety way of use of natural and cultural resources. Link of ecotourism with natural territories, facilities of history, culture, architecture which directed to use of these facilities for cognitive, educational, scientific and other goals, determines diversified forms of ecological tourism.



Гылыми бағыт - флора мен фаунаның құрып кету қаупі төнген сирек кездесетін өкілдері олардың өмір сүру әдісі мен қасиеті туралы қажетті іскерлік және ғылыми ақпарат алуға байланысты экотуризмнің нырықша нысаны. Осы бағытқа табиғат аумағына бастап алып жүретін халықаралық кеңестердің, семинарлар мен конгрестердің тақырыбын табиғатпен өзіндік ерекшелікпен ұштастыратын конгрестік туризмді де жатқызуға болады.

Научное направление - особая форма экотуризма, связанная с получением необходимой деловой и научной информации о редких, находящихся под угрозой исчезновения представителях флоры и фауны, образе жизни и поведении. К этому направлению можно отнести конгрессный туризм - своеобразное природное сопровождение тематике международных совещаний, семинаров и конгрессов, сопровождающихся выездом на природные территории.



Scientific orientation is a special form of ecotourism connected with obtaining of essential business and scientific information about rare species of flora and fauna, being under threat of disappear, about their way living and behavior. To this orientation can be referred congress tourism peculiar natural accompaniment to the subjects

ғылыми бағытқа табиғат аумағына бастап алып жүретін халықаралық кеңестердің, семинарлар мен конгрестердің тақырыбын табиғатпен өзіндік ерекшелікпен ұштастыратын конгрестік туризмді де жатқызуға болады.



Туризм Қазақстан Республикасы экономикасының маңызды, тез өсіп келе жатқан және келешегі мол секторлардың бірі болып табылады. Ендігі кезекте біздің облыс аумағында туристерді қызықтырып тарту алатын жаңа экотуристік объектілерді құрастыру жөнінде мұқияттан мұқият түрде іс-шараларды біріктіріп, био-экологиялық аймақтардың мен бай табиғи ресурстарын экотуризмді ұйымдастыруға пайдалануға береді. Туризмнің осы бағытының басты басымдығы «бұздырмау» қағидасы болуға тиіс, кейінгі өскін ұрпақ дүниені кәсіргі тіршілік жапындағыдай күйінде көруге тиіс. Экотуризмді дамыту құнды да аса нәзік табиғи ресурстарын пайдалануға айырықша жан-жақты ойластырған тәсілді талап етеді.

Tourism becomes one of important, fast-growing and long-range sections of economies in the Republic of Kazakhstan. Nowadays before our region we have dimensioned task on development of ecotourist products that can interest tourists. Unique biological diversity and rich natural resources of our region give opportunity for organization of ecotourism. The main priority of this tourist direction must become the principle "don't do harm", the following generations must see the world the same as recent ones. Development of ecotourism requires exclusively considered approach to use of valuable and delicate natural resources.


Tourism becomes one of important, fast-growing and long-range sections of economies in the Republic of Kazakhstan. Nowadays before our region we have dimensioned task on development of ecotourist products that can interest tourists. Unique biological diversity and rich natural resources of our region give opportunity for organization of ecotourism. The main priority of this tourist direction must become the principle "don't do harm", the following generations must see the world the same as recent ones. Development of ecotourism requires exclusively considered approach to use of valuable and delicate natural resources.



Манғыстау табиғатының астарлы сыры таңғажайып. Бір жағында ақшағыл сусыма құмды жағажайы бар жүздеген шақырымға созылып жатқан жартасты Каспий жағалауы жатса, екінші жағында жер шарындағы шөл даланың түгелге жуық үлгісін көз алдына келтіргендей керілген кенбайтақ шөлейт жатады. Бір жағында құлама құздар мен тылсымға толы терең ойпаттары болса, екінші жағында Ақтаудың ақшаңқан шыңдары мен бұлт шалған Қаратаудың бұлдыр шыңдары, ондаған тау аңғарынан сылдырап аққан бал бұлақтары, төңірегі көк шалғынға бөленген жасыл желекті жазира көрініс табады. Алыстан көз тартатын осының бәрі кім де болса осы өлкеде болғандардың жадында осынау қайталанбас сұлулық ұзақ уақыт сақталады.



Поразительны природные контрасты Мангыстау. С одной стороны сотни километров дикого каменистого каспийского побережья с песчаными пляжами, с другой стороны огромные пустынные пространства, дающие представление почти обо всех типах пустынь земного шара. С одной стороны - полные таинства провалы и впадины, с другой - фантастический мир кипельно белых хребтов Актау и темных, до черноты, хребтов Каратау. Десятки каньонов, больших зеленых пятен оазисов, из-под пышной растительности которых пробиваются звонкие родниковые струи. Все это настолько привлекает и удивляет того, кто побывает в этих краях, что память надолго сохранит неповторимую красоту.



Natural contrasts of Mangistau are striking. On the one hand there are hundreds kilometers of wild rocky Caspian Sea coast with sandy beaches, on the other hand huge desert spaces that give an estimate nearly of all types of deserts in worldwide. On the one hand we can see depressions and cavities of complete mystery, on the other hand we can see fantastic world of clearly white Aktau range and dark, up to blackness, Karatau range. Tens of canyons, vast green spots of oases, where from under rich vegetation a sonorous spring stream comes out. All this so much attract and astonish the one who will visit these regions and their memory keeps this unique beauty for a long time.

Шерқалаға жақын жерде алып шартастар мен гранитті шойтастар шашыла орналасқан. Осынау алып тастармен біреу ойнаған тәрізді. Мұның да сыры беймәлім.

Табиғат Маңғыстауға түрлері мен көлемдері жағынан таң қалдыратын ғажайып көптеген шартасты аңғарлар сыйлаған.

Күн, жел, су тастан қашап салған шарға бірде жануарлар мүсінін бедерлесе, енді бірде қайталанбас қияли мүсіндер жасап, рухани салада тұтынатын әлде бір фантастикалық фигуралар жасаған керемет суретші сияқты. Адам танымының ерекшелігі сол, адамдарды ең алдымен көрмеген, сирек кездесетін нәрселер қызықтырады.

Мұндағы шөл дала да ерекше. Қорық қобдишасы сияқты Маңғыстауға шөл даланың алуан түрлі бүкіл кескін-келбеті сынып кеткендей.

Табиғатпен жақындаса сырласу, адамның материалдық тұтыну саласынан рухани саласына қарай қадам жасауға ықпал етеді.



Неподалеку от Шеркалы разбросаны огромные каменные шары - гранитные глыбы. Кто играл в этот гигантский крокет? Опять тайна.

Природа Мангистау подарила множество долин каменных шаров удивительных по форме и размерам, которыми невозможно не восхищаться.

Солнце, ветер и вода оказались непревзойденными художниками, фантазиями которых созданы неповторимые формы каменных ваяний, порой напоминающих то шары идеальной формы, то гриб, то скульптуры животных, а то и вовсе какую-то фантастическую фигуру.

Особенность человеческих познаний такова, что людей прежде всего интересует невиданное, редкое.

Ведь даже пустыни здесь необыкновенные. В Мангистау, как заповедной шкатулке собран весь арсенал разнообразнейших проявлений пустынь.

Общение с природой сдвигает человеческие потребности из сферы материального потребления в сферу духовного.


There are scattered big stony balls - a giant lumps not far off the Sherkala. Who played this giant croquet? It is the mystery again.

The nature of Mangistau presented many valleys of stony balls with amazing shapes and sizes and it is hard not to admire.

The sun, wind, and water turned out unsurpassed artists whose fantasy created unique shapes of these stony sculptures which sometimes resemble that sphere of ideal form, or mushroom, or animal sculptures, and even at all a fantastic figure of consumption in sphere of spiritual. Peculiarity of human cognition is such, that people are interested above all in unknown and rare.

Even the deserts of this place are unusual. In the Mangistau like in forbidden casket collected all arsenals of various desert manifestations.

Contact with nature shifts human needs from material sphere into spiritual.



ШЕРКАЛА- "АРЫСТАН ҚАЛА"

Шеркала - ғажайып тұлғалы тау. Оның ерекшелігі пішімінен айқын көрінеді. Егер оған бір бүйірінен көз жіберсек, ауқымды көлемдегі күмбезделе көтерілген қазақтың киіз үйін еске салады. Екінші бір тұсынан қарасак, Шеркала "үйқыдағы" айбыны асқан арыстанды көзге елестетеді. Оның Шеркала аталуы да содан болар. Тау тұлғасы біздің қиялымызды оятып, көкжиекке көз салып, айналаға бұрынғыдан да ынтыға, ықыластана қарауға мүмкіндік береді.

Шеркаланың жақын маңайында шар тәрізді тастар мен тұтас гранитті сомтастар көптеп ұшырасады. Түбектің тамаша табиғаты, осынау тастарды алуан түрлі пошым мен кескінде құйып жасағандай ғажап әсерге бөлейді.

ШЕРКАЛА- ЛЪВИНАЯ ГОРА

Гора Шеркала - это удивительная гора. Необычность Шеркалы начинается с ее формы. Если смотреть с одной стороны, гора со стесанным верхом напоминает огромных размеров казахскую юрту. Но с другой точки обозрения Шеркала походит на спящего льва, положившего гривастую голову на каменные лапы. Поэтому и назвали «Лев-гора» или львиная голова. Гора будит в нас любопытство, фантазию, желание заглянуть за горизонт, узнать больше, чем ты знаешь.

Неподалеку от Шеркалы разбросаны огромные каменные шары-гранитные глыбы. Они встречаются повсюду. Природа Мангистау подарила их, удивительных по форме, напоминающих то шары идеальной формы, то гриб, то и вовсе какую-то фантастическую фигуру, которыми невозможно не восхищаться.

THE SHERKALA - LION-ROCK

The mountain Sherkala is surprising. It starts with its shape. If you look at it from one side it reminds a kazakh yurt. But from another side it reminds a sleeping lion with its head on stone paws.

That is why they called it "A Lion-mountain". This mountain is exciting our curiosity, phantasy and wish to look behind the horizon and to know more then we know, there are very big stone balls, granite rocks near Sherkala. The nature gave them to us, and they are so wonderful and they remind mushrooms or some fantastic figures you cannot help admiring them.

Жасаған не осы бір құлазыған құла дуді былайғы дүниені шектен шыға тандандыру үшін жаратқандай. Қиялда ғана болатындай қиян аткеге көкте самғамасын, жер бетімен жылжып, тұмары жете алмайтындайсыз.

Бір қызығы, оның бойынан Алтайдан Атырауға дейін қосылып жатқан қазақ даласына тән қай қасиет, қай сипаттың бәрін де табасыз. Тіпті, қазақ даласында бұдан басқа ұшыраса қоймайтын ерекше нышандар да көңге түспей қалмайды. Ұлы Тұранның теріскейі мен күнгейінің, батысы мен шығысының ежелгі, кешегі, ертеңгі кескіндері түгел қылаң береді.

Құпреттің өзі аспан асты әлемнің барлық сыр, барлық қасиетін қаз қалыңды бейнелейтін арнайы көрме залын осында әкеп әдейі орнатқандай.

Әбш КЕКІЛБАЕВ

*Қазақстанның ұлы жазушысы,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
смілсізіннің лауреаты.*

Кажетса Всевышний сотворил это причудливое пустынное безбрежье, чтобы бесмерно удивить своим могуществом весь остальной мир. Нежели на земле, невозможно постичь это чудо; для этого необходимо воспарить духом в такую высь, которая доступна лишь дерзновенной мечте.

Поразительно то, что здесь вы обнаружите все разнообразные черты и свойства, которыми обладает простирающаяся от Тяньшанских гор до Каспийской низменности беспредельная казахская степь. Более того, Ваш любознательный взор заметит и то, что можно увидеть лишь исключительно в этом крае. Здесь вы увидите приметы прошлого и будущего великого Турана, его севера и юга, востока и запада.

Можно подумать, что всемогущий Творец именно в этом уголке земли по доброй прихоти своей создал своеобразный музей всех первоначальных чудес.

Әбш Кекілбаев

*Народный писатель Казахстана,
лауреат Государственной премии
Республики Казахстан*

It could seem that the Most High had created this desert territory to amaze the rest of the World of His might. To comprehend this wonder you must soar up the more the better. To your surprise you would find any feature of the Kazakh Steppe stretching from Tien Shan to the Caspian Sea, like a skeleton of a huge camel. Here and only here you can see marks of the past and future of the Great Turan. More than that, you can think that Most High had chosen this territory for the original museum of His wonders.

*Abish Kekilbaev,
National writer of Kazakhstan,
Republic of Kazakhstan
State prize laureate*



Жоғарыда айтылған рухани элементтер іргелі болып табылады және олар мыналардан тұрады:

- а) жеке адам тұлғасының толық дамып жетілуі;
- б) экологиялық сауаттылықты жетілдіру;
- в) қоғам мәдениеті мен моралінің қалыптасуы.

Экологиялық туризм, осымен бір мезгілде мемлекеттің инфрақұрылымын дамыта отырып, табиғат құндылықтарының қорғалуын ұштастыруға және мемлекеттік бюджетті толықтыруға мүмкіндік береді.


Облыста экологиялық туризмді дамытудың әлеуметтік-экономикалық алғышарттары, оны едәуір көлемде табиғат, қоғамдық, әлеуметтік және басқа да ресурстарды пайдалану есебінен, қолда бар нақтылы мүмкіндіктерді экономиканың табысты саласына айналдыру болып табылады.

Туризмнің осы саласының ерекшелігі сол, ол өзіндік «көрінбейтін экспорт» рөлін атқарады. Экспортқа шығарылған экологиялық туризм қызмет көрсетілімі елден тысқары шығарылып әкетілмейді, ал демалушылар болса, алыстағы қызықтырған объектіге дейінгі арақашықтықты өздері жүріп өтеді.

Экологиялық туризмнің айырықша ерекшелігі, табиғат пен табиғи тынасжай аумақтарындағы қызметке тікелей қатыспайтын, дегенмен өткізу рыногын кеңейтуге, туристік, спорт және өзге де тауарлар шығаруға, жер бағасының өсуінен пайда көруге, жергілікті жердің экономикалық конъюктурасын кеңейтуге жаңа мүмкіндіктер алатын, «үшінші тұлғалар үшін тиімді»- ұйымдар мен жеке тұлғалар болып табылады.

Тауларда қаракүйрықтар, арқарлар табындары мекендейді. Сол жерлерде акбокендер табыны кездеседі. Облысымызда мекендейтін Қызыл кітапқа енгізілген ұзын ителі кірпі, үнді жайрағы, қаракал, сабанша, шұбаркүзен, қуралай, шағыл мысық, үстірт муфлоны, сәлеусін сиректеу ұшырасатын болды. Облыс аумағында жыртқыш сүтқоректілерден: қасқырды, түлкіні, қарсақты, сусар тұқымдастардың: бозғылт күзенді, шұбар күзенді, ақжыны, мысық тұқымдае шағыл мысығын ұшырастыруға болады. Жыртқыш қустардан жамансары, дала бүркіті, ақсары-бүркіт, арақілік бүркіт, дала бөктергісі, таулар кекілік, балшыақшы мекендейді.

Белдін облыс аумағына қонысып жатқан жерлерде жыланның 3 түрі мекендейді: оқжылан, сужылан және торғолақты сырғыма жылан, олар Республиканың Қызыл кітабына енгізілген, және кесірткенің арқалы түрлері бар.



В горах обитает поголовье джейранов, муфлонов. Там же встречаются стада сайгаков. В Красную книгу занесены животные, обитающие в нашей области: длиннохвостый еж, индийский дикобраз, каракал, манул, перевязка, джейран, барханный кот, устюртский муфлон, гепард, который стал редким гостем. Из хищных млекопитающих на территории области можно встретить волка, лису, корсака, семейство куньих: светлый хорь, перевязка, ласка, из кошачьих - барханный кот. Из хищных птиц обитают канюк-курганник, степной орел, орел-могильник, иногда беркут, степная пустельга, из куриных - кесяк, кулик.

Из числа пресмыкающихся на территории нашей области обитают различные виды ящериц и 3 вида змей: стрелка, водянка и четырехполосый полоз, который занесен в Красную книгу Республики.

Қорытынды

Осымен қорытындылай келе Маңғыстау облысындағы туризм дамудың бастапқы кезеңінде келеді. Маңғыстау туризмі ішкі және сыртқы базарларда демалу орны ретінде танылып отыр.

Осы уақытта барлық жан жақты анализдің шешімі бойынша мамандардың жүргізілуіне, Маңғыстау облысы жақсы табиғатымен және мәдени жағдайымен халықаралық туризмде басқа елдермен сыбайласа алады.

Қазіргі кезде Маңғыстау облысындағы туризмнің дамуы 2015 жылға жоспарланып отыр. Бұлар болашақта «Кендірлі қаласын» салумен байланысты болып отыр.

Маңғыстау облысы мұнай өнеркәсібімен белгілі болып отырса, енді болашақта туризм орталығы есебінде танымақ. Жалпы қазіргі кезде шетелдерде туристік конференцияларда, Қазақстан атынан Маңғыстау облысындағы «Кендірлі демалыс» курорты танылып отыр.

Ұшы – қиыры жоқ көгілдір теңіздер толқыған көкорай шалғын. Өзен, көлдер мен бұлақтар жағасын көмкерген қалың қамыс пен құрақ, шөл мен құмда өскен ну сексеуіл. Сыңсығын орман - тоғайлардағы неше түрлі зәулім қарағай, қайың, бәйтеректер. Бұдан жиырма жыл бұрын өсімдіктерден төрт мың түрлі бұйымдар жасалынса, қазіргі кезде олардан жиырма мың түрлі тұрмысқа қажетті заттар өндіріледі.

Қазақ даласын бір кезде Шоқан былай суретеді: «Онда аңдар мен құстардың арасында да еркіндік пен шаттық бар. Кең арналы өзен, айдын көл сулары мөлдірей ағып, ақырын ғана толқиды: үйрек, қаз, аққулар су бетіне көлбеңдеу жүзіп, көз тартады. Бәрі жанды сүйсіндіріп жарасып-ақ тұр... Біреуде біреудің ісі жоқ. Шағала шырқай ұшып, көк күмбезіне емін-еркін сүңгіп жүр. Даланың бозторғайы биіктен әнін шырқап әлсіз ғана қағады. Қысқасы қайнаған бір өмір. Теңізде шексіз жатқан дала мың түрлі шөп жамылған. Жайқалған жіңішке, нәзік майда гүлдер жайылған дастарғандай. Жел лебіне шөптер бірдей ырғалып, қырын сыбдыр қағады! Айнала қайнаған өмір: гүлден -гүлге ұшып - қонып жүрген аралдар көмелектер». Ал Мұхтар Әуезовтың «Тыныш түннің боз көделі даласы сыбдырсыз, үнсіз құбылып толқып жатқандай. Ай астында ақшыл дала қызусыз-жарықсыз бір бұлдыр сәуле сездіреді. Фосфор сәулесіндей емес сәуле. Жусан, тарлау, қазотының иістері де ауық - ауық демді шалады» деген сөзінде ғажап табиғат сыры бар!

Ақындар мен жазушылардың қаламынан туған шығармаларды оқығанда жасыл әлем осылайша тілге орала береді. Еліміздің алуан түрлі шөппен ағашы, ойы мен қыры, даласы мен тауы жыр мен күйдің арқауы болып келеді, бұдан былай да бола береді.

Ақынның өлеңі, композитордың музыкасы, жазушының әңгімесі суретшінің қыл қаламынан туған көрініс, бәрі де табиғатпен тығыз байланысты. Бетховеннің «Айлы сонатасындағы» кешкі бақтың көрінісі, Листің музыкасындағы орман дауылының екпіні, Шопен мен Рахманинов жазған прелюдиялардағы үзілген жапырақтардың болар-болмас сыбдыры өсімдік құбылыстарының музыка тілі арқылы берілген бейнелері. Өсімдік қалың

өскен жерде дем алғаныңызда адамның күш-қуаты, еңбекке деген қаблеті бірден тұрады. Көңіл күйі жақсарып, эстетикалық талғамы күшейе түседі. Адам неше түрлі тамаша творчестволық оймен қанағаттанады. Осыған байланысты П. И. Чайковскийдің «Мен ештеңе шығарғаным жоқ, тек қана орман – тоғайдың шуылын, ағаштың сықырын, оның басын сипап өткен желдің сыңсуын ғана жазып отырдым» дейтіні де сондықтан болса керек. Левитан мен Репинің салған картиналары ашық аспанда күн сәулесіне шомылған қалың орманды, кең даланы, жайқалған егінді, көлбеу аққан өзенді елестетіп, жүрек күйін шертіп, өзің туған өскен жеріңді көргендей, аралап жүргендей әсер етеді. Сондықтан да жасыл әлемді – творчествоның қайнар көзі деп атайды. Ол орынды да. Біздің жер деп аталатын планетамыздың күн системасындағы басқа планеталардан артықшылығының өзі де осы жасыл әлемнің барлығы мен байлығында. Өсімдік дүниесінің арқасында ғана тіршілік пайда болады.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Буренков В.М. Маңғыстау. Алматы: Қайнар, 1986.
2. Тлепов С. Страниун истории Мангышлака. Казакстан. А- Ата. 1980.
3. Чигаркин А.В. Памятники природы казакстана, А-Ата. Кайнар, 1980.
4. Блинский А. Непроиденная пустыня. Алма-Ата. Жазушы. 1981.
5. Белов В. Мангышлак – солнечная земля. М., Политиздат, 1981.
6. Кадырбаев М.К. Исследование кургана с каменными грядами в Джамбульской области на р. Коктал/Вестник АН Казакской ССР. А. 1959/вып. 7. 93-94 беттер.
7. Штерн Э. Фон. К вопросу о происхождении «готского стиля» ювелирного искусства. ЗООИД. Одесса. Т.20.1897. 1-15 беттер.
8. Засецкая И.П. Көрсетілген шығ. 105-107 беттер.
9. Қазақстан тарихы. 1994.
10. Ұлы Жібек жолы және орта ғасырлық Қазақстан. Алматы. 1992.
11. Серікбол Қондыбай. Маңғыстау – Үстірттегі орта ғасырлық қамалдар. //Алтын Орда. 3.08.2001ж.
12. Галкин Л.Л. Отчет 1980г.
13. Галкин Л.Л. Отчет о работах по хоздоговору от 02.01.1990г. По теме «Исследование, паспортизация, составление научно-справочных статей по памятникам, археологии Гурьевской, Актюбинской, Уральской и Кызыл-Ординской областях. КАЗ. ССР. В 1990-1994 г.г. г. Алматы, 1990г.
14. Самашев З. Краткий отчет 1996 г. Археологический поиск В Арало-Каспийском междуморье.
15. Галкин Л.Л. Отчет о работах по хоздоговору от 02.01.1990г. По теме «Исследование, паспортизация, составление научно-справочных статей по памятникам, археологии Гурьевской, Актюбинской, Уральской и Кызыл-Ординской областях. КАЗ. ССР. В 1990-1994 г.г. г. Алматы, 1990г.
16. Маңғыстау энциклопедия. А. 1997ж. 368 бет.
17. Жанболат Әлиханұлы (Ауыпбаев). Елім менің ертегі. Астана. 2003ж. 172 бет.
18. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Л., 1924г. С.21.
19. Бекет ата. Қ. Сыдықов. А., 1994ж. 128 бет.
20. Отчет Западно-Казакстанской археологической экспедиции АНКаз ССР за полевой сезон 1990 года. (Работа Мангышлакского отряда) стр. 65.); Иванин М.И. поездка по полуострову. Мангышлак в 1846 году. //Зап.РГО.1847г. Кн.2.
21. Борнислав Залесский. Қазақ даласының өмірі. Астана. 2003ж. 120 бет.
22. Отчет Западно-Казакстанский... 1990г. стр. 65-71.
23. Жанболат Әлиханұлы (Ауыпбаев). Елім менің ертегі. Астана. 2003ж. 174 бет.
24. Галкин Л.Л. Отчет о работе Вольгоз- Уральской экспедиции Института археологии АК.ССР в 1982г. в Северо-Восточном Прикаспии // Архив Института археологии АНРК. Без. Инв. №.
25. Әбіш Кекілбаев «Жер кіндігі атанған өлке»
26. «Саулет өнері және сәулетшілік» Ақтау 2005
27. Н.Назарбаев «Қазақстан – 2030»

28. География және табиғат журналы, 2005 жылы
29. Маңғыстау облысының статистика басқармасы
30. Маңғыстау облыстық табиғатты пайдалану жөніндегі басқармасы, журнал
31. «Маңғыстау энциклопедия» Алматы «Атамұра» баспасы, 1997 ж.

М А З М Ұ Н Ы

Алғы сөз.....	3
Кіріспе.....	4
I тарау. МАҢҒЫСТАУ АЙМАҒЫНДА - ТУРИЗМДІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ	
1.1. Маңғыстау аймағында - туризмді дамыту жолдары.....	5
1.2. Табиғи туристік рекреациялық ресурстар.....	11
1.3. Туристік тарихи-мәдени рекреациялық ресурстар	17
1.4. Маңғыстау жертарабы.....	23
1.5. Маңғыстау аймағындағы «Жер-Теңіз-Аспан» мега-жобасы.....	27
1.6. Аймақта туризмді дамытудың болашағы мен проблемалары.....	29
1.7. Өлкенің тарихи-мәдени ескерткіштері.....	36
II тарау. АЙМАҚТАҒЫ КЕНДІРЛІ КУРОРТЫ	
1.8. Аймақтағы Кендірлі курорты.....	52
1.9. Кендірлі демалыс курорттық аймағының даму жобасы.....	55
2.1.«Ақтау-Сити».....	59
III тарау. МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ЭКОТУРИЗМ	
2.3 Маңғыстаудағы экотуризм.....	63
2.4. Аймақтағы туристік фирмалар қызметтерінің негізгі көрсеткіштері.....	72
2.5. Қысқаша әдістемелік түсініктемелер.....	76
2.6. Қосымшалар (аймақтағы экотуризм жорықтары).....	77
Қорытынды.....	89
Пайдаланған әдебиеттер.....	91

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 95 бет 8 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.